

92

Қазақстан  
**КОММУНИСТІ**

---

4-6

АПРЕЛЬ

1960


А Л М А Т Ы

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

92



Portrait of a man in a suit and tie, likely a historical figure, rendered in a halftone or dithered style.



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

— — —  
XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 4

А П Р Е Л Ъ

1960

## М А З М У Н Ы


БАС МАҚАЛА — Ленинизм — жеңістер туы . . . . .	3
Қазақстан партия ұйымдарының келелі міндеттері . . . . .	11
В. И. ЛЕНИННІҢ ЖАҢА ДОКУМЕНТТЕРІ . . . . .	18
Н. ЖАНДІЛДИН — Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты	23
С. БӘЙІШЕВ — Советтік Қазақстан туралы лениндік қамқорлық . . . . .	32
С. МҰҚАНОВ — Тамшыдан дария . . . . .	39
Н. ҚИІҚБАЕВ — Ұлт мәселесінің данышпан теоретигі . . . . .	43
Т. ЖАНКЕЛДИН — Маркстік диалектиканы дамытқан кемеңгер . . . . .	49
А. ПАРФЕНОВ — Басшылықтың лениндік стилін меңгере берейік . . . . .	55
Ұ. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ — Социалистік мемлекет жөніндегі лениндік ілімнің іске асуы . . . . .	61
Қ. СЕРІҚБАЕВ — В. И. Ленин партиялық, мемлекеттік тәртіп туралы	67
Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ — В. И. Ленин туып өскен, болған жерлерде . . . . .	71
Х. ЖАБАСОВ — Ұлы көсемнің шығармалары қазақ тілінде . . . . .	75
В. И. ЛЕНИН ТУРАЛЫ . . . . .	79



## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Ленинизм — знамя побед . . . . .	3
Претворим в жизнь решения X съезда КП Казахстана . . . . .	11
НОВЫЕ ДОКУМЕНТЫ В. И. ЛЕНИНА . . . . .	18
Н. ДЖАНДИЛЬДИН — Торжество ленинской национальной политики . . . . .	23
С. БАИШЕВ — Ленинская забота о Советском Казахстане . . . . .	32
С. МУКАНОВ — По заданию Ильича . . . . .	39
Н. КИИКБАЕВ — Великий теоретик и знаток национального вопроса . . . . .	43
Т. ЖАНГИЛЬДИН — Дальнейшее развитие В. И. Лениным марксистской диалектики . . . . .	49
А. ПАРФЕНОВ — Овладеть ленинским стилем руководства . . . . .	55
У. КУДАЙБЕРГЕНОВ — Осуществление ленинских идей о социалистическом государстве . . . . .	61
К. СЕРИКБАЕВ — В. И. Ленин о партийной и государственной дисциплине . . . . .	67
К. СУЛЕЙМЕНОВ — По ленинским местам . . . . .	71
Х. ЖАБАСОВ — Произведения В. И. Ленина на казахском языке . . . . .	75
О В. И. ЛЕНИНЕ . . . . .	79

★



# ЛЕНИНИЗМ—ЖЕҢІСТЕР ТУЫ

Ұлы Отанымыздың халқы, басқа социалистік елдер халықтары, дүние жүзіндегі барлық елдің еңбекшілер бұқарасы 22 апрель күнін ерекше мерекеледі. Бұл күні бүкіл жер шары еңбекшілерінің ұлы кеменгер көсемі, жеңімпаз партия — Совет Одағы Коммунистік партиясын ұйымдастырып, мәпелеп өсірген, тұңғыш социалистік мемлекет — Совет мемлекетін құрып, оның бірінші басшысы болған дана революцияшыл Владимир Ильич Лениннің туғанына 90 жыл толды.

Адамзат қоғамы дамуының әрбір кезенді дәуірінде заманның талап, тілектеріне сәйкес жаңа қоғамдық идеялар, ой-пікірлер, ілімдер, соны теориялар туып отырады. Олар сол жаңа дәуірдің құбылыстарын, тарихи қажеттерін бейнелейді. Бұл жаңа идеялар мен теориялар өзгерген дәуірді неғұрлым дұрыс та толық бейнелейтін болса, дамудың тарихи барысына олардың ықпалы да солғұрлым күшті болмақшы.

Жаңа тарихи дәуірде, капиталистік өндіріс тәсілі кемеліне келген кезде туған тап — жұмысшы табының революцияшыл теориясы ретінде марксизм жарыққа шықты. Марксизм, буржуазияшыл ғалымдардың дегеніндей, кездейсоқ пайда болған нәрсе емес, ол әуел бастан-ақ жаңа заманның талап-тілектеріне сай туды. Маркс пен Энгельс өздерінің революцияшыл ілімін капиталистік қоғамның болашағы орасан зор жасампаз табы — жұмысшы табына, оның өскелең революцияшыл қозғалысына сүйеніп жасады.

Капитализм өзінің дамуының ең жоғарғы да соңғы сатысына аяқ басқан кезде — империализм дәуірінде қоғамдық, әлеуметтік жаңа құбылыстар пайда болды: капитализмнің барлық ішкі-тысқы қайшылықтары мейлінше шиеленісе түсті, әсіресе таптық қайшылықтың күшеюі пролетарлық революцияны нақты, шұғыл міндет ретінде алға қойды; ірі капиталистік елдер арасындағы қайшылықтың шиеленісуі империалистік соғыстарға әкеліп соқтырды. Бұл да еңбекшілер бұқарасының империалистік, басқыншылық соғысқа, мешеу дамыған халықтарды, әлсіз де бай елдерді талап-тонауды, езіп-қанауды күшейтуге бағытталған соғысқа қарсы күресі мен наразылығын туғызды, сөйтіп революциялық қозғалыстың кең өріс алуына әсер етті.

Қоғамдық дамудың міне осындай жаңа дәуірінің талап-тілектеріне сай объективті және тарихи қажеттілік ретінде ленинизм туды. Ленинизм — пролетарлық революциялар, социалистік және коммунистік құрылыстар заманындағы марксизм, бұл жаңа заманға сәйкес марксизмнің онан әрі дамып, баюы. Барлық халықтардың данышпан көсемі, кең арналы революцияшыл ақыл-ойдың иесі ұлы Ленин марксизмді империализм дәуіріне орай творчестволықпен дамытты, оны толып жатқан ғылыми қағидалармен байытты, қоғамдық дамудың жаңа сатысына тән заңдылықтарды ашып, тұжырымдады.

В. И. Ленин өз дәуіріндегі ғылыми жетістіктерді, қоғамдық жаңа құбылыстарды терең зерттей отырып, марксизмнің барлық құрамды бөліктерін де, атап айтқанда, саяси экономияны, ғылыми коммунизмді және философияны жанжақты дамытты. Сөйтіп бүкіл марксизмді жаңа да жоғары сатыға көтерді. Жұмысшы табының қуатты қозғалысын,

оның партияларын социалистік революцияның жаңа теориясымен қаруландырды. Социалистік революцияның тұңғыш елі — Совет елінің халықтарына социализм орнатып, коммунизмге қарай алға баса берудің ғылыми программасын жасап берді және оны жүзеге асырудың алғашқы айқын жолдарын көрсетті.

В. И. Ленин асқан даналықпен байытып, тереңдете түскен марксизм өзінің өмірге жанасымдылығын, қоғамдық дамудың барысын шынайы бейнелейтінін соңғы жарты ғасыр ішінде іс жүзінде дәлелдеді. Дүниежүзілік бірінші соғыс, Россияда социалистік революцияның жеңуі, дүниежүзілік екінші соғыс, Европа мен Азияда бірсыпыра елдің қоғамдық дамудың капиталистік жолынан шығып, социалистік жолына түсуі, шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасының құрылуы, ұлт-азаттық қозғалысының мейлінше күшейіп, империализмнің отар системасының ыдырауы — міне бұл ұлы оқиғалардың бәрі марксизм-ленинизмнің іс жүзінде, нақты өмірде толық салтанат құрғанын және жеңіске жетіп келе жатқанын көрсетеді.

Міне бұларға қарамастан, буржуазияның ақылгөйлері, жалдама ғалымдары марксизмді жоққа шығару жолында әлі де болса жанталаса күресіп келеді. Кәзір олар марксизмді тікелей бірден жоққа шығару мүмкін болмағандықтан жанама жолдарға түсті. Оның бірі — марксизм «ескірді» деген ертегі-аңыз. Олар: кәзіргі капитализм марксизм туған кездегі капитализм емес, түбірінен өзгеріп, жаңарған капитализм, сондықтан марксизм де ескірді, маркстік теория «жаңа» капитализмге сай емес деп бөседі.

Рас, капиталистік қоғам өзінің дамуының жоғарғы сатысына — империализмге шыққан кезінде бірсыпыра жаңа сипатқа ие болды: бұрынғы еркін бәсекенің орнына монополия үстемдігі орнады, өндіріс орасан зор көлемде шоғырланып, капиталистер одақтары (монополиялар) құрылды, олар өздерінің күшіне, капиталына қарай дүние жүзін өзара бөлісіп отыратын болды, осыған байланысты империалистік соғыстардың ауық-ауық болып тұру қаупі күшейді, ал дүние жүзінің территория жағынан бөлінуі толық аяқталды; өнеркәсіп капиталы банктік капиталмен ұштасып, финанс капиталының үстемдігі орнады т. б.

Бірақ бұлар капиталистік қоғамның негізгі даму заңдарына ешқандай өзгеріс енгізген жоқ, оның негізгі ішкі-тысқы қайшылықтарының бірде-біріне нұқсан келтірген жоқ, қайта оларды онан әрі шиеленістіре түсті. Капиталистік қоғамның түп-тамыры — өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктену, соның негізінде пайда болған әлеуметтік, ұлттық теңсіздіктердің бәрі де ешбір шетінеген жоқ.

Ұлы Лениннің асқан даналығы мен көрегендігі сонда, ол капитализмнің жаңа дәуірін жанжақты, терең зерттеп, оның өзіне тән өзгешеліктерін, даму заңдылықтарын ашты, сөйтіп марксизмнің үздіксіз дамып, алға басып отыратынын, догматизмнің, кертартпалықтың, жаттампаздықтың қандай түріне болса да оның ешбір жол бермейтінін іс жүзінде көрсетті.

В. И. Ленин ашып негіздеген империализм дәуіріне тән өте маңызды заңдылықтардың бірі — капиталистік елдердің әркелкі даму заңы. Капитализм тұсында жеке кәсіпорындардың, өндіріс салаларының, экономикалық аудандардың әркелкі дамуымен бірге капиталистік елдер де әркелкі дамиды, яғни олар бірін бірі шапшаң қуып жетіп, басып озып отырады, секірмелі дамиды. Осы себепті жұмысшы табының саяси сана сезімі мен революциялық қозғалысы да әртүрлі елде әрқилы өсіп, өркендейді. Ленин қоғамдық дамудың бұл заңына сүйеніп, социалистік революцияның капиталистік елдердің бәрінде немесе көбінде бірден жеңуі мүмкін емес, ол алдымен жеке бір елде немесе бірнеше елде жеңеді деген тамаша қорытындыға келді. Мұның өзі социалистік революцияның бірден-бір ғылыми теориясы еді. Лениннің бұл теория-

сының даналығы мен шынайылығын дүниежүзілік революциялық қозғалыстың соңғы жарты ғасырдағы бай тәжірибесі толық дәлелдеді.

Ленин жұмысшы табының алдыңғы қатарлы бастаушы және басқарушы күші партияны социалистік революция теориясымен қаруландырумен бірге, оны жаңа қоғам орнатудың нақты программасымен де қаруландырды. Елімізде ірі капиталистік меншікті жойып, социалистік қоғамдық меншік орнату күресі Совет үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Лениннің өзінің тікелей басшылығымен жүзеге асырылды. Фабрикалар мен заводтар, темір жолдар мен су жолдары, байланыс құралдары, банктер қоғамдық меншікке айналды, жер оның қойнауындағы байлық бірден халық меншігі болып жарияланды.

Жаңа социалистік экономиканы тез өсіріп, нығайтуда Лениннің өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін, яғни ауыр өнеркәсіпті, оның күре тамыры машина жасау өнеркәсібін ұдайы оздыра өркендету жөніндегі ілімінің маңызы ерекше зор болды. Партия бұл ілімді басшылыққа ала отырып, машиналы индустрияны ұдайы оздыра өркендетуді өзінің бүкіл шаруашылық саясатының сара жолы деп білді. Тек осы сара жолдан таймаған күнде ғана еліміздің экономикалық күш-қуатын жедел арттыруға, халықтың әл-ауқат және мәдениет дәрежесін тез көтеруге болатын еді. Практикада, нақты өмірде осылай болып та келеді. Қырық жыл ішінде елімізде өнеркәсіптің жалпы өнімі 36 есе өскен болса, оның ішінде ауыр өнеркәсіп өнімі 83 есе артты, ал машина жасау өнеркәсібінің өнімі 240 есе ұлғайды. Мұның арқасында тарихи қысқа мерзім ішінде-ақ еліміздің социалистік экономикасы қарыштап өсті, халықтың әл-ауқат, мәдениет дәрежесі күрт көтерілді, Отанымыздың қорғанымпаздық қуаты нығая түсті.

Ұлы Лениннің жеке ұсақ шаруаларды кооперативтендіру арқылы ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жөніндегі ілімі де өзінің дұрыстығын практикада толық ақтады. Жеке шаруаларды жаппай коллективтендірудің арқасында социализм ауыл шаруашылығында да салтанат құрды, қалың кедей шаруалар бұқарасы қанаудан, аштық пен жалаңаштықтан құтылды, ауқатты, мәдениетті жаңа тұрмыс құра бастады. Ал кәзіргі кезде партия мен үкімет жүзеге асырған ауыл шаруашылығын мықтап көтеру жөніндегі маңызды шаралардың нәтижесінде ауыл-село еңбекшілерінің тұрмыс және мәдени жағдайы үздік жақсара түсті.

Қоғамдық дамудың жаңа талап-тілектеріне кезінде дұрыс жауап беріп отыратын революцияшыл ілім ретіндегі ленинизм бір орнында қатып-семіп қалмайды. Ол үздіксіз дамып, жаңа теориялармен, қағидалармен ұдайы байып отырады. Оны ұлы Лениннің серіктері мен шәкірттері, жұмысшы табының маркешіл-лениншіл партиялары, олардың жетекшілері творчестволықпен тынбай дамытып келеді. Ленинизмді дұрыс қолданып, оны творчестволықпен дамытудың тамаша үлгісін Совет Одағы Коммунистік партиясының соңғы съездері мен пленумдары көрсетті. Партияның тарихи ХХІ съезінің қарарларында, Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған баяндамасында социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің бірсыпыра теориялық және практикалық мәселелері қаралып, шешілді. Съезде еліміздің халық шаруашылығын, социалистік мәдениет пен ғылымды өркендетудің жетіжылдық жоспары қабылданды. Қазір оны совет халқы елімізде коммунистік құрылысты кең өрістетуге жүргізудің алғашқы нақты программасы деп біліп, ерекше күш-жігерімен іске асыруда.

Біздің елде коммунистік қоғамның алғашқы төменгі сатысы социализм орнады. Енді социалистік Отанымыз коммунизмнің жоғарғы сатысына қарай алға басып барады. Социализмнен коммунизмге өту жолы—соны жол, коммунистік қоғам орнатудың тәжірибесі әлі ешкімде жоқ. Коммунизмнің тарихи даму практикасында сыннан өтпе-



ген, тіпті әлі белгісіз жәйттер де бар. Партияның ХХІ съезі социализмнен коммунизмге өту программасын қабылдай отырып, коммунистік қоғамның екі сатысы жөніндегі маркстік-лениндік ілімді онан әрі дамытты.

В. И. Ленин социализм толық кемеліне келіп, нығайып алғаннан кейін ғана қоғам коммунизмге өтуге мүмкіндік алады, деп үйреткен болатын. Социализм мен коммунизм — бір қоғамдық құрылыстың екі сатысы. Олардың арасында тұрған терең ор жоқ. Қоғам социализмнің барынша өсіп өркендеуі, нығаюы негізінде біртіндеп коммунизмге өтеді. Коммунизм өркендері социализмнің өсіп нығаюы барысында туып жетіледі.

Социализмнен біртіндеп коммунизмге өту барысында қоғамның өндірістік, әлеуметтік, таптық, мәдени жағдайларының бәрі де өзгеріп, жаңа сапалы сипат ала береді. Бұлардың ішіндегі ең өзектісі — қоғамның өндірістік мүмкіндігінің орасан зор көлемде өсуі. Сондықтан да партияның тарихи ХХІ съезі елімізде коммунистік құрылысты кең өрістетуге жүргізудің шешуші де нақты міндеті ретінде коммунизмге сай өндірістік-техникалық база жасау мәселесін алға қойды, бүкіл халықтың назарын осы мәселені неғұрлым жедел шешуге аударып отыр.

Қоғам мүшелері еңбегінің мейлінше өнімді болуы, алуан түрлі материалдық және рухани игіліктердің мол өндірілуі негізінде ғана коммунизмге өтуге болады. Тек сонда ғана қоғам социализмнің «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принципінен коммунизмнің «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге қажетіне қарай» деген принципіне көше алады. Тек сонда ғана жұмыс уақытын неғұрлым қысқартуға, қоғам мүшелерінің мәдени-техникалық дәрежесін үздік көтеруіне, олардың ғылыммен, әдебиетпен, көркемөнермен, дене тәрбиесімен еркін шұғылдануына мүмкіндік туады. К. Маркс айтқандай адамның барлық талантын жанжақты өркендетуіне жағдай жасалады. Бұлардың бәрінің материалдық арқауы — коммунизмнің өндірістік техникалық базасы.

Коммунизмнің өндірістік техникалық базасын жасау, Н. С. Хрущев жолдастың атап-атап көрсеткеніндей, ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтарына негізделген машиналы өнеркәсіпті өркендетуді, бүкіл елді жаппай электрлендіруді, өндіріс жұмыстарының барлық түрін де толық механикаландырып, автоматтандыруды, табиғи байлықтарды мейлінше кең де тиімді пайдалануды, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеруді, осылардың негізінде еңбек өнімділігін үздік арттыруды көздейді. ХХІ съезд қабылдаған жетіжылдық жоспар осы айбынды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

Елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістетіле жүргізілуі барысында қоғам мүшелері арасындағы таптық, әлеуметтік айырмашылықтар біртіндеп жойылады. Сол сияқты колхоз-кооператив меншігінің қоғамдастырылу дәрежесінің үздіксіз көтерілуі, барлық еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің артуы негізінде қала мен деревня, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар да жойылады. Бұлардың нәтижесінде әркімнің жұмсаған еңбегінің мөлшерін кәзіргідей жанама жолмен — ақша арқылы емес, тікелей жұмыс уақыты арқылы өлшеуге болады. Сөйтіп, ақша арқылы айырбастан тікелей өнім алмасуға көшуге де мүмкіндік туады. Ал мұндай дәрежеге, яғни коммунизмнің жоғарғы сатысына социализмнің негізгі принциптерін барынша жанжақты дамыту, оларды мейлінше толық та дұрыс қолдану жолымен ғана жетеміз. Атап айтқанда, социализмнің бөліс принципін, әркімнің өз еңбегі нәтижесіне ынталы болуын берік сақтап, шыңына жеткізе дамыту керек. Тек сонда ғана коммунизмнің бөліс принципіне сәйкес алғы шарттар жасалады. Лениндік бұл тамаша заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия соңғы

жылдарда барлық еңбекшілердің, оның ішінде колхозшы шаруалардың өз еңбегіне материалдық жағынан ынталы болуын арттыра түсу жолында бірсыпыра нақты шараларды жүзеге асырды.

Елімізде коммунистік құрылысты өрістете жүргізудің саяси тірегі, аса маңызды құралы — Совет мемлекеті. Ұлы Ленин кезінде түрлі түсті оппозицияларға, ревизияшылдарға қарсы қатал күрес жүргізіп, пролетариат диктатурасы, социалистік мемлекет туралы маркстік ілімді жанжақты дамытты, социалистік революция жеңісімен-ақ мемлекет жойыла бастайды деген коммунизм ісіне өте зиянды көзқарасты күл-талқан етті. Социалистік революция жеңгеннен кейін құрылған жаңа мемлекет — пролетариат диктатурасы бірден өліп-өшпейді, қайта неғұрлым нығая түседі, өйткені ол социалистік құрылысты табысты жүргізудің, социалистік экономика мен мәдениет жасаудың басты құралы деп үйретті Ленин. Ол социалистік мемлекеттің еңбекшілерге ең жақын, ең түсінікті, ең бұқаралық және демократияшыл түрі ретінде Советтерді ашты. Социалистік елдерде мемлекеттік формалардың әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың мазмұны бір болады — бәрі де пролетариат диктатурасы болып табылады деп тұжырымдады.

Социалистік мемлекет жөніндегі лениндік ілімнің даналығы мен шынайылығын ұлы Отанымыздың, басқа социалистік елдердің тәжірибесі іс жүзінде толық дәлелдеп берді. Лениндік ілім негізінде Коммунистік партия елімізде советтік мемлекетті мейлінше нығайта беру арқылы ғана коммунистік қоғам орнату міндетін алға қойды. Рас, социализмнен біртіндеп коммунизмге өткен сайын мемлекеттің атқаратын қызметі мен міндеттері өзгере береді, олардың бірсыпырасы қоғамдық ұйымдар қарамағына біртіндеп ауыса береді. Бірақ мұнан советтік мемлекеттің коммунистік құрылыстағы ролі мен маңызы кемімейді.

Ұлы Лениннің шаруашылықтың екі системасының — капиталистік система мен социалистік системаның бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі қағидасының да дүниежүзілік тарихи маңызы өте зор. Капиталистік елдердің әркелкі даму заңы негізінде Ленин жеңген социализм елдері мен капиталистік елдер белгілі уақыт бойы қатар өмір сүруге тиіс болады деген қорытындыға келген болатын. Лениндік бұл тамаша қағида кәзіргі уақытта жұмысшы табының маркстіл-лениншіл партияларының, бейбітшілік сүйгіш барлық халықтардың дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату жолындағы күресінің туы болып отыр.

Соғысқұмар империалистік топтар, соғыстар кезінде байып алған пайдақұмар ірі монополиялар, олардың сойылын соғып, жоғын жоқтаушылар кәзір бейбітшілікпен қатар өмір сүру идеясын жоққа шығару немесе оның мән-мазмұнын бұрмалау жолында жанталаса күресіп келеді. Олар алдымен бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік идеяның өңін айналдыруға тырысады. Коммунистер капиталистік елдерді бейбітшілік жағдайда қатар өмір сүруге, экономикалық жарысқа шақыра отырып, түбі коммунизм жеңеді, ақырында бүкіл дүние жүзінде коммунистік қоғам орнайды деген тұжырымнан бас тартпайды. Мұның өзі коммунизмнің «агрессияшыл» екенін көрсетеді деп байбалам салады олар. Сөйтіп, коммунизмге мүлде жат, қайдағы бір жоқ «агрессияшылдықты» өздерінің соғысқұмар, күш көрсету саясатына желеу етпекші болады.

Капитализм мен коммунизмнің бейбіт экономикалық жарысында коммунизмнің жеңісті болатыны сөзсіз ақиқат. Бұл — адамзат қоғамының даму заңдарына, коммунизмнің капитализмнен үздік артықшылықтарына негізделген нағыз шындық, объективті қажеттілік. Бұл шындықтан лениншілдер бас тартқан емес, ешуақытта бас тартпайды да.

Ұлы Лениннің табанды, дәйекті шәкірттерінің бірі Никита Сергеевич Хрущев жолдас буржуазия итаршыларының коммунизмге

жапқан бұл жаласына тиісті жауап беріп жүр. «Коммунизм, — деді Н. С. Хрущев жолдас Индонезияның Жокьякарта университетінде сөйлеген сөзінде, — ұлы мақсат, ұлы идея. Идеяларды күшпен қабылдатуға болмайды, сондай-ақ ол идеяларды ешқандай күшпен, ешқандай құралмен тежеп отыруға да болмайды. Коммунизм — өмірдің нақ өзі: адам өмір сүрген жерде идеялар да өмір сүреді. Коммунизмге, идеяларға ешқандай шек қойып, оқшау қалуға болмайды. Коммунизмнің идеяларынан күн сәулесінен жасырынатын жарқанат сияқты жасырынып қалуға болмайды. Коммунизмді мойындауға немесе мойындамауға болады, бірақ бұл ілім өмір сүріп отыр және жеңімпаздықпен онан әрі дамып келеді».

Лениндік ілімнің бай қазынасынан ұлт, ұлт-азаттық қозғалыс мәселесі де белді орын алады. В. И. Ленин ұлт мәселесінің асқан білгірі, шын мәнісіндегі маманы болды. Көп ұлтты Россия мемлекетінің жағдайы, патша өкіметінің ұлттарды езіп, қанау саясатын жүгенсіз жүргізуі, Коммунистік партияның ұлт мәселесін дұрыс шешуді өз программасының басты бір талабы етіп қоюы — міне мұның бәрі Ленинді ұлт мәселесін терең зерттеп білуге мәжбүр етті. Ұлы Ленин өзіне жүктелген бұл тарихи міндетті абыроймен орындап та шықты. Ол ұлт мәселесін ең өзекті жерінен ұстады, ұлт-азаттық қозғалысы мәселесін социалистік революцияның резерві ретінде алып отаршылдықты мүлде жою жолындағы күреспен, әрбір халықтың басым көпшілігі болып отырған шаруалар бұқарасының көкейтесті мәселесі — жер мәселесімен бірге қарады. Сөйтіп дұрыс та әділ шешімге келді. Коммунистік партияны ұлт мәселесі жөніндегі нақты, сындарлы программамен қаруландырды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі тамаша ілімін көп ұлтты социалистік Отанымыз жағдайында дұрыс та шебер қолданудың үлгісін көрсетіп келеді. Совет өкіметі революцияның алғашқы күндерінде-ақ ұлы Лениннің өзі қол қойған декретпен еліміздегі барлық ұлттар мен халықтардың тең праволылығын, ұлттық еркіндігін жариялады. Іргелі ұлттар мен халықтар одақтас, автономиялы республика болып құрылып, советтік социалистік республикалардың ұлы одағына өз ықтиярымен бірікті. Социалистік құрылыстың барысында еліміздегі барлық халықтардың өзара берік ынтымағы, туысқандық көмегі, әсіресе аға халық — ұлы орыс халқы тарапынан көрсетілген қалтқысыз достық көмектің арқасында, бұрын мешеулеп қалған халықтардың бәрі де шын мәнісінде гүлденіп, көркейді, тарихи қысқа мерзімде социалистік экономика мен мәдениетке ие болды. Олардың бірсыпырасы, оның ішінде біздің Қазақстан жартылай феодалдық-рулық құрылыстан қоғамдық дамудың капиталистік сатысын аттап өтіп, тікелей социализмге ұштасты. Сөйтіп артта қалған халықтардың алдыңғы қатарлы халықтар көмегімен капитализмге соқпай, тікелей социализмге ұласу мүмкіндігі жөніндегі лениндік қағиданың даналығын нақты өмірде дәлелдеп берді.

Еліміздегі социалистік құрылыстың барысында, партияның лениндік дана ұлт-саясатының салтанат құруы нәтижесінде жанжақты көркейіп, гүлдене түскен халықтардың бірі — қазақ халқы. Қазақстанның, оның халқының революцияға дейін қандай жағдайда болғаны жұртқа мәлім. Ал кәзіргі Қазақстан түп-тамырымен өзгерген, социалистік шаруашылығы шалқыған, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті марқайған Қазақстан. Қазақ халқы еліміздегі барлық туысқан халықтардың, әсіресе ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегімен тарихи қысқа мерзімде-ақ алдыңғылар қатарына қосылды. Сөйтіп, кәзір коммунизмнің салтанатты сарайын тұрғызып жатқан социалистік ұлттардың туысқан, тату-тәтті ұлы одағында өзіне лайықты орын алып отыр.

Лениндік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, партия, Совет мемлекеті одақтағы барлық республикаларда сияқты Қазақстанда да

өндiргiш күштердi жедел өсiрiп, өркендету, соның негiзiнде еңбекшiлердiң әл-ауқат, мәдениет дәрежесiн тынбай көтере беру жолында көптеген игiлiктi iстердi жүзеге асырды. Республиканың мол табиғи байлығын кең ашып, шапшаң пайдалану мiндетiне баса көңiл бөлiндi. Халық шаруашылығының жетекшi саласы—өнеркәсiптi, оның iшiнде ауыр өнеркәсiптi оздыра өркендету мықтап қолға алынды. Мұның нәтижесiнде өнеркәсiптiң жалпы өнiмi революцияға дейiнгi дәрежемен салыстырғанда республикада 44 есе артты. Өнеркәсiп республиканың халық шаруашылығының жалпы өнiмiнiң үштен екiсiн беретiн болды. Қуатты түсi металлургия, қара металлургия, машина жасау, химия өнеркәсiбi құрылды, көмiр, мұнай өндiрiсi үздiк өркендедi, өндiрiстiң энергетика базасы ұлғайды.

Елiмiздегi туысқан халықтардың өзара көмегi мен берiк ынтымағы Қазақстандағы ұлан-байтақ тың жерлердi игеру кезiнде неғұрлым жарқын көрiндi. Совет Одағындағы барлық халық тың жерлердi тез игерiп, елiмiзде астық молшылығын жасау жөнiндегi партия шақыруына жаппай үн қосты. Олар өздерiнiң ержүрек ұлдары мен қыздарын Қазақстанға, тағы басқа тыңды өлкеге жiбердi. Россия федерациясының, Украинаның өнеркәсiп орталықтары тың аймақтарына тракторлар, комбайндар тағы басқа ауылшаруашылық машиналарын бердi. Осындай зор туысқандық көмектiң арқасында 3—4 жыл iшiнде республикамызда 23 миллион гектардан астам тың жер игерiлдi. Мұның нәтижесiнде Қазақстан астықты тың игеруге дейiнгi жылдармен салыстырғанда 5 еседей артық өндiретiн болды.

Ұлы Лениннiң елiмiзде мәдени революция жасау жөнiндегi идеясының да iске асырылып келе жатқанын ұлт республикалары мысалынан айқын көруге болады. Совет Одағындағы әрбiр үлкендi-кiшiлi халықтың түрi ұлттық, мазмұны социалистiк мәдениетi олардың өзара туысқандық көмегi, бiрiне бiрiнiң ықпал-әсерi негiзiнде өркендеп келедi. Қазақ халқы өзiнiң тамаша табысы және зор мақтанышы болып отырған ұлттық интеллигенциясы үшiн алдымен орыс халқына борышты. Ұлы орыс халқының озық ғылымы мен жоғары мәдениетi Отанымыздағы әрбiр ұлт пен халықтың мәдени дамуына күштi әсер етiп қана қойған жоқ, сонымен бiрге ғылым мен техниканың, әдебиет пен көркемөнердiң, халық ағарту iсiнiң сансыз көп өкiлдерiн даярлап беруге қолма-қол жәрдемдестi. Мұның арқасында Қазақстан еңбекшiлерi ғылым мен мәдениеттiң неше түрлi саласын дамытып, iлгерi бастыра алатын ғалымдарға, мамандарға, толып жатқан ғылыми-зерттеу мекемелерiне, мәдениет ошақтарына ие болып отыр. Қазiр Қазақстанда Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық ғылымдарының академиясы, 115 ғылыми-зерттеу мекемесi, 27 жоғары оқу орны, 140 техникум, 10 мыңнан астам мектеп бар, ондаған театр, ұлттық киностудия, мемлекеттiк баспалар, мыңдаған кiтапхана мен клуб жұмыс iстейдi, экономика мен мәдениеттiң, ғылым мен техниканың түрлi саласына арналған әдебиеттер, оқулықтар, жүздеген газет, ондаған журнал шығарылады. Олардың көбiсi қазақ тiлiнде.

Сонымен, бұрын көбiнесе көшпелi мал шаруашылығымен шұғылданытын мешеу Қазақстан социалистiк ұлттардың ұлы одағындағы жан-жақты гүлденген қуатты да бай республикалардың бiрiне айналды. Қазiр Қазақстан өнеркәсiп өнiмi жөнiнен Одақта үшiншi орын, астық және мал шаруашылығы өнiмдерi жөнiнде Россия федерациясынан кейiн екiншi орын алады.

Қазақстанның, басқа да ұлттық республикалардың үстiмiздегi жетiжылдықтары болашағы мұнан да жарқын. Республикамыздың орасан мол табиғи байлықтарын кең де тиiмдi пайдалану мiндеттерiне сәйкес өнеркәсiп мұнан былай да үздiк қарқынмен өркендейдi. Бүкiл елiмiзде өнеркәсiп өнiмi жетiжылдықтың аяғында 80 процент өсетiн

болса, Қазақстанда 2,7 есе артады. Халық шаруашылығының басқа барлық саласы да шапшаң ұлғаяды. Ет, жүн өнімдері жөнінде ол еліміздің негізгі қоймасына айналады. Мұның бәрі — ұлттық аймақтарды жедел дамыту міндеттеріне баса көңіл бөліп, өндіргіш күштерді бүкіл елде дұрыс та тиімді орналастыру, оларды шикізаттардың қайнар көздеріне, тұтыну аудандарына неғұрлым жақындата түсу жөніндегі лениндік нұсқаулардың мүлтіксіз жүзеге асуының айқын көрінісі.

Ұлы Ленин Совет Одағында ұлт мәселесінің дұрыс шешілуі, ұлттық республикалардың гүлденіп көркеюі капиталистік дүниедегі отар елдердің халықтарына үлгі-өнеге болады, олардың ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуіне ықпалын тигізеді деген тұжырымға келген еді. Лениннің бұл көрегендігі де өмірде толық дәлелденді. Елімізде социалистік революция жеңіп, социализм өзінің үздік артықшылықтарын көрсете бастаған дәуірде, әсіресе дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі кезеңде империалистік езгі мен қанаудың тепкісінде болып келген халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы мейлінше кең өріс алды. Мұның нәтижесінде бір жарым миллиардқа жуық халқы бар 20-дан астам ел бостандыққа ие болды, тәуелсіз мемлекет болып құрылды, империализмнің отар системасының күл-талқаны шықты.

В. И. Ленин социализмнің жеңуі, социалистік өндірістік қатынастың толық үстем болуы, яғни қоғам мүшелерінің туысқандық ынтымақ, өзара көмек қатынасы орнауы негізінде адамдардың әлеуметтік және тұрмыс жағдайы, саяси моральдық бейнесі түбірінен өзгереді деп үйреткен еді. Лениндік бұл идея да іске асып келеді. Кәзір совет адамдарының еңбекке көзқарасы мүлде өзгерді. Олар еңбекті бұрынғыдай зейнетсіз бейнет, ауыр азап деп білмейді, барлық бақыт пен рақаттың қайнар көзі, абырой әперетін, ер атандыратын іс деп таниды. Сондықтан да еңбек тәртібін берік сақтап, нығайта беру үшін, оның өнімділігін үздіксіз арттыра беру үшін күреседі. Лениннің тынбай үйреткеніндей, еңбек өнімділігінің артуы коммунизм жеңісі үшін ең маңызды, ең шешуші шарт. Біздің адамдардың еңбекке жаңа көзқарасы арқасында социалистік жарыс, оның жаңа да жоғары түрі — коммунистік жарыс кең өріс алып келеді.

Совет адамдарының социализмнің экономикалық негізі — қоғамдық меншікке, жалпы қоғамдық мүддеге жаңа көзқарасы қалыптап суда. Олар қоғамдық меншікті көзінің қарашығындай сақтап, молайта беруге, қоғамдық мүддені жоғары қойып, Отан алдындағы, коллектив алдындағы міндетті абыроймен орындауға күш салады. Дегенмен, ескі қоғамдық құрылыстардың адам санасындағы, тұрмыстағы қалдықтарына шырмалып жүрген артта қалған адамдар арамызда әлі кездеседі. Ондайлар еңбек етуден қашқақтап, біреудің есебінен күн көруге ұмтылады, қоғамдық мал-мүлікке қол сұғады, ішімдікке салынып азғындайды, қоғамдық тәртіпті бұзады, бұзақылық істейді. Коммунистік құрылыстың барысында еңбекшілер арасындағы саяси тәрбие жұмыстардың күшейтілуі арқылы мұндай адамдар барған сайын азая бермекші. Ұлы Лениннің өз басындағы ізгі қасиеттерден: оның революцияшы ынта-жігерінен, принциптілігі мен шыншылдығынан, әділдігі мен адалдығынан, кішіпейілділігі мен қайырымдылығынан, табандылығы мен дәйектілігінен, халық ісіне, коммунизм ісіне ақырына дейін берілгендігінен — бәрінен де үлгі алып үйрену — коммунизм құрылысшыларының абыройлы да ардақты міндеті.

Ленинизм — ұлы тарихи жеңістер туы. Бұл туды жоғары ұстап біз социалистік революцияны іске асырдық. Бұл тудың астында елімізде социализмнің толық та түпкілікті жеңісіне жеттік. Енді бұл жеңімпаз туды берік ұстап, коммунизм шыңына қарай алға баса береміз. Бұған ленинизммен қаруланған Коммунистік партияның дана басшылығы кепіл!

# Қазақстан партия ұйымдарының келелі міндеттері

Жақында болып өткен Қазақстан Компартиясының X съезі республиканың экономикасы мен мәдениетін ілгері бастырып, көркейтудің шараларын, жетіжылдықтың жаңа асуларын белгіледі. Алда тұрған келелі міндеттерді іскерлікпен жанжақты талқылай отырып, съезд Қазақстан Компартиясының ұйымдық жағынан нығайғанын, өз қатарын партияның Орталық Комитеті төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыра түскенін, еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын күшейткенін атап көрсетті.

Қазақстан Компартиясының VIII съезінен бері өткен шақ еліміздің өмірінде болған тарихи елеулі оқиғаларға толы. Даңқты партиямыздың XX, XXI съездері, лениндік Орталық Комитеттің түбегейлі мәселелер шешкен бірнеше пленумдары болып өтті. Соңғы жылдары КПСС Орталық Комитеті өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын басқаруды жақсарту бағытында ірі шараларды жүзеге асырды. Соның нәтижесінде өнеркәсіпті дамытуға оралғы болып келген ведомстволық тосқауылдар жойылды, өндіріске тікелей басшылық жасалатын болды. Мұның өзі резервтерді толық, тиімді пайдалануға мүмкіндік берді, жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің ынта-жігерін тасытып, еңбектегі шабытын күшейтті. Екіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру ұлғая түсті. Ел астықпен қамтамасыз етілді. Бұл жағдайдың бәрі халықтың әл-ауқат, мәдениет дәрежесін көтере беруге жеткізді.

Партияның XX, XXI съездерінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан партия ұйымдары өздерінің басшылық ету стилі мен әдістерін жетілдіру, партия тұрмысының лениндік нормаларын қалпына келтіру, ішкі партиялық демократияны, коллективтік басшылық ету принциптерін дамыту жөнінде біраз жұмыстар істеді.

Съезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасаған Д. А. Қонаев жолдас және сөйлеген делегаттар Н. С. Хрушев жолдас бастаған КПСС Орталық Комитетінің, туысқан Совет үкіметінің дана саясаты, күнделікті үлкен қамқорлығы, көмегі арқасында республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуда қол жеткен табыстарды қанағаттанғандықпен атап көрсетті. Республика халық шаруашылығының қай саласын алсаңыз да ол ұдайы өрлеу жолында келеді, оның өркендеп өсу қарқыны күшті. Соңғы төрт жылда ғана жаңадан 700-дей кәсіпорын мен цех салынып іске қосылды. Мұның ішінде 9 жаңа шахта және көмір разрезі бар. Соколов кенінің, Өскемен конденсатор, Семей, Шымкент цемент заводтарының құрылысы салынды. Өнеркәсіп өнімін шығару біржарым есе өсті. Халық шаруашылығының бірқыдыру саласында техника ілгері дамытылды.

Социалистік ауыл шаруашылығында да жетістіктеріміз бар. Талай ғасырлар бойы мүлгіп жатқан 23 миллион гектар тың жерді игеру астық өндіруді күрт молайтуға жеткізді. Кәзір Қазақстан еліміздегі ірі астықты өңірге айналды. Ол соңғы төрт жылда жыл сайын орта есеппен

пен 1 миллиард 148 миллион пұт астық өндіріп, оның 724 миллион пұтын мемлекетке тапсырып отырды. Сонымен төрт жыл ішінде ғана астық дайындаудың орташа жылдық мөлшері бес еседей өсті. Екіншіліктегі табысымыз мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдай жасады.

Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетті гүлдендірудегі жетістіктеріміз де аз емес. Ал егер, съездің атап көрсеткеніндей, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, ғылым мен мәдениетке басшылық етуде партия, совет ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берілмеген болса, табыстар бұдан да көрнекті, бұдан да салмақты болатын еді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың баяндамасында және делегаттардың сөздерінде облыстық партия комитеттерінің, облыстық Совет атқару комитеттерінің, министрліктердің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, оның бюросы мен бөлімдерінің, сондай-ақ Министрлер Советінің жұмыстағы кемшіліктері сыналды. Делегаттар халық шаруашылығынан онан әрі көркейтуге бағытталған құнды пікірлер айтып, нақты ұсыныстар жасады. Міндет осы ұсыныстарды таядап, қорытып іс жүзінде асыруда болып отыр.

«Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындайық!» Осы ұранмен өткен съездің қабылдаған шешімінде көрсетілгеніндей, республика партия ұйымының **шұғыл міндеті** — КПСС XXI съезінің және Орталық Комитет Пленумдарының тарихи қарарларын жедел жүзеге асыру, халық шаруашылығын, ғылымды, мәдениетті өркендетудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында еңбекшілердің социалистік жарысын кеңінен өрістетуге, халықтың әл-ауқатын көтеру, елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне әрбір еңбек адамын белсене қатыстыру болып саналады.

Съезд жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау шараларын жанжақты талқылады. Өнеркәсіп саласында 1965 жылға белгіленген межеге 1964 жылы жетуге тиіспіз. Ауыл шаруашылығының аса маңызды өнімдерін өндіру тапсырмаларын бұдан да қысқа мерзімде орындау ұйғарылды. Астық өндіруде жетіжылдықтың аяғына белгіленген мәреге 1960 жылдың өзінде жету белгіленді. Сөйтіп биылдың өзінде республика бойынша 1,5 миллиард пұт астық өндірілуге тиіс. Ал мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, сату жөніндегі жетіжылдық жоспар 1963 жылы орындалады. Партия, совет ұйымдары, кәсіпорындардың, колхоздардың, совхоздардың барлық мүмкіндігін осы қасиетті міндеттерді абыроймен орындауға жұмылдырулары керек.

Бай шикізат, отын, энергетика қорларын, ішкі мүмкіншіліктерді неғұрлым ұтымды пайдалану — айлық, тоқсандық, жылдық, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін қажетті шарт. Дегенмен бұл жөнінде әлі де көп кемшілік орын алып жүргені съезде сөз болды. Республикада көптеген өнеркәсіп орындары мемлекеттік жоспарды орындамайды. Өнім сапасын жақсартуға көңіл бөлмейтін, материалды шикізатты, отынды, электр қуатын үнемдеу үшін қатаң күрес жүргізбейтін кәсіпорындар да жиі ұшырайды.

Қазақстан Компартиясының X съезі кемшіліктерді жою жолдарын көрсете келіп, республика өнеркәсібін жанжақты өркендетудің жауапты міндеттерін белгіледі. Металл өндіруді онан әрі арттыру, бұл үшін шикізатты пайдалануды жақсарту, руда қорыту, байыту кезінде ысырапты жою республиканың түсті металлургия өнеркәсібін өрге бастыруда алға қойылған негізгі міндет міне осындай. Торғай боксит кенінің құрылысы кезінде аяқталып, түсті металлургияның жұмыс істейтін кәсіпорындары, әсіресе Жезқазған металлургия комбинаты кеңей

тілуге тиіс. Түсті металлургияда концентратты қорытудың озық жаңа әдістері кеңінен қолданылуы керек.

Көмір өнеркәсібін өркендетуге айрықша маңыз беріледі. Съезд республикада жетіжылдықтың аяғында жыл сайын өндірілетін көмірдің мөлшерін 50 миллион тоннаға, оның ішінде кокстелетін көмірді 19,7 миллион тоннаға жеткізу, көмір байытатын фабрикалардың қуатын едәуір арттыру міндетін алға қойды. Барлық шахталардың, учаскелердің жобалары қуатын толық игеруіне, көмір шығару жоспарын ұдайы орындауына, шахталарда жұмыстың сапа көрсеткішін жақсартуға қамқорлық жасап отыру — ең алдымен Қарағанды облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің, Саран қалалық партия комитетінің, Халық шаруашылығы советінің төл ісі. Бұлар өткен жылдардың кемшіліктерінен тиісті сабақ алуға міндетті.

Бүкіл еліміз Қарағанды металлургия заводының, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының тез салынуын асыға күтуде. Бұларды халық жетіжылдықтың екпінді құрылыстары деп дұрыс атап отыр. Қазақстан коммунистерінің съезі бұл алып құрылыстарға жіті көз жіберіп, айрықша назар аударғаны да осыдан. Биыл Қарағанды металлургия заводының екі домнасын, үш кокс батареясын, Топар әк карьерін және басқаларды салып, іске қосуды қамтамасыз ету бүкіл республика партия ұйымының бірінші кезектегі міндеті деп көрсетілді съезд шешімінде. Ал Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салу жұмысы күшейтіліп, оның темір рудасын шығару қуатын жетіжылдықтың аяғында жылына 19 миллион тоннаға жеткізу белгіленді. Сондай-ақ Қашар, Лисаков кен байыту комбинаттарының, Ермак ферросплав заводының құрылыс жұмыстарын мезгілінде кең өрістетуді қолға алған абзал. Жетіжылдықтың екпінді құрылыстарына жанжақты көмекті күшейту керек.

Съезд мұнай өнеркәсібін жедел өркендету қажет деп тапты. Әсіресе Қаспи өңірінде мұнай мен газды геологиялық жағынан барлау жұмысын кәзіргіден едәуір ұлғайту көзделеді. Химия, жеңіл, тамақ, жергілікті өнеркәсіпті өркендету, транспортты, байланысты, тағы басқаларын дамыту міндеттерін де съезд айқындап берді.

Кәзір электр қуатын қолданбай өркендей алатын халық шаруашылығының бірде-бір саласы жоқ десе болады. Электр қуаты үй тұрмысында да кеңінен қолданыла бастады. Демек республикада өндірістің энергетика базасын нығайтудың, электр станцияларын салу жоспарын дер кезінде орындаудың маңызы онан сайын арта түседі. Биыл барлығы 354 мың киловатт-сағат электр қуатын өндіретін бірнеше электр станциясын салу жобаланған. Съезд ірі электр станцияларын салып бітірудің нақты мерзімін тағайындады. Мысалы, Бұқтарма су электр станциясының бірінші кезегі 1960 жылы, Қарағанды бу электр станциясы 1961 жылы іске қосылуға тиіс. Сол сияқты Павлодарда, Алматыда, Петропавлда, Оралда электр станцияларын салу жеделдетілмек.

Қазақстан Компартиясының X съезі құрылыс ұйымдарының жұмысындағы елеулі олқылықтарды ашты. Құрылыс ұйымдарының дені өнеркәсіп, тұрғын үй, мәдени-құрылыс орындарын кезінде іске қоспайды. Соңғы төрт жылда ғана күрделі қаржының 4 миллиард сомнан астамы игерілмей қалды. Соның салдарынан республика еңбекшілері үшін 1 миллион шаршы метр тұрғын үй кем салынды. Егер олай болмағанда қаншама семья жаңа қонысқа көшіп, қуанышқа бөленетін еді. Былтыр құрылыс ұйымдарының жартысы жоспарды орындаған жоқ. 1959 жылы 1,3 миллиард сомның игерілмей қалуынан мемлекеттік мәні зор талай құрылыстар бітпеді. Мұндай қателіктерге енді жол бермеуді ескерте отырып, съезд партия, совет ұйымдарын, халық шаруашылығы советтерін республикада құрылыс ісін түбірінен жақсартуға, таяудағы үш-төрт жыл ішінде күрделі құрылысқа қаржы жұмсау мөлшерін жылына 20 миллиард сомға дейін жеткізуге, жаңа өндіріс қуаттарын, тұр-



міртіліп, бордақылануы осы бастан ойластырылғаны жөн. Партия, совет ұйымдары малдың санын көбейту, өнімділігін молайтып, оны дайындау жөніндегі міндеттемелердің әрбір колхоз, совхоз бойынша орындалу жайын үнемі бақылап, біліп отыратын болуы керек.

Съезд ғылымды дамыту, экономика мен мәдениетті гүлдендіруге оны кең қолдану ісіне де назар аударды. Қазақ ССР Ғылым, Ауылшаруашылық ғылым академияларының және олардың ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми-теориялық жұмысы халық шаруашылығын өрге бастыру міндеттерін шешуге, техникалық прогресті жүзеге асыруға бағындырылуы шарт.

Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау жөнінде белгіленген асулардан мүдірмей өту үшін, съезд талап еткендей, партия ұйымдары ең алдымен ұйымдастыру-партиялық жұмыстың дәрежесін анағұрлым көтеруге, шаруашылық пен мәдени құрылысқа басшылық ету әдісі мен стилін жетілдіре беруге міндетті. Кәзір істің тұтқасы нақты ұйымдастыру жұмысын мейлінше күшейтуде болып отыр. Кеңсешілдік, қағазбастылық, мәжілісқұмарлық сияқты теріс практикадан мүлде арылу керек.

Кадрларды дұрыс іріктеп алу, орналастыру, оларды партия мен мемлекет мүддесін жоғары ұстау рухында тәрбиелеу, жауапкершілікті күшейту — партия ұйымдарының күнделікті назар аударып, тынбастан қамқорлық жасайтын ісі екені жұртқа аян. Бірақ кейбір партия ұйымдары кадрлармен жұмыс істеуде елеулі кемшілікке, қателіктерге жол береді. Жастар мен әйелдер басшы қызметке батыл жоғарылатылмайды. Бұл жөнінен съезде жеке фактілер келтірілді. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті кадрлармен жүйелі жұмыс істеудің орнына, оларды беталды өзгерту, бір жерден екінші жерге ауыстыра беру жолына түскен. Мұнда соңғы бес жылда 62 совхозда 43 директор, былтыр 30 колхоз председателі ауыстырылды. 2 мыңнан астам ауылшаруашылық маманының жартысы ғана өндірісте істейді. Көкшетау облысының партия ұйымында да істің жайы қанағаттанғысыз. Қызметкерлерді жиі ауыстыра беру, кадрларды саяси, іскерлік қабілетіне қарай іріктеп алудың партиялық принципін бұрмалау мұнда да кездеседі. Соңғы бес жылда облыста аудандық партия комитеттерінің 7 бірінші секретары, 12 екінші секретары, аудандық атқару комитеттерінің 11 председателі ауыстырылды. Мұның бәрі кадрларды іріктеп алуға үстірт қараушылықтан туған жағдай.

Былтыр ауыл шаруашылығы жөнінде социалистік міндеттемені бірсыпыра аудандар орындаған жоқ. Берген сертінде тұру жауапкершілігін ұмытып, ұйымдастыру жұмысының «машақатынан» қашқақтайтын, уәдеге жомарт, іске шорқақ облыс, аудан басшылары әлі де бар. Социалистік міндеттемелер, дейді Н. С. Хрущев жолдас, болаттай берік болуға тиіс. Мезгіл жеткен екен — халық алдында есеп бер. Кімнің сөзінде тұрғанын, кімнің нағыз большевик басшы екенін және кімнің сөзі мен ісінде алшақтық бар екенін халық білуге тиіс. Осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, съезд өз қарарында социалистік жарыс міндеттемелері үшін басшы, сондай-ақ қатардағы қызметкерлердің жауапкершілігі мейлінше арттырылсын, істің орындалуын бақылау күшейтілсін деп жазды. В. И. Ленин адамдардың жауапкершілігін арттыруға зор маңыз берген болатын. Біздің әрбір партия, совет қызметкері «...қатаң және дәл белгіленген тиянақты жұмыс үшін немесе жұмыстың бір бөлегі үшін әрбір адамның жеке басының жауаптылығы іс жүзінде қамтамасыз етіліп отыруына үздіксіз ұмтылу керек» деген лениндік нұсқауды әрдайым естен шығармауға міндетті.

Бастауыш партия ұйымы — партиямыздың негізі. Әрбір өнеркәсіп орнындағы, колхоз бен совхоздағы істің жайы, мемлекеттік жоспардың, міндеттеменің орындалуы осы бастауыш партия ұйымдарына тікелей байланысты. Міне сондықтан да съезд бастауыш партия ұйымдарына

Басшылықты жақсартуды, олардың өндірістегі ұйымдастыру ролін күшейтуді, инициативасын өрістетуді, коммунистердің жетекші орын алуын қамтамасыз етуді облыстық, аудандық комитеттерге ерекше тапсырды.

Коммунистік қоғам орнатудағы ізгі істің табысты бола беруі еңбекшілердің жоғары саналылығына байланысты. Осыған орай кәзіргі кезде идеологиялық жұмыстың, әсіресе партия насихатының маңызы мықтап арта түсіп отыр. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысы бүкіл идеологиялық жұмыстың айбынды программасын жасап, оның мазмұны мен түрлерін, әдістерін айқындап берді. Қазақстан Компартиясының X съезі республиканың бүкіл партия ұйымынан идеологиялық жұмысты күшейтуді, партия насихаты дәрежесін көтеруді, халықтың қалың бұқарасы арасында саяси-көпшілік жұмысының өрісін ұлғайтуды, саяси үгіттің нақты да пәрменді, өмірмен, коммунистік құрылыс ісімен тығыз байланысты болуына қамқорлық жасауды талап етті. Саяси үгітті халықтың барлық тобын жаппай қамти отырып, саралап жүргізу міндет. Еңбекшілердің, әсіресе жастардың советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм рухында, еңбекті сүю, социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау, буржуазиялық идеологияның қандай көрінісіне болса да төзбеу рухында тәрбиеленуіне мейлінше зер салуға тиістіміз. Идеологиялық жұмыста баспасөздің, радионың, телевидениенің, мәдени ошақтарының, лекция оқып, баяндама жасаудың ролі мықтап арттырылатын болсын.

Съезд жергілікті совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысын кәзіргі талапқа сай құру, шаруашылық, мәдени құрылыста, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде, халықтың тұрмыс қажетін өтеуде олардың ролін арттыру мәселесіне ерекше назар аударды. Жергілікті советтер, кәсіподақтар еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеу ісінің нағыз ұйымдастырушылары бола білуге тиісті. Социалистік қоғам өмірінің қай жағын алсаңыз да оның төрінен совет адамы, оның талаптілегі, мұң-мұқтажы бірінші орын алады. Еліміздегі игіліктің бәрі еңбекші адам үшін, оның бақыты, жақсы тұрмыс құруы үшін, коммунизмнің жеңісі үшін жасалады. Бізді даңқты коммунист партиясы міне осыған үйретеді. «Халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту шаралары туралы» партия мен үкіметтің қаулысын орындай отырып, қала мен селода, қиырдағы мал отарларында сауданы жолға қою, көпшілік тамағын жақсарту, халықты азық-түлік, өнеркәсіп товарларымен кенелту, монша, кір жуатын орындарды, тігін мастерскойларының жұмысын тәртіпке келтіру, сондай-ақ жаңадан құрылған коммунизм өркендері — мәдениет университеттерін, халық театрларын көбейту — партия, совет ұйымдарының жауапты міндеттерінің бірі. Еңбек адамына қамқорлық жасау — бүкіл партия жұмысының өзегі.

Қазақстан Компартиясының X съезі республиканың коммунистерін, комсомолецтерін және барлық еңбеккерлерін Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру күресіне барлық күш-жігерін жұмылдыруға шақырды. Республиканың жұмысшы табы, колхозшы шаруалары, интеллигенциясы елімізде сәулетті болашақ — коммунизм орнату жолындағы ұлы іске лайықты үлес қосады деп съезд кәміл сенім білдірді.

# В. И. Лениннің жаңа документтері

Жуырда КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты Лениндік жинақтың XXXVI томын бастырып шығарды. Жинаққа В. И. Лениннің бұрын жарияланбаған 636 документі — мақалалары мен сөздерінің жобасы, конспектілері мен тезистері, түрлі қаулы-қарарлардың жобасы, хаттары мен әліскалары, документтерге қойған белгілері бар. Осы жинақтағы Орта Азия мен Қазақстанға қатынасы бар документтердің бірсыпырасын қазақшаға аударып беріп отырмыз.

## РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ<sup>1</sup>

(22 июнь 1920).

Тезистер мен жобаның жалпы нұсқасы мен негізі бекітіліп, тезистер де, жоба да мына бағытта жөнделсін:

- 1) орыстар мен басқа жақтан келгендердің жер иемденуі жергілікті халықпен тең болатын болсын;
- 2) орыс кулактары неғұрлым тез талқандалып, жер аударылсын, олар өзімізге бағындырылсын;
- 3) Түркстан Орталық Атқару Комитеті мен Түркстан Халық Комиссарлары Советінен және орталықтан рұқсат алмайынша Түркстан комиссиясына декреттерді өзгерту правосы берілмесін;
- 4) өкімет билігін сенімді коммунистердің бақылауымен бірте-бірте және ешбір бұлталаққа салмай еңбекшілердің Советтеріне беру ісі ұдайы ойластырылсын, әзірленсін және жүзеге асырылсын;
- 5) республиканы 3-ке бөлу күні бұрын шешіліп қойып жүрмесін;
- 6) жалпы міндет ретінде коммунизм орнату емес, феодализмді құлату алға қойылсын.

## РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ ТҰРАТЫН ЖЕРЛЕРДЕГІ РКП(б)-НЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ<sup>2</sup>

(1920, 13 немесе 14 октябрь).

Орталық Комитеттің Саяси бюросының (бірқатар шығыс ұлттарының өкілдерімен) Шығыс халықтарының Бакуде болған съезінің 27 делегатымен 1920 жылғы 13 октябрьде өткізген кеңесінде жасалған баяндамалар мен хабарлауларды талқылай келіп, Орталық Комитеттің Саяси бюросы қаулы етті:

<sup>1</sup> РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1920 жылғы 22 июньде өткен мәжілісінде Түркстан республикасы туралы тезистер мен қаулының жобасы талқылаып, онда В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасы болмашы түзетулерімен қабыл алынды.

<sup>2</sup> В. И. Лениннің бұл жобасы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1920 жылғы 14 октябрьдегі мәжілісінде тиісті қосымшалармен қабылданды.

1. Ұлт істері халық комиссариаты жанындағы Ұлттар Советінің жұмысы күшейтілсін және осы жұмыс жайлы Халық Комиссарлары Советінің таяудағы мәжілісіне баяндама қойылсын.

2. Жергілікті орыс тұрғындарының шығыс ұлттарына (әсіресе калмақтарға, бурят-монғолдарға, тағы басқаларға) көрсеткен зорлық-зомбылығы туралы қатаң тергеу жүргізіліп, айыптылар жазаға тартылсын.

3. Жоғарғы Совет өкіметі атынан манифест шығарылсын, онда РСФСР-дің ұлт саясатының негіздері баянды етілсін және оның толық жүзеге асырылуына шынайы бақылау қойылсын.

4. Әлі автономиялық (сол сияқты) мекемелері жоқ шығыс ұлттары үшін нақты жағдайларға сай келетін формада автономияны іс жүзінде асыру (автономиялы республикалар немесе облыстық мекемелер құру) қажет деп табылсын; ең алдымен калмақтар мен бурят-монғолдар үшін (тиісті заң жобаларын дереу әзірлеу) Ұлт істері халық комиссариатына тапсырылсын.

5. Аграрлық мәселе жөнінде — ұлы орыстар тартып алған жерді казак кулактарының жері есебінен Солтүстік Кавказдың тау халықтарына қайтарып беру қажет деп табылсын және Халық Комиссарлары Советіне дереу тиісті қаулы әзірлеу тапсырылсын.

6. Орталық Комитет пен орталықтағы Совет өкіметінің Москвадан шығыс халықтары тұратын аймақтарға жіберетін барлық уәкілдері үшін нұсқау-хат жазылсын. Ол нұсқауда уәкілдер өз жұмысын жергілікті еңбекші халықтың өкілдерінен тұратын жергілікті органдар арқылы ғана атқаруға міндетті екенін түсіндіруге баса назар аударылсын, және олар өзінің басты міндеті жергілікті халықтың нағыз шын коммунистік топтары мен элементтерін қолдаумен қатар буржуазиялық және жалған коммунистік топтарына қарсы күресу деп білетін болсын.

## М. П. ТОМСКИЙГЕ ХАТ<sup>1</sup>

7.VIII (1921)

ж. Томский!

Өте анық жазылған хатыңыз үшін көп рахмет.

Әрине, бізге (Москваға) «9 мил. қой» қажет деп дұрыс айтқаныңыз<sup>2</sup>. Қалай болса да қойларды алу керек. Алғап сағатында бізге Еңбек және Қорғаныс Советіне мыналарды жіберіңіз:

оларды алудың

календарлы программасы.

Астық жөнінде де соны.

Сіздің ж. Сафаровпен пікір таласыңызды бір жөнге келтірмек ниетімен ж. Иоффені жіберіп отырмыз<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Жарияланып отырған документ — РСФСР Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің Түркстан істері жөніндегі Комиссиясының председателі М. П. Томскийдің 1921 жылы 23 және 24 августа жазған хаттарына жауап.

<sup>2</sup> Бұл арада Москва халқына ет жетістіріп тұру мақсатымен Түркстанның малшы-көпестерінен қой сатып алу туралы сөз болып отыр.

<sup>3</sup> М. П. Томскийдің РКП(б) Орталық Комитетінің Түркстандағы бюросының мүшесі Г. И. Сафаровпен пікір таласы партияның ұлт саясатын Түркстан көлемінде жүргізу ісіне байланысты туды. Таластың негізгі тарауы Түркстанда жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде болған еді. Томский азық-түлік салғыртын енгізуді жақтады да, жаңа экономикалық саясатты Түркстанда кедейлер комитеттерін (кедейлердің одағы түрінде) ұйымдастырумен және кулактардан алынған мүлікті, малды, құрал-сайманды кедейлерге бөліп беру ісімен ұштастыруға болмайды деп санады. Ал Сафаров Түркстан жағдайында азық-түлік салғырты мен еркін айырбас оншама үйлесімді шаралар емес дей келіп, кедейлер одағын ұйымдастыру және жергілікті халықтың тап жігін айыра түсу жағын баса айтты.

Мен екі тенденцияны да үйлестіруге болады және болуға тиіс деп ойлаймын.

- 1) астық пен ет ең алдымен Москваға жөнелтілсін
- 2) (бұл үшін) «көпестерге» бірсыпыра жеңілдік және сыйлық беру
- 3) жаңа экономикалық саясатты сөзсіз жүзеге асыру (X съезд, 1921 жылғы майдағы конференция т. т.)
- 4) мұсылман кедейлердің комитеттерін қалайда құру және
- 5) мұсылман кедейлерге бірсыпыра кеңшілік бере отырып, сақтық пен зейін қоя қарау.

Біздің күллі Шығыстағы «дүниежүзілік саясатымыздың» мүддесін көксейтін дана, сақ бағытты ұштастыра білуге және баянды етуге болады және болуға тиіс.

*Коммунистік сәлеммен Ленин*

Р. С. Мүмкін, Орталық Комитет Сіздің 1/2 жыл жайындағы өтінішіңізге<sup>4</sup> келісімін берер. Рудзутакпен сөйлесерміз.

### А. А. ИОФФЕГЕ ХАТ

13.IX.1921 ж.

жолдас Иоффе!

Саяси бюроның бүгінгі қаулысы (оны осымен бірге жіберіп отырмып) Сіздің 9 сентябрьдегі депешаңызды мейлінше қанағаттандыратынын көріп отырсыз<sup>1</sup>.

Сізден толығырақ жазылған баяндама жіберуіңізді өте өтінемін.

Онан өзге өз тарапымынан бір өтініш, мәселенің байыбына әбден жетуім үшін (Сіздің баяндамаңызда немесе баяндамаға ерекше қосымшаңызда) жергілікті ел адамдарының мүддесін «орыстардың» (ұлы орыстардың немесе отаршылдардың) асыра сілтеуінен қорғау мәселесіне ерекше назар аударуыңызды өтінер едім.

Жергілікті адамдардың Сафаровқа қатынасы қандай? Фактілер, фактілер және фактілер керек.

Жергілікті адамдардың өздері (Сафаровты жақтаушылар) кімдер екен? Аты-жөні? Стажы? Беделі? (Фактілер, фактілер...).

Өздерін қорғай ала ма? Шүбәсіз бе? Және тағы Томский тәрізді елті де табанды әрі қиқар кісіге төтеп бере аларлық па?

Ондайлар қанша?

«Кедейлер одағының» (Сафаров құрған) құрамы қандай? маңызы? күші? ролі? Жергілікті ел адамдарын «күшпен» жіктеп жатыр деген хабар рас па?

Мақта ше? Оның тағдыры? Мақтаны Сафаровтың құртып жатқаны рас па? Фактілер, фактілер.

Ферғанадағы майдан? Басмашылық? Оның Томский мен Сафаровтың «бағытына» қатынасы қандай? Фактілер және Түркстан Орталық

<sup>4</sup> М. П. Томский Орталық Комитеттен не Түркстанда тағы жарты жылға жұмыста қалдыра тұруды немесе дереу шақыртып алуды сұраған еді.

<sup>1</sup> РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1921 жылғы 3 августтағы шешімі бойынша Түркстанға жіберілген А. А. Иоффе 1921 жылдың 9 сентябріндегі телеграммында: Томский мен Сафаровтың арасындағы пікір таласы орыстар мен жергілікті халықтың арасында, жеке ұлттар арасында араздықты өршітуге әкеліп соқтыруда деп хабарлаған еді.

13 сентябрьде Саяси бюро Түркстандағы саясат туралы мәселені Иоффенің жазба баяндамасын алғаннан кейін және саяси бюро мүшелері барлық материалмен танысып алғаннан кейін талқылауға ұйғарды.

1921 жылғы октябрдің 14-де Саяси бюро Түркстандағы жұмыс жайын талқылап, Түркстан бюросы мен Түркстан комиссиясының жаңа құрамын белгіледі, Түркстан партия және совет органдарының негізгі міндеттерін анықтап берді.

Атқару Комитетінің басмашылық жөніндегі дәлме-дәл шешімдері? Томский мен Сафаровтың немесе олардың жақтастарының бұл мәселе жөнінде қашан және не жөнінен келісе алмағаны туралы фактілер? (Дәл қай мәселеде және дәлме-дәл не жөнінен ресми келіспегендерін анық көрсететін тиісті шешімдердің көшірмелері).

Бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің ішінде де кейбір пікір таласы бар.

Анық хабардар болуымыз өте маңызды.

Мен өзім «Томскийдің бағытында» (бәлкім, Петерстің бағыты? немесе Правдиннің тағы сондайлардың бағыты десек дұрысырақ болар?) ұлы орысшылдық шовинизм немесе дұрысырақ айтсақ сол бағытқа ауытқушылық бар деп қатты күдіктенемін.

Біздің бүкіл Weltpolitik\* үшін жергілікті ел адамдарының сенімін өзімізге аударып алудың маңызы керемет зор; үш есе және төрт есе аударып алалық; біз империалист емес екенімізді, ол бағытқа ауытқушылыққа төзбейтінімізді дәлелдеуіміз керек.

Бұл дүниежүзілік маңызы бар мәселе, асыра айтқандық емес — дүниежүзілік мәселе.

Бұған келгенде айрықша қатал болуымыз керек.

Мұның Үндістанға, Шығысқа ықпалы тиешек, мұнымен ойнауға болмайды, бұл арада 1000 есе сақ болған жөн.

Коммунистік сәлеммен Ленин

## СССР-ДІ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

27.IX (1922).

ж. Каменев! Сіз Сталиннен оның комиссиясының тәуелсіз республикалардың РСФСР-ге енуі туралы қаулысын алған боларсыз<sup>1</sup>.

Егер алмаған болсаңыз, хатшыдан алып, тез оқып шығуыңызды өтінемін. Мен бұл туралы кеше Сокольниковпен, бүгін Сталинмен сөйлестім. Ертең Мдиваниді көруім керек (грузин коммунисті, «тәуелсіздікті» жақтайды деген күдік бар).

Меніңше, бұл айрықша маңызды мәселе. Сталиннің аздап асығыстық жасағаны келетін ыңғайы бар. Сіз мұны (Сіз бір кезде мұнымен шұғылдануға ниеттеніп, тіпті аздап шұғылданып та едіңіз) жақсылап ойластыруыңыз керек; Зиновьев те сөйтсін.

Сталин бір мәселе жөнінде келісімге келді.

§ 1-дегі РСФСР-ге «ену» деген сөздің орнына былай демекпіз — «Европа мен Азияның советтік республикаларының одағына РСФСР-мен бірге ресми түрде бірігу».

\* — дүниежүзілік саясат.

<sup>1</sup> Сөз «РСФСР-дің тәуелсіз республикалармен ара қатынасы туралы» қаулы жайында болып отыр, бұл қаулыны РСФСР-дің және тәуелсіз республикалардың ара қатынасы туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына әзірлеу үшін тағайындалған комиссия қабылдады, ал ол комиссия РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросының 1922 жылдың 10 августындағы шешімі бойынша құрылған болатын, бұл қаулының жобасын И. В. Сталин жазды. В. И. Лениннің жариялағып отырған осы хатындағы ескертпелерін комиссия РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына ұсынған қаулының жобасына енгізді, пленум РСФСР мен тәуелсіз советтік социалистік республикалардың арасындағы қарым-қатынастар туралы мәселені 1922 жылы 6 октябрьде талқылады. Қаулының жобасын директива ретінде қабылдап, пленум осы директива негізінде заң жобасын әзірлеу үшін және оны Советтердің съезінен өткізу үшін РСФСР, Украин, Грузин, Азербайжан, Армян және Белорусс Советтік республикаларының өкілдерінен комиссия құрды. Пленум сонымен бірге тиісті қаулы әзірлеп, оны тәуелсіз советтік республикалардың Орталық атқару комитеттері арқылы өткізуді де комиссияға жүктеді.

Бұл келісімнің рухы түсінікті ғой деймін: біз өзімізді Украин ССР-мен және басқалармен тең праволымыз деп мойындаймыз да солармен бірге және солармен бірдей жаңа одаққа, жаңа федерацияға, «Европа мен Азияның Советтік Республикаларының Одағына» кіреміз.

Сонда § 2 де өзгертуді керек етеді. РСФСР-дің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілістерімен қатар —

«Европа мен Азияның Советтік Республикалары Одағының жалпы федерациялық Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті»

сияқты бір орталығын құру.

Егер біріншісі жетісіне бір рет және екіншісі бір рет (немесе екіншісі тіпті 2 жетіде 1 рет) мәжіліс өткізетін болса, мұны тәртіптеу қиын болмайды.

Әйтеуір «тәуелсізшілдерге» тілге тиек бермеуіміз керек, олардың *тәуелсіздігін* де жоймалық, қайта тағы бір жаңа саты, тең праволы республикалар федерациясын құрайық.

§ 2-нің екінші бөлімін сол күйінде қалдыруға болатын сияқты: наразылар (Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің шешімдеріне) жалпы федерациялық Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне шағым береді, бірақ *онымен* шешімнің орындалуын *тоқтата алмайды* (РСФСР-дегі сияқты).

§ 3-ні, редакциясын былайша өзгертсе, қалдыруға болатын сияқты: «тұрағы Москвада болатын жалпы федерациялық халық комиссариаттарына қосылады, сөйтіп *Европа мен Азия Республикаларының Одағына кіретін* барлық республикаларда РСФСР-дің тиісті халық комиссариаттарының ықшам аппараты бар уәкілдері болады».

§ 3-нің 2-ші бөлімі қалады; бірақ толық тең праволылық үшін: «Европа мен Азия Советтік Республикаларының Одағына кіретін республикалардың Орталық Атқару Комитеттерінің келісімі бойынша» десе қайтер еді.

3-ші бөлімді ойластыру керек: «орынды» дегеннен гөрі «міндетті» деген дұрыс бола ма? немесе ең болмаса рұқсат алу түрінде *шартты* міндет қойып, тек «аса маңызды асығыс жағдайда» ғана рұқсатсыз-ақ шешуіне болады деп қосамыз ба?

§ 4-ні де республикалардың «Орталық Атқару Комитеттерінің келісімі бойынша біріктірілсін» деген жөн бола ма?

§ 5-ге: «таза кеңесші сипаты бар (немесе тек қана кеңесші сипаты бар) біріккен (немесе жалпы) конференциялар мен съездер тағайындауымен» деп қосса қайтер еді?

1-ші және 2-ші ескертулерге осыған сәйкес өзгертулер енгізіледі.

Орталық Комитеттің Саяси бюросына қаулыны мен келгенше ұсынбай тұра тұруға Сталин келісім берді. Мен дүйсенбі күні, 2 октябрьде келемін. Сізбен және Рыковпен 2 сағатқа жолыққым келеді, таңертең, айталық, 12—2 кезінде, немесе, қажет болса, кешке, айталық, 5—7 немесе 6—8 шамасында.

Мынау менің алғашқы жобам. Мдиванимен және басқа жолдастармен әңгімем негізінде әлі қосымшалар мен түзетулер енгіземін. Сіздің де солай етуіңізді және маған жауап беруіңізді өте өтінемін.

Сіздің Ленин

P. S. Көшірмелер Саяси бюроның барлық мүшелеріне таратылсын.

# Партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты

*Н. ЖАНДІЛДИН,*

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары*

Еліміздің халықтары және бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат В. И. Лениннің туғанына 90 жыл толған тамаша тарихи күнді зор, қуанышты мереке етіп өткізді. Владимир Ильичтің өмір сүріп, еңбек еткен шағы бізден алыстаған сайын коммунизмнің кемеңгер сәулетшісі, Коммунистік партияның негізін қалаушы, дүние жүзінде бірінші социалистік мемлекет құрушы, бүкіл дүние еңбекшілерінің көсемі әрі ұстазы болған адам тұлғасының ұлылығы айқын көрінеді.

Өзінің бүкіл жарқын өмірін, творчестволық данышпан ақыл-ойын В. И. Ленин түгелімен еңбекшілерді капитализм құлдығынан азат ету, ешқандай қанау, езу дегенді білмейтін жаңа қоғам орнату жолындағы ұлы іске жұмсады. Лениннің мәңгі жасайтын идеялары барлық елдер еңбекшілерінің бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресінің жеңімпаз туы болып отыр. Бұл жөнінде Мартин Андерсен Нексе былай деп өте жақсы айтты: «Кәзір Ленин ісі өсіп жетіліп, әммеге ықпал етіп отыр. Кәзір адам баласы үшін Ленинмен, революциямен сабақтаспайтын ешбір елеулі оқиға жоқ...»

Коммунизм орнатудағы Ленин идеясының жарқын бейнесі — Коммунистік партияның басшылығымен совет халқының қолы жеткен аса зор табыстары. Мұнан 40 жыл бұрын Коммунистік партияның программасын негіздей келіп, В. И. Ленин былай деген еді: «...социалистік қайта құрылыстарды бастай отырып, біз өзіміздің алдымызға түбінде осы қайта құрылыстар арналған мақсатты, атап айтқанда... коммунистік қоғамды құру мақсатын айқын қоюға тиіспіз» (Шығармалар, 27 том, 114-бет). Кәзір коммунистік қоғам орнату миллиондаған бұқараның күнделікті нақты ісі болып отыр. Ұлы Лениннің мәңгі өмір сүретін өсиеттері Коммунистік партия мен оның лениндік Орталық Комитеті бастаған жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және совет интеллигенциясының қажырлы еңбегімен іске асып келеді. Адам баласының кемеңгер ойшылары ғасырлар бойы арман еткен сәулетті болашақ өмір шындығына айналуда.

Еліміздің коммунизмге қарай даму бағдарын белгілей отырып, партия Лениннің данышпан идеяларына үнемі сүйенеді, оның дана нұсқауларын коммунизм құрылысының практикасына творчестволықпен қолданады. Партияның ХХІ съезінен, Н. С. Хрущев жолдастың съездегі баяндамасынан, сондай-ақ КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының қарарларынан революциялық өзгерістер жасайтын лениндік рух айқын сезіледі, олар Лениннің теориялық мұрасын байытады, дамытады.

\* \* \*

\*

В. И. Лениннің ұлы еңбегі сонда, ол Маркс пен Энгельстің негізгі идеяларына сүйеніп, марксизмнің тарихында алғаш рет Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориялық программасы мен саяса-



тын белгілеп берді, езілген халықтардың азаттық күресінің заңдылықтарын ашты, отаршылдық жүйесі сөзсіз күйрейді деген ғылыми негізделген болжау айтты.

В. И. Ленин ұлт мәселесін шешу социалистік революцияның аса маңызды міндеттерінің бірі деп санады. Өмірінің өне бойында ол ұлттық езгінің бітіспес жауы болды, барлық езілген халықтардың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы айбынды күрескер және нағыз интернационалист болды. Патша өкіметінің «бөлшекте де билептесте» деген принципті қолданып, Россия халықтары арасында сенбеушілік пен өшпенділікті өршіткен отаршылдық саясатын Ленин аяусыз өшкереледі. Ұлы Октябрьден көп бұрын Ленин жасаған ұлт мәселесі жөніндегі партияның терең ғылыми программасы социалистік революцияның жеңуіне зор әсерін тигізді.

В. И. Ленин партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасының данышпан теоретигі ғана болып қоймай, оны іс жүзіне асыруды ұлы ұйымдастырушы да болды. Ол патшалық Россияның барлық езілген халықтарын социалистік революцияның туы астына топтастыруға, ұлттар арасында болған өшпенділік пен сенбеушілікті жоюға, барлық ұлт еңбекшілерінің интернационалдық бірлігін нығайтуға зор еңбек сіңірді. Коммунистік партияның совет өкіметі жардайындағы ұлт саясатын белгілей келіп, В. И. Ленин «әртүрлі ұлттардың мүдделеріне орасан зор көңіл бөлушілік қана дау-жанжалдардың негізін жояды, өзара сенбеушілікті жояды...» (Шығармалар, 33 том, 383-бет) деп жазды.

Ленин әр ұлттың тағдырына аса зор аталық қамқорлық жасап отырды, қалың бұқараны жаңа тұрмыс құрылысына белсенді қатыстыруға айрықша мән берді. Ол Советтік Шығыс халықтарына көп көңіл бөлді. «Түркстандағы коммунист жолдастарға» деген хатында 1919 жылғы ноябрьде Ленин былай деп жазды: «Түркстанның халықтарымен дұрыс қатынас орнатудың кәзір Россия Социалистік Федерациялы Советтік Республикасы үшін аса зор, бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар деп асырмай айтуға болады» (Шығармалар, 30 том, 124-бет). Мұнан кейін Владимир Ильич совет өкіметінің Түркстандағы саясаты бүкіл Азия мен дүние жүзіндегі барлық отарлар үшін жаңа өмір құрудың үлгісі болуға тиіс деп атап айтты.

1920 жылы Коминтерннің II конгресінде В. И. Ленин біздің партияның Түркстанда және патшалық Россияның бұрынғы басқа да шет аймақтарында атқарған жұмысы «...қиыншылықтарға карамастан, тіпті пролетариаты жоқ дерлік жерде де бұқараны дербес саяси ойлауға және дербес саяси іске ұмтылдыруға болатынын да көрсетті» (Шығармалар, 31 том, 242-бет), деп мақтанышпен айтқан еді.

В. И. Ленин: алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен артта қалған елдер советтік құрылысқа, ал дамудың белгілі сатылары арқылы капиталистік даму сатысына соқпай-ақ коммунизмге өте алады деген данышпан теориялық қағиданы ұсынып, оны ғылыми дәлелдеді. Өмір лениндік болжаудың данышпандығын толық растады. Бұған айқын дәлел — Советтік Қазақстан. Ол көшпелі мал шаруашылығына сүйенген, тұрмыстың патриархтық-феодалдық калпында болған мейлінше мешеу елден қуатты индустриясы, жоғары дамыған көп салалы ауыл шаруашылығы мен алдыңғы қатарлы мәдениеті бар гүлденген социалистік республикаға айналды.

\* \* \*

Революциядан бұрын Қазақстанның не халде болғаны әбден белгілі. Мұнда патриархтық-феодалдық құрылыс, ру қатынастарының көптеген сарқыншақтары әлеуметтік прогреске бөгет болды, қазақ қоға-

мын тоқыраушылыққа, экономикалық және мәдени мешеулікке душар етті. Қараңғы, түгелдей дерлік сауатсыз қазақ халқы ғасырлар бойы қараңғылықта қармалап келді. Ол өзінің туып-өскен жерінде қисапсыз казна жатқанын, дұрыс пайдалана білсе, ол елін ең бай, ең гүлденген өлкеге айналдыратынын білмеді де, сезбеді де. Шаруашылықтың негізгі саласы болған көшпелі мал шаруашылығы ең жабайы тәсілмен жүргізіліп, құбылмалы табиғаттың кездейсоқ кәріне бағынышты еді. Қазақстанда ірі өнеркәсіп болмады, болуы да мүмкін емес еді, өйткені патша үкіметі қазақ даласына елдің орталығындағы өнеркәсіпті аудандарының зат өткізетін рыногі мен шикізат көзі деп қарады. Патша үкіметінің Қазақстан жөніндегі саясатына толық сайма-сай оның бір үлкен ұлығы былай деді: «Қырғыздардың (яғни қазақтардың.— Н. Ж.) көшпелі ел ретінде біздің астық азығымызды, мануфактуралық бұйымымызды тұтынушы және тері-терсек тағы басқа шикізаттарды өндіруші болғаны пайдалы, сондықтан үкіметтің оларды осы қалпында ұстағаны жөн».

Ұлы Октябрь социалистік революциясы бірден-ақ патша өкіметінің отаршылдық саясатын күл-талқан қылды, езілген халықтарды әлеуметтік және ұлттық езгінің бұғауынан босатып, прогрестің даңғыл жолына алып шықты.

Ұлт мәселесі жөніндегі лениндік программаны басшылыққа алып, Коммунистік партия «великорос емес халықтардың еңбекші бұқараларының ілгері кеткен Орталық Россияны қуып жетуіне жәрдемдесу, осы халықтардың ұлттық-тұрмыс жағдайларына сай келетін формада совет мемлекетін өздерінде дамытып, нығайтуға... көмектесу» (КПСС қарарлары мен шешімдері..., бірінші бөлім, 595-бет) міндеттерін революциядан кейін іле-шала іс жүзіне асыруға кірісті.

1920 жылы октябрьде қазақ халқы өзінің мемлекеттігіне ие болды. Сол жылы Қазақ Автономиялы Республикасын құру туралы В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған декрет қабылданды. Қазақ автономиялы республикасы 1936 жылы одақтас республика болып қайта құрылды. Сөйтіп, қазақ халқы тарихында тұңғыш рет өзін-өзі мемлекеттік дәрежеде басқаруға мүмкіншілік алды; оның ұлттық және мемлекеттік суверендігі туралы ғасырлық арманы орындалды.

Социализм орнату мүдделері Қазақстанның жер қойнауында тұнып жатқан аса бай табиғат қорын совет қоғамының мұқтажына кең пайдалануды керек етті. Марксизм-ленинизм былай деп үйретеді: табиғат қорын пайдалану дәрежесі өндіргіш күштердің даму дәрежесіне байланысты, ал өндіргіш күштердің өзі әлеуметтік-экономикалық құрылыстың сипатына байланысты. Табиғат байлығы өндіргіш күштерді өркендету үшін табиғи база болса, әлеуметтік-экономикалық құрылыс сол дамудың белгілеуші шарты, негізгі қозғаушы күші болады.

Советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыс Қазақстанның сарқылмас табиғи қорларын халық үшін, республикада ауыр индустрия жасау үшін, жеңіл және тамақ өнеркәсібін мейлінше дамыту үшін, ауылшаруашылық өнімдерін жедел көбейту үшін пайдалануға мүмкіншілік берді.

Партияның елімізді индустрияландыру саясатын жүзеге асыру Қазақстанның ғасырлық мешеулігін жоюда шешуші орын алды. Егер Қазақстанды индустрияландыру еліміздің орталық аудандарынан гөрі қиынырақ жағдайда,—артта қалған өзіндік көшпелі шаруашылық жағдайында өткенін еске алсақ, кешегі отар елді аса қысқа мерзімде еліміздің ең ірі индустриялы ауданына айналдыру мақсатын алға қойған партиямыздың теңдесі жоқ жүректілігі мен нағыз революциялық батылдығына тандануға тура келеді. Бұл жолда партияға толып жатқан жалтақтардың, саруайымшылдардың қарсылығын жеңіп отыруға

тура келді, өйткені оларға Қазақстанның индустриялық дамуы ешбір болашағы жоқ бос қиял болып көрінді. Буржуазияшыл ұлтшылдар индустрияландыруға қарсы шығып, қазақ халқына «тән» қасиет—май өсіруге бейімділік, сондықтан қазақ даласында индустрия орын тебе алмайды-мыс дегенді айтты. Іс жүзінде мешеулік пен патриархтық қалыпты мәңгі сақтап қалуды мақсат еткен мұндай пікірсымақтарды өмір шындығы толық бекерге шығарды.

Лениндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыру нәтижесінде Қазақ ССР өнеркәсібі дамыған ең ірі совет республикаларының біріне айналды. Қысқа мерзімде Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің негізгі тараулары құрылды. Тас көмір, металлургия, мұнай, химия өнеркәсібі кең өріс алды. Машина жасау, мұнай айыру, болат, ферросплав, мырыш, сирек металдар өндіру, хромит, марганец шығару, цемент, минералды тыңайтқыштар, жасанды торқа өндіру, мақта-мата, трикотаж, қант өнеркәсібі сияқты өнеркәсіптің тараулары ұйымдастырылды, олар үнемі өсіп келеді. Қазір республикада 26 мың, соның ішінде 7 700 ірі өнеркәсіп орны жұмыс істейді. Оларда жарты миллиондай жұмысшы бар. Революцияға дейін өнеркәсіп пролетариаты жоқтың қасы болған республикамызда ұлт жұмысшы табының құралуы—Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының аса ірі жеңісі.

Республикада өнеркәсіп өнімі үнемі артып келеді. Электр қуатын өндіру мөлшері 1913 жылы 1,3 миллион киловатт-сағат болса, 1940 жылы—632 миллион, ал 1959 жылы—9 315,1 миллион киловатт-сағатқа жетті. 1913 жылы 90 мың тонна көмір шығарылса, ол 1940 жылы 6 972 мың тоннаға, 1959 жылы—31 670 мың тоннаға жетті. 1913 жылы 118 мың тонна мұнай шығарылса, 1940 жылы—697 мың, 1959 жылы—1 544 мың тонна шығарылды.

Біздің республика өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан көптеген капиталистік елдерді шаңына да ертпей кетті. Мәселен, Қазақстан халқы 3 есе кем бола тұрса да, өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін өндіру жағынан Түркиядан анағұрлым озық. 1957 жылы Түркияда 200 мың тонна болат қорытылған болса, Қазақстанда—254 мың тонна болат қорытылды; Қазақстан Түркиядан мұнайды 4,7 есе, көмірді 3,7 есе артық шығарады, электр қуатын 3 еседей артық өндіреді.

Қазақстанның өнеркәсібі үстіміздегі жетіжылдықта мықтап өркендейді. 1958 жылға қарағанда өнеркәсіптің жалпы өнімі 1965 жылы республика бойынша 2,7 есе өспек. 1965 жылы Қазақстанда 50 миллион тонна көмір шығарылашақ. Бұл Австралияның кәзір шығарып отырған көмірінен 2,5 есе, Канададағыдан—5 есе артық болады деген сөз. 1965 жылы Қазақстанда 26 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілмек, бұл — кәзір Индияда өндіріліп отырған электр қуатынан 2,5 есе, Түркиядағыдан—10 есе артық.

Қара металлургия да онан әрі өркендей береді. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты жыл сайын 20 миллион тонна темір рудасын береді, бұл—Великобританияда 1957 жылы шығарылған темір рудасынан 4 есе, Батыс Германиядағыдан—5 есе, Индиядағыдан—6 есе артық. Салыстыру үшін мәлімет келтірейік: 1957 жылы Великобритания мен Батыс Германияда, екеуін қоса есептегенде, 9 миллион тонна темір рудасы шығарылған еді.

Үстіміздегі жетіжылдықта Лисаков және Қашар кен байыту комбинаттары салынып болады. Лисаков және Әйет темір рудасы кенінің қоры кәзіргі уақытта Батыс Еуропаның қара металлургиясының негізгі кен базасы болып отырған атақты Лотарингия кендерінің қорынан мөлшері жағынан да, сапасы жағынан да анағұрлым асып түседі.

Үстіміздегі жетіжылдықта халық Қазақстан Магниткасы деп атап кеткен Қарағанды металлургия заводы қатарға қосылады. Завод жылы-

на бүкіл Россияда 1913 жылы қорытылған барлық болатқа теңбе-тең өнім береді. Машина жасау, химия өнеркәсібі және ауыр индустрияның басқа да тараулары мықтап өркендейтін болады.

Жетіжылдықта жеңіл және тамақ өнеркәсібі мейлінше дамытылды. Революцияға дейін мұндай өнеркәсіп мардымсыз еді. 1913 жылы патшалық Россияда тамақ өнеркәсібінің 300 мың кәсіпорны болды, олар көбінесе диірмен, жарма тартқыш, нан пісіретін орын және тағы сондайлар еді. Бұл кезде Қазақстанда болғаны 60 шақты диірмен, нан пісіретін орын бар-ды. Қазақстанда аяқ киім, тігін, жіп иіру, тоқыма, тері ұқсату фабрикалары атымен жоқ болатын. Кәзір республикамызда жеңіл және тамақ өнеркәсібі мықтап өркендеді. Мысалы, тері өңдеу жөнінде Қазақстан елімізде екінші орын алады.

Совет адамы тұтынатын товарларды шығару үздіксіз ұлғаяды. Республиканың жеңіл өнеркәсібіне жеті жылда жұмсалатын қаржы бұған дейінгі жеті жылда жұмсалған қаржыдан 6,4 есе көп, ал тамақ өнеркәсібіне жұмсалатын қаржы 4 есе артық.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында түбірлі өзгерістер жасалды. Бұрынғы ұсақ және бытыраңқы 1,2 миллион шаруа шаруашылықтарының орнында осы заманғы техникамен қаруланған ірі социалистік ауылшаруашылық кәсіпорындары пайда болды. Республикамызда кәзір 1 484 колхоз, 836 совхоз, 196 жөндеу-техника станциясы бар.

Революцияға дейінгі Қазақстанның ауыл шаруашылығында жұмыс негізінен қолмен атқарылатын. Ол кезде 317 мың соқа, 270 мың ағаш тырма болатын. «Техника» атаулы осы еді. Мың шаруа шаруашылығына шаққанда ол кезде 6 сеялка, 50 шөп шабатын жатка, 13 веялка және 12 молотилка бар-ды.

Кәзір Қазақстанның ауыл шаруашылығында жұмыс түгел дерлік машиналанды. Ауыл шаруашылығында 15 аттың күшімен есептегенде 275 мың трактор және 96 мың комбайн бар. Бұл арада салыстыру үшін 1956 жылы Испанияда 30 мың трактор, Түркияда 18 мың трактор болғанын айтып өтуге болады. Ауыл шаруашылығы КПСС Орталық Комитетінің тарихи сентябрь (1953 жыл) Пленумынан кейін, Орталық Комитеттің және Н. С. Хрущев жолдастың өзінің бастамасымен ауылшаруашылық өндірісінің барлық саласын үздік өркендету жөнінде аса ірі шаралар жүзеге асырылған кезде күрт көтерілді. Тың және тынайған жерді кең көлемде игеру осы шаралардың ішінде маңызды орын алды. Соңғы жылдары Қазақстанда 23 миллион гектардан астам тың жер игерілді, соның нәтижесінде егіс көлемі мықтап ұлғайды, астық өндіру күрт артты. 1913 жылы Қазақстанның барлық егісінің көлемі болғаны 4 миллион 171,6 мың гектар, ал 1953 жылы — 9 миллион 716,9 мың гектар еді. Ол 1959 жылы 28 миллион гектарға жетті. 1950—1953 жылдары орта есеппен жыл сайын республикада 250 миллион пұт астық өндіріліп, оның 112 миллион пұты мемлекетке тапсырылды. Тың жер игеру нәтижесінде соңғы 4 жылда астықтың жыл сайынғы орташа өнімі 1 148 миллион пұтқа жеткізіліп, мемлекетке жыл сайын тапсырылған астық мөлшері 724 миллион пұтқа жетті.

Республикада астық өндірудің күрт ұлғаюы қоғамдық мал шаруашылығын дамытуға қолайлы әсер етеді. Кәзір Қазақстанда барлық түліктен 39 миллион бас мал бар. Сүт өндіру 1959 жылы 1953 жылғымен салыстырғанда 153 процент, ет өндіру 164 процент, жүн өндіру 178 процент ұлғайды.

Қазақстан Коммунист партиясының X съезі астықтың жыл сайынғы өнімін кемінде 1,5 миллиард пұтқа жеткізу, 1963 жылдың аяғында ірі қара мал санын 7 миллионға дейін көбейту, оның ішінде сиыр санын 2,8 миллионға жеткізу, қойды — 44 миллионға, шошқаны 2 миллионға және құс санын 25 миллионға жеткізу міндетін алға қойды. Бұл міндетті орындау үшін қажетті жағдай мен мүмкіндіктің бәрі бар.

\* \*

\*

В. И. Ленин экономиканы осы заманғы ғылым мен техниканың негізінде, елді электрлендіру негізінде ғана социалистік жолмен қайта құруға болады деп көрсетті. «Электрлендіруге, — деді Ленин, — сауатсыз адамдар жарамайды және тек сауатты болу бұл арада жеткіліксіз» сондықтан «біз мәдениетті орасан зор көтеруіміз керек».

Өзінің даңқты «Кооперация туралы» мақаласында В. И. Ленин ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру міндетін орындау үшін мәдени дамудың тарихи дәуірін өту керек, «бұл ерекше тарихи дәуірден өтпейінше, жұрт тегіс сауатты болмайынша, жеткілікті дәрежеде зейінді болмайынша, кітапты пайдалануға халықты жеткілікті дәрежеде дағдыландырмайынша... міне осылар болмайынша біз өзіміздің мақсатымызға жете алмаймыз» деп көрсетті. (Шығармалар, 33 том, 471-бет).

Мәдени революция міндеттерін жүзеге асыруда Ленин еліміздің бұрын артта қалған, езілген халықтарына ерекше көмек көрсетті. 1919 жылы Совет республикасының мұсылмандар және Россияның орыс емес басқа да халықтарының арасындағы қызметін айта келіп, ол былай деп жазды: «...Біз әрбір халықтың дербес, еркін дамуына, әркімнің өз ана тілінде жазылған әдебиетінің өсіп, тарауына барынша көмектесіп отырымыз...» (Шығармалар, 29 том, 517-бет).

Қазақ халқының мұқтажы мен тілегіне де Владимир Ильичтің ерекше зейін қойып, сергек қарағаны мәлім. 1920 жылғы 26 июньде ол Сибирьдің совет мекемелеріне «Осыны ұсынушы Илья Данилович Путинцев жолдасқа өзінің тұрған жері — Семей губерниясы Павлодар уезінде балалар бақшасын және басқа да сондай орындар ұйымдастыру үшін барлық қажетті жәрдемді көрсетулеріңізді өтінемін» деп жазды.

1920 жылғы 4 июльде Владимир Ильич Ленин Мемлекеттік баспа басқармасына және Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советіне мынадай хат жазды. «Қазақ жолдастар әріп құю, баспахана және қағаз жөнінен көмек сұрайды. Соларды қабылдап, барынша көмек көрсетуді өтінемін».

Мәдени революцияның лениндік программасын орындай отырып, Коммунист партиясы еліміздің мәдени даму жөніндегі мешеулігін жою жөнінде орасан зор жұмысты жүзеге асырды. Революцияға дейінгі Россия халқының 76 проценті сауатсыз еді. Мектеп жасындағы балалардың 80 проценті мүлде оқи алмайтын. Россияның шеткі ұлт аймағындағы жағдай мұнан да нашар еді. Қазақстан халқының 2 проценті ғана сауатты болса да, халыққа білім беруге мұнда жұмсалатын қаржы бүкіл Россия бойынша жұмсалған қаржының орташа мөлшерінен көп кем еді. 1910—1912 жылдары Орда, Акмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарында халыққа білім беруге жұмсаған шығынды адам басына шаққанда ол Орда аймағында жан басына — 14,02 тиын, Акмолада — 36 тиын, Семейде — 16,2 тиын, Жетісуда — 13,4 тиын, Сырдарияда — 21,7 тиын болды. 1913 жылы Қазақстанда болғаны 139 кітапхана жұмыс істеді. Онда 98 мың ғана кітап болды. Сол жылы жалпы тиражы 4 мың дана болып, 13 кітап шықты. Қазақстанда ол кезде барлығы 11 газет шығатын.

Революцияға дейінгі Қазақстанның мәдени дәрежесін кәзіргі жан-жақты өркендеген мәдениетіміздің дәрежесімен ешбір салыстыруға болмайды. Мұнан 40 жыл бұрын Ленин алға қойған міндет — «мәдениетті орасан зор көтеру» міндеті бүкіл елімізде, оның орталық ауданында ғана емес, сонымен бірге шеткері аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда да ойдағыдай жүзеге асырылды.

Қазақстан — жаппай сауатты республика. Бізде жана интеллигенция өсті, ол коммунизм орнатудың ұлы ісіне өзінің барлық күш-жігерін,

барлық талантын жұмсап отыр. Республиканың халық шаруашылығында жоғары және арнаулы орта білімі бар 306,1 мың маман жұмыс істейді. Қазақстандағы 10 258 мектепте 1 миллион 630 мың бала оқиды. 1913 жылғымен салыстырғанда оқушылар саны 15,2 есе көбейді. Ал осы уақыттың ішінде халықтың саны 1,6 есе өсті. 1913 жылы Қазақстанда 12 орта мектеп бар-ды, онда 4 мыңдай ғана бала оқитын. Кәзір республикамызда 1 325 орта мектеп бар, онда 779 мың бала оқиды. Республиканың 27 жоғары оқу орнында және 140 арнаулы орта оқу орындарында 152 мың студент оқиды.

В. И. Ленин біздің елде ғылым «шынымен қанға да, тәнге де сіңуі, тұрмыстың нағыз мүшелі бір элементіне толық және шындап айналуы» (Шығармалар, 33 том, 491-бет) міндет деп көрсеткен болатын.

Совет Одағында, соның ішінде Қазақстанда бұл міндет ойдағыдай орындалды. Қазақ ССР Ғылым академиясының, Ауылшаруашылық ғылымдары қазақ академиясының, Бүкілодақтық архитектура және құрылыс академиясы филиалының, сондай-ақ жоғары оқу орындарының ғалымдары осы заманғы ілімнің барлық саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті академик Қ. И. Сәтпаев басқарған геология институты, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі В. Г. Фесенков басқаратын астрофизика институты еліміздің аса ірі ғылыми мекемелерінің қатарына кіреді.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның әдебиеті мен көркемөнері үздік өсіп, гүлденді. Бұл әдебиет пен көркемөнер шын мағнасында Октябрь перзенті. Москвада жоғары идеялық және көркемдік дәрежеде өткен онкүндік тұсында қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің тамаша табыстары айқын көрінді. Қазақтың көрнекті жазушылары Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароковтарды басқа елдерде де біледі. Аса көрнекті шығарма «Абай» романы үшін Мұқтар Әуезовке Лениндік сыйлық берілуі қазақ әдебиетінің биік дәрежеге көтерілгенін айқын дәлелдейді.

Көркемөнердің ірі коллективтері — Абай атындағы опера және балет театры, Қазақтың академиялық драма театры, Республикалық орыс театры, халық аспаптарының Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестрі, балалар мен жасөспірімдер театры, Мемлекеттік ән-би ансамблі, Мемлекеттік хор капелласы, киностудия, сондай-ақ көптеген облыстық театрлар кәсіби шеберліктің жоғары дәрежесіне көтерілді. Шығармасын халық ұнатқан талантты композиторлар мен суретшілер қатары көбейді. СССР халық артисі композитор Мұқан Төлебаевтың «Біржан Сара» операсы қазақ көркемөнері мен әдебиетінің Москвада болған онкүндігінде жоғары баға алды.

Республикамызда қазақ, орыс, корей, ұйғыр және өзбек тілінде 325 газет, журнал шығады, оның жалпы тиражы 2 миллион 662 мың дана. Жыл сайынғы жалпы тиражы 15 миллионнан астам 900 кітап шығады. 13 мыңнан астам қоғамдық кітапхана бар, ондағы кітаптың саны 31 миллионнан асады. Киноқондырғылар саны соңғы алты жылда 2,7 есе көбейді. Мәдениет сарайы, мәдениет үйі, оқу үйі, қызыл отау сияқты мекемелер халықтың арасында үлкен мәдени жұмыс жүргізеді. Радио мен телевидение еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің ізгі ісіне қызмет етеді. Республикамызда 900 мың радио нүкте, 400 мың радиобабылдағыш, 50 мыңнан астам телевизор жұмыс істейді.

Совет адамының рухани бейнесінің өзгеруі мәдени революцияның негізгі жетістігі, басты табысы болып табылады. Бүгінгі жұмысшы немесе колхозшы қазақ дүние танымы, ой-өрісі, жалпы мәдениет дәрежесі, саналылығы жағынан сауатсыздық пен мәдениетсіздік, діни сенімдер мен патриархтық әдеттер жайлаған бұрынғы ауылдағы көшпелі қазақтардан бүтіндей өзгеше. Бүгінгі қазақ ең алдымен материалдық және рухани байлықты өз қолымен жасаушы, жаңа тұрмысты саналы-

лықпен белсеніп құрушы, орыстың революциялық тәсіліне, коммунистік іскерлікке үйренген қазақ. Жеке меншік, бытыраңқы еңбек және көшпелі тұрмыс туғызған ескі әдет-ғұрып, салт-санадан ол түгелдей арылды деуге болады. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы ұлан-асыр жұмыстың кең көлемі, қамы оның күнбе-күнгі өмірлік үйреншікті ісіне айналды.

Қазақ халқы өзінің барлық табыстары үшін Коммунистік партияның дана лениндік саясатына, советтік құрылысқа және туысқан барлық халықтарға, ең алдымен ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегіне борышты. Орыс халқының үздіксіз және үдемелі көмегі болмаса, қазақ халқы өз күшімен орасан зор социалистік өзгертулерді ешуақытта да жасай алмаған болар еді, өзінің артта қалған мешеу елін гүлденген индустриялы-аграрлы республикаға айналдыра алмас еді. Ұлы орыс халқымен арадағы тарихы бай ежелгі достық қазақ халқының қайта туып көркеюіне қозғаушы күш болып алды. Қазақ халқы экономикалық тұрмысының, саяси, мәдени өмірінің барлық саласында да осы мызғымас ұлы достықтың ізгі әсерін сезіп отырады.

Бұл достық болмаса қазақ халқы өте қысқа мерзімде индустрияның аса маңызды бірнеше ошағын құра алмас еді, транспортты жетілдіре алмаған болар еді, жаппай коллективтендіруді жүзеге асыра алмас еді. Қазақстанға еліміздің жоғары өркендеген индустриялды орталықтары Москва, Ленинград, Горький, Челябинск, Новосибирск, Сталинград сияқты қалалар қалтқысыз көмектесті. Орыс жұмысшы табы, орыс инженер-техниктері қазақ халқына өзінің техникалық тәжірибесін, білімі мен тәсілін іркіліссіз үйретті. Сонау 30 жылдары Қазақстанды қамқорлыққа алған Москва мен Ленинград еңбекшілері республикамызды индустрияландыруға көп көмегін тигізді. Кузбасс пен Донбастың көміршілері Қарағанды бассейнін құруға, Орал болатшылары металлургия заводтарын салуға көмектесті. Россия Федерациясы мен Украина заводтарында жасалған жабдықтар Қазақстанның кәсіпорындарына үздіксіз жөнелтіліп жатты. Ембінің мұнайшылары Грозныйдың, Майкоптың, Бакудың мұнайшыларының тәжірибесін кең пайдаланды. Еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінен республикамызға ғылыми және техникалық интеллигенцияның көптеген кадры келді.

Орыс жұмысшы табының көмегімен Қазақстанның тарихында тұңғыш рет ұлт жұмысшы табы ұйымдасты, өсті және нығайды. Орыс жұмысшылары ұлт жұмысшы табының тұңғыш ұстазы және тәрбиешісі болды. Кешегі көшпелі малшы қазақ осы заманғы индустрияны көріп қана қоймай, сонымен бірге оны, осы заманғы заводтар мен фабрикаларды салуға өзі де қатысып, социалистік дәуір адамының жұмыс әдісіне, әдет-ғұрпына ие болған болса, ол бұл үшін орыс жұмысшысына борышты.

Орыс жұмысшы табының көмегімен 1921 жылы құрылған Қазақстан партия ұйымы өсіп, жетіліп, үлкен күшке айналды. Қазақстанда социализм құрылысының басшы күшіне айналған бұл партияның тууы және нығаюы ең алдымен орыс жұмысшыларына байланысты, өйткені олар бұл партияның негізгі ұйтқысы болды. Патриархтық, феодалдық қатынастарға қарсы, буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы бітіспес күрес жүргізген қазақ коммунистері пролетарлық интернационализм идеологиясынан қуат алды. Бұл идеологияның дем берушісі орыс жұмысшы табы және оның алдыңғы қатарлы отряды — Совет Одағының Коммунистік партиясы болды.

Орыс халқының бұл көмегі үлгісінен біз Владимир Ильич Лениннің көрегендігін көреміз. Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында ол пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін ұлттық қанаудан азат етілген еңбекшілер бұқарасы алдыңғы қатарлы, үлкен социа-

листік ұлттармен мейлінше жақындасуға — одақ болуға барынша ұмтылады деп атап көрсеткен болатын. Қазақ халқы үшін мұндай алдыңғы қатарлы ұлт орыс халқы болып табылды.

Коммунизм жаулары біздің шынайы өмірімізге, Коммунист партиясының дана ұлт саясатына, совет халықтарының интернационалдық бірлігіне жала жабу үшін жанталасуда. Олар бізде халықтардың берік достығының орнына ұлт араздығының, социалистік ұлттардың туысқандық өзара көмегінің орнына олардың алакөз болуын көксейді.

Буржуазия идеологтары совет құрылысына, КПСС саясатына жала жабу үшін қанша күш салса да, олар совет халықтарының ұлы достығы мен болаттай бірлігін бұза алмайды.

\* \*

\*

Қазақстанда жасалған социалистік өзгерістің бәрі де ұлы Лениннің есімімен тығыз байланысты. Оның өсиеттерін орындай отырып, республиканың еңбекшілері Совет Одағы халықтарының туысқандық семьясында шаруашылық және мәдени құрылыста жаңа табыстарға жете береді.

Қазақстан Коммунист партиясының жуырда болып өткен X съезі республика партия ұйымының және бүкіл еңбекшілерінің алдында тұрған нақты міндеттерді белгіледі. Съездің қарарында КПСС ХХІ съезінің және партияның Орталық Комитеті пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру, халық шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендетудің, халықтың әл-ауқатын көтерудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы қала мен деревня еңбеккерлерінің социалистік жарысын кең өрістетуді, елімізде коммунистік қоғамды құру ісіне барлық еңбекшілерді белсенді қатыстыру республика партия ұйымының маңызды міндеті делінген.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 90 жыл толуын мерекелей отырып, Қазақстан еңбекшілері Коммунист партиясының басшылығымен бүкіл совет халқымен бірге коммунизмнің биік шыңына қарай нық қадам басып келеді.





# Советтік Қазақстан туралы Лениндік қамқорлық

С. БӘЙІШЕВ

В. И. Ленин — барлық халықтардың ең жақын досы, қамқоршысы. Бүкіл тарих алдындағы, бүкіл еңбекші адамзат алдындағы Лениннің бір аса зор еңбегі мынада — ол бұрын артта қалған, әлеуметтік және ұлттық езуде болған елдер мен халықтарды өркендетудің қамын ойлады, екі елі есінен шығармады. Мұның бәрін біз В. И. Лениннің мәңгі өшпес теориялық еңбектерінен ғана емес, совет өкіметінің алғашқы жылдарында Коммунистік партия мен Совет мемлекетін басқару үстінде атқарған асқар таудай алып нақты істерінен айқын көреміз.

В. И. Ленин барынша терең, барынша жанжақты талдап шешкен теориялық мәселелердің бірі — бұрын артта қалған елдер мен халықтардың капиталистік дамуға соқпастан социализмге өтуі туралы идея. Бұл идеяны жасау арқылы Ленин ғылыми коммунизм теориясына үлкен үлес қосты. Капитализмнің азапты жолына соқпастан социализмге өту туралы Лениндік теория бұрын артта қалған қазақ халқының тағдырына, Қазақстанның болашақта дамуына тікелей қатысты еді. Бұл теориялық қағида бойынша Қазақстан және сол сияқты бұрын артта қалған елдер алдыңғы қатардағы елдердің пролетариаты, атап айтқанда Россия жұмысшы табының көмегі арқасында капитализмге соқпастан социализмге өте алды. Мұның өзі марксизм дамуындағы зор жаңалық болумен қатар, социалистік революцияның одан әрі дамуына, коммунистік идеалдардың іс жүзіне асуына тек қана ғылыми жағынан емес, саяси және практикалық жағынан үлкен әсер ететін қағида.

В. И. Ленин ертеде артта қалған елдердің социалистік жолмен дамуы туралы теорияны ашып, тыянақты етіп, дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен қатар бұл теорияны іс жүзіне асыру жолында аса зор жұмыстар атқарды. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің назары мен күшін бұрын артта қалған халықтар мен елдердің өсуі мен өркендеуіне аударып, жұмсады.

\* \*  
\*

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісі нәтижесінде тарихта тұңғыш рет орнатылған социалистік мемлекетке басшылық ету үлесі әбден табиғи және заңды түрде В. И. Ленинге тиді. Мұнымен қатар бұл кезде Ленин бүкіл халықаралық коммунистік қозғалысқа басшылық етті. Міне осындай әржақты теориялық та, практикалық та алып жұмыс үстінде В. И. Ленин бұрынғы артта қалған ұлт аймақтары халықтарының тағдырына қатысты, олардың жаңа жағдайда даму жолдарына байланысты мәселелерге айрықша назар аударады, бұлармен барынша шұғылданады.

Мұның өзі Қазақстан мысалынан да өте-мөте айқын көрінеді. В. И. Ленин социалистік революцияны әзірлеу мен өткізу кезінде-ақ Россияның бұрын артта қалып қойған халықтары жаңа өмір орнату ісінде алдыңғы қатардағы халықтардың, алдымен орыс халқының көмегін қажет етеді, барлық халықтардың күш-жігерін жете біріктіру керек деп талай рет атап көрсетті.

Бұл шынында да солай еді. Тек осындай жолдармен ғана және тек осындай жағдайда ғана социализм жеңісі қамтамасыз етілетін еді.

Бұл үшін Россияның бұрын артта қалған және езілген халықтарының советтік негізде құрылған өз мемлекеті болуға тиіс; ұлттық аймақтар еңбекшілері әрі кең, әрі батыл түрде социалистік құрылысқа тартылуы қажет; болашақ советтік ұлттық республикалар мен облыстардың шаруашылығы мен мәдениетінің даму қарқыны барынша жоғары болу керек, сөйтіп олар елдің алдыңғы қатардағы аудандары мен облыстарын тез қуып жетуі тиіс деген қағидаларды В. И. Ленин үнемі айтып та, іс жүзіне асыруды барлық партия және совет органдарынан талап етіп те отырды.

Бұрынғы ұлттық аймақтардың, соның ішінде Қазақстанның дамуы туралы, қазақ халқының советтік негізде өркендеуі туралы В. И. Лениннің көрсеткен аталық қамқорлығы жөнінде көптеген документтер де, тарихи сипаттамалар да бар.

Жеңіске жеткен Октябрь революциясының алғашқы күндерінде-ақ, 1917 жылғы ноябрь айының ортасында, В. И. Ленин қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі, қазақтан шыққан тұңғыш большевик Ә. Жанкелдинді қабылдайды, онымен ұзақ әңгімелеседі, қазақ халқының халімен, мұң-мұқтажымен танысады. Ә. Жанкелдиннің бұл әңгіме жайында жазған естеліктеріне қарағанда, В. И. Ленин былай деген:

«Буржуазиялық революция езілген халыққа ешнәрсе бере алмайды. Большевиктер программасына езілген халықтарды азат ету және оларға дербес түрде дамуға мүмкіндік беру міндеті енеді. Біздің тактикамыз былай болуға тиіс: өз жағымызға интеллигенцияны, халықтың мәдени күштерін тартуымыз керек. Жау атаулыға рақым болмауға тиіс. Қазақ өлкесіне барыңыз, жұмыс істеңіз. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды жақтаңыз».

Осы әңгімеден кейін В. И. Ленин мен Я. М. Свердловтың ұсынысы бойынша Ә. Жанкелдин Торғай облысының төтенше комиссары болып тағайындалады, қазақ даласында совет өкіметін орнату ісіне белсене қатысады, Ұлы Октябрь жеңістерін қазақ даласында баянды ету үшін күреседі. Бұл сияқты зор революциялық шараларды іс жүзіне асыруда ол В. И. Лениннің өзінен, орталық партия және совет органдары тарапынан ылғи көмек алып отырады.

В. И. Лениннің тікелей нұсқауы бойынша бұдан кейін де Қазақстанға партия насихатшылары мен ұйымдастырушыларының көптеген топтары жіберіледі. Бұлар социалистік революцияны одан әрі өрістете беру ісіне, партия ұйымдары мен Советтерді құру жұмыстарына басшылық етеді, еңбекші бұқараны социалистік құрылысқа кең тарту жұмыстарын ұйымдастырады. Коммунистік партия жіберген ұйымдастырушылардың жәрдемімен Қазақстан еңбекшілері барлық жерде де Советтер—пролетариат диктатурасы органдарын құрды. Мәселен, 1918—1920 жылдары Қазақстанда жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің болыстық, уездік және облыстық съездері болып өтті. Советтерді сайлау жұмыстары Қазақстанды мекен еткен барлық ұлттар еңбекшілерінің саяси белсенділігін туғызды, советтер төңірегіне халықтың ең жақсы күштері топталды. Советтер идеясы халық бұқарасының қалың ортасына енді. Қазақстанның кең байтақ жерінде өте аз уақыттың ішінде совет өкіметінің орнауы белгілі лениндік қағиданың—совет өкіметінің идеялары мен принциптері өнеркәсіп орталықтарының да, шаруашылық аймақтардың да еңбекшілері мүдделеріне жауап береді, әбден үйлесімді деген қағиданың дұрыс екендігін дәлелдейтін сипаттама.

Бұл әбден түсінікті. Өйткені, В. И. Ленин айтқандай, «жұмысшылар мен шаруалардың Советтері дегеніміз—мемлекеттің жаңа түрі, демократияның жаңа жоғарғы түрі, бұл—пролетариат диктатурасының

формасы, мемлекетті буржуазиясыз және буржуазияға қарсы басқарудың тәсілі... Ең тұңғыш рет халық бұқарасы, пролетарлар мен жартылай пролетарлардың диктатурасын жүзеге асыру міндетін жүздеген миллион адамдар қатысқан көлемде шешіп жатыр — ал, оны шешпей тұрып социализм туралы әңгіменің де болуы мүмкін емес».

Қазақстанда социалистік экономиканың негізін жасауда, социалистік өндіріс тәсілін орнатуда В. И. Ленин талай зор көмек көрсетті, бағалы нұсқаулар берді, орталық партия, совет және тиісті шаруашылық органдарының назарын осы революциялық шараларды іс жүзіне асыруға айрықша аударып отырды. Октябрь революциясының алғашқы кезеңінен бастап-ақ лениндік тарихи декреттер негізінде өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктену тәртібіне қарсы күрес ашылды. Жерді национализациялау (мемлекет қарамағына алу) жүргізілді, жерді сату және сатып алу атаулыға тиым салынды, патша өкіметінің иелігіндегі, помещиктер мен феодалдардың қарамағындағы жерлердің бәрі еңбекші бұқара пайдалануына берілді. Жетісу бойында жер-су реформасы жүргізілді. Осылардың бәрінің нәтижесінде қазақ шаруалары, басқа жергілікті ұлттардың еңбекшілері егін салуға, мал бағуға жарайтын миллиондаған гектар шұрайлы жер алды.

1918 жылдың басынан бері қарай өнеркәсіп, транспорт, банк, ірі сауда кәсіпорындары да мемлекет қарамағына алына бастады. Қазақстан жеріндегі кен өнеркәсібінің кәсіпорындары, темір жол тораптары, мұнай кәсіпшілік және басқалары мемлекет, қоғам меншігіне айналды. Мәселен, Риддер қоғамының барлық кәсіпорындарын, Екібастұз көмір кенін, Спасскідегі мыс қорыту заводын, Ембі мұнай кәсіпорындарын национализациялау туралы Совет үкіметінің қаулылары В. И. Лениннің тікелей нұсқауы және қол қоюы бойынша қабылданды.

Сонымен, совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ лениндік идеялар бойынша Қазақстанда әлденеше жүздеген өнеркәсіп, транспорт, банк, ауылшаруашылық және сауда кәсіпорындары қоғам қарамағына алынды. Қанаушы таптарға—капиталистер мен помещиктерге алғашқы қатты соққы берілді. Халық шаруашылығының барлық салаларында да жаңа, социалистік экономиканың іргесі қаланды, негізі салынды. Халық бұқарасының маңдай тері, табан еті арқылы жасалған байлықтар өз несіне — халыққа қайтарылып берілді.

Шет ел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында да Қазақстан еңбекшілері В. И. Лениннен көп жәрдем, моральдық көмек алды. Бұл жылдары В. И. Лениннің нұсқауы бойынша Қазақстан жерін ішкі және сыртқы жау атаулыдан әбден арылту үшін саналуан әскерлер, әскери басшылар келеді. Бұлар Алаш-Орда, Колчак, Дутов және басқа контрреволюциялық үкіметтерге, олардың әскерлеріне қарсы күрес жүргізеді, жергілікті еңбекшілерді революция жеңістерін сақтап қалуға жұмылдырады. Мәселен, В. И. Ленин 1919 жылы ақгвардияшылардың қоршауында қалған Орал қаласының еңбекшілеріне мынадай үндеу хат жазады:

«Уральскідегі жолдастарға, қоршаудағы Уральскінің елу күндік қорғанысындағы ерлерге менің жалынды сәлемімді және рухтары түспей, тағыда бірнеше апта төтеп берсін деген өтінішімді жеткізуіңізді сұраймын. Уральскіні ерлікпен қорғау ісі жеңіспен аяқталады».

Оралдықтар В. И. Лениннің өтінішін абыроймен орындады, ақтардың шабуылын ерлікпен тойтарды. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ Орал қаласы ақтардың қоршауынан босатылады. Бұған байланысты В. И. Лениннің қолымен жұмысшы-шаруа қорғаныс Советі «Уральскіні қорғаушылардың ерлігі туралы» және «Түркстан майданының 1-ші армиясының еңбегі туралы» деген екі қаулы қабылдайды. Бұл қаулыларда Орал қаласын қорғаушылардың ерлігі, батылдығы және революция ісіне шексіз берілгендігі атап көрсетіледі; Орал қаласын екі ай

бойы қорғаған қызыл әскерлер мен командирлер құрамына қорғау кезінің әрбір айы үшін үш айлық жалақы беріледі, ал Совет Россиясын Қызыл Түркстанмен қосатын жолдарды ақтардан босатқаны үшін Түркстан майданының 1-ші армиясының қызыл әскерлері мен командирлер құрамына алғыс жарияланады.

В. И. Ленин Қазақстанда Совет мемлекетін құрудың ұйымдастырушысы және дем берушісі де болды. Бұл мәселені ол Октябрь революциясының алғашқы кезеңдерінен бастап қолға алған еді. Бірақ 1918 жылдың алғашқы жартысынан бастап-ақ етек алған азамат соғысы, шетелдік соғыс интервенциясы Қазақстанда советтік автономия құруға мүмкіндік бермеді. Сондықтан бұл күрделі мәселенің шешілуі уақытша кейінге қалдырылды. Шет ел соғыс интервенциясына тойтарыс беріліп, азамат соғысы аяқталуға беталысымен-ақ В. И. Ленин бұрынғы өртта қалған ұлт аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда советтік автономия құру туралы мәселені қайтадан көтерді. 1920 жылдың жазында В. И. Лениннің бастамасы бойынша Москва қаласында Қазақстан автономиясы туралы мәселе жөнінде арнаулы кеңес өткізілді. Бұдан кейін көп ұзамай, сол жылдың 26-ші августында, В. И. Ленин мен М. И. Калинин өздері қол қойып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы декрет жариялады. Бұған сәйкес Қазақ АССР Советтерінің бірінші құрылтай съезі 1920 жылғы 4 октябрьде болды. Қазақ Совет Республикасын құру туралы лениндік декрет және оның іс жүзіне асуы қазақ халқының және Қазақстандағы барлық еңбекшілердің нағыз түбірлі мүдделеріне жауап берді, қазақ халқының шын мәнісінде өркендеуі туралы қамқорлықтың жарқын бейнесі деп бағаланды және бұл үшін барлық еңбекші бұқараның В. И. Ленинге, Коммунистік партияға деген алғысының ешбір шегі болмады.

Бұл жылдары В. И. Ленин Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуының басқа да көптеген мәселелерімен шұғылданып отырды. Қазақстанда 20-ші жылдардың басында басшы қызметте болған, Коммунистік партияның 1898 жылдан мүшесі В. А. Радус-Зенкович өзінің естеліктерінде жалпы алғанда Қазақстан жөнінде, жекелеп алғанда Алтайда түсті металлургияны қалпына келтіру туралы, темір жол құрылысын дамыту туралы В. И. Лениннің тынбастан қамқорлық көрсеткенін баяндайды.

«В. И. Ленин, — деп жазады В. А. Радус-Зенкович, — бізге Алтай кенін пайдалану мен дамытуда, атап айтқанда Риддерді (қазіргі Лениногорскіні) өркендетуге көп көмек көрсетті. 1921 жылғы сентябрь айының орта шенінде В. И. Ленин Риддер рудниктерінің басқарушысын қабылдады, қалпына келтіру жұмысының хал-жағдайымен жетектанысты... Владимир Ильич риддерлік жұмысшылардың рудниктерді өз күшімізбен қалпына келтіреміз деген талаптарын түгелдей қуаттады. Риддердегі рудниктерді концессияға беру туралы Урквартпен жасалған договор Лениннің ұсынысы бойынша бұздырылды. Петропавловск—Көкшетау темір жолын тез салып болу жөнінде де В. И. Ленин көп шаралар қолданды».

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда жауапты қызметте болған қарт большевиктердің бірі С. С. Пестковский В. И. Ленинмен кездесулер кезінде көшпелі қазақ ауылдарында партия және саяси-ағарту жұмыстарын ұйымдастырудағы кездесетін қиыншылықтарды айтқан екен. Сонда В. И. Ленин былай деп ақыл айтқан:

«Совет Конституциясы туралы, Коммунистік партияның принциптері туралы, біздің ұлт саясатымыз туралы бірсыпыра баяндама ұйымдастырыңыз. Өз араларыңыздан жақсы және жұрт білетін лекторлар таңдап алыңыздар, олар баяндамалар жазатын немесе оқитын болсын. Бұл баяндамаларды қазақ тіліне аудару керек... Содан кейін бұл баян-

дамаларды граммофон пластинкаларына жазғызып алу керек. Онан кейін біздің жабдықтау органдарымыз арқылы мүмкін болғанынша көбірек етіп граммофон алыңыздар. Бұл жағынан сіздерге жәрдем көрсетеміз. Граммофондар мен пластинкаларды ауылдан ауылға таратыңыздар, сөйтіп қалың көшпелі бұқараның арасында біздің үгіт және насихат жұмысымызды бастаныздар».

Алғашқы қазақ коммунистерінің бірі Х. Д. Чуриннің бақытына В. И. Ленинмен бірнеше рет кездесіп, жолығуға тура келді. Осы кездесулері жайында ол естеліктер жазып жүр. Сол естеліктердің бірінде Х. Д. Чурин жолдас мынадай бір жағдайды баяндайды. 1919 жылғы декабрь айында В. И. Ленин Советтердің VII Бүкілроссиялық съезінің делегаттарымен Қазақстанда, Башқұртстанда, Татарстанда советтік автономия құру туралы кеңес өткізеді. Сол кеңесте Қазақстан өкілдеріне арнап, В. И. Ленин былай деген:

«Шынында да сіздің өлкеңіздің байлығы мол, мүмкіншілігі зор. Бұл өлкені өркендету керек. Біз оны, сөзсіз, өркендетіп бағамыз және өркендетеміз де».

Қазақстанда мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстың В. И. Ленин назар аудармаған және көңіл қоймаған бірде-бір саласы жоқ десек, ешбір асырып айтылғандық болмайды. В. И. Ленин қазақ халқының тілектері мен мұң-мұқтаждарына айрықша құлақ салып отырды. Сан алуан лениндік документтердің арасында Советтік Қазақстанға қатысы бар хаттар, жарлықтар және түрлі нұсқаулар аз емес. Солардың бірсыпыраларын бұл арада тағы да еске түсірсек, ешбір артық болмас деп ойлаймыз.

Мәселен, 1920 жылғы июнь айында В. И. Ленин Кремльде Қазақстаннан келген делегацияны қабылдайды. Осыған байланысты В. И. Ленин мемлекеттік баспа мен халық шаруашылығының Жоғарғы Советінде істейтін Воровский мен Милютин жолдастардың атына мынадай хат жазады:

«Қазақ жолдастар әріп құю, баспахана және қағаз жөнінен көмек көрсетуді сұрайды. Соларды қабылдап, барынша көмек көрсетуді сұраймын».

В. И. Лениннің осы нұсқаулары нәтижесінде Қазақстан өзіне қажет полиграфия машиналарын, жабдықтарын және қағаз алды. Мұның өзі республикада кітап басып шығару ісін жолға қоюда, жалпы алғанда мәдениет ісін өркендетуде елеулі роль атқарды.

1920 жылғы декабрь айында В. И. Ленин Советтердің VIII Бүкілроссиялық съезінің партияда жоқ делегаттарымен әңгіме өткізеді, әсіресе шаруалардың тілектері мен талаптарына құлақ салады. Осы әңгіменің арасында Қазақстан шаруаларының мұқтаждары жөнінде В. И. Ленин өз дәптеріне мынадай жазу жазған: «Мал өсірушілерге көмектесу қажет. Шаруашылық соғыста күйзелген. Насихат жүргізу қажет».

Осылардың бәрі В. И. Лениннің еңбекші халыққа тынбастан қамқорлық жасағанын байқатады. Мұны тағыда талай фактілермен дәлелдеуге болады. Жұртқа мәлім, шетелдік соғыс интервенциясы мен ішкі контрреволюцияға қарсы күрес жылдарында халықты азық-түлікпен жабдықтау мәселесі мемлекеттік маңызы бар іске айналды. Осыған байланысты В. И. Ленин Қазақстан еңбекшілерінің алдына Россияның өнеркәсіп аудандарының халқына азық-түлік жағынан жәрдем етуді айбынды міндет етіп қойды. 1919 жылғы 27 ноябрьде В. И. Ленин мен М. И. Калинин өздері қол қойып, Батыс Сибирь мен Қазақ өлкесіне арнап үндеу жазды. Онда басы артық астық, ет және басқа ауылшаруашылық азықтарын жинау жөнінде патриоттық қозғалыс ұйымдастырудың қажеттігі туралы айтылды.

Қазақстан еңбекшілері өз көсемі В. И. Лениннің үндеуіне нақты іспен жауап берді; Қазақстанның барлық түпкірлерінен де Москваның, Петроградтың және өнеркәсіп орталықтардың жұмысшылары мен қызметшілеріне азық-түлік жағынан жәрдем лек-легімен жіберілді. Мәселен, 1919 жылғы 20 ноябрьде Қостанай уезінің шаруалары мынадай қаулы алған: «Қызыл Петроград пен Москва жұмысшылары арасында күшейіп бара жатқан аштықты еске алып, шын жүректен жәрдем етеміз, бізге аса қымбатты жаппай бостандық әперген бауырларымызға барлық артық азығымызды беруге әзірміз».

Немесе 1919 жылғы 24 ноябрьде Ақтөбедегі Советтердің үшінші съезі бірауыздан мынадай телеграмма қабылдайды: «Жолдас Ленин, Сіздің ежелден көздеген арманыңыз іс жүзіне асуда, қазақ халқы орыс жұмысшылары және шаруаларымен тығыз туысқандық бір семьядай болып, достықпен совет шаруашылығын ұйымдастыруда. Петроград жұмысшыларына туысқандық қолымызбен жәрдем етеміз...»

Лениндік үндеуге байланысты осындай тамаша міндеттемелер мен қаулылар Қазақстанның барлық дерлік жерінде қабылданды, патриоттық қозғалыс мықтап өрістеді. 1919 жылдың аяғы мен 1920 жылдың басында өнеркәсіп орталықтары үшін даярланған азық-түлік көбейе бастады. Мәселен, 1920 жылдың бас кезінде бір ғана Мартук болысында 100 мың пұт астық дайындалған; Көкшетау уезінде 1920 жылы 3 миллион пұттан астам астық дайындалып, орталық аудандарға жіберілген. Немесе Ақмола губерниясының еңбекшілері 1920 жылы 300 мыңнан астам ірілі-ұсақты мал даярлап, салғырт жоспарын екі есе артық орындаған. Бұл губернияда астық дайындау жоспары да артығымен орындалып отырған. Осылардың барлығының нәтижесінде бір ғана Петропавловск станциясынан 1920 жылдың басқы айларында Москва, Петроград және басқа қалаларға 1500 шамасы вагон астық, 300 вагон жемшөп, 183 вагон жүн, 171 вагон тері жіберілген.

Жас совет елінің басына түскен қиыншылық кезеңде Қазақстан еңбекшілерінің орталық аудандарға көрсеткен көмегі, В. И. Лениннің үндеуіне қайтарған нақты жауабы міне осындай еді.

1919—1920 жылдары В. И. Лениннің, Коммунистік партия мен Совет өкіметінің шақыруы бойынша Москвадан, Ленинградтан және Орталық Россияның басқа қалаларынан Қазақстанға азық-түлік дайындау қызметкерлері ретінде 11 500 жұмысшы келді. Бұлар өздерінің тікелей міндеттерін орындаумен қатар Қазақстанда Советтерді нығайту, халық шаруашылығын ұйымдастыру мәселелеріне артықша назар аударды; Қазақстан большевиктерімен бірге жергілікті халықтар арасында бұқаралық-саяси жұмыстар жүргізді, халық шаруашылығын қалпына келтіру, мәдени-ағарту істерін ұйымдастыру ісіне мықтап көмектесті.

В. И. Ленин 1921 жылдың күзінде Арал теңізінің балықшыларына арнап үндеу жазады, онда Орталық Россия халықтарына балық жіберу арқылы туысқандық жәрдем көрсетуді сұрайды. Арал балықшылары бұған да нақты іспен жауап береді: Орталық Россия аудандарына көптеген вагон балық жіберіледі. Мәселен, Арал балықшыларының 1921 жылғы 25 декабрьде В. И. Лениннің атына жіберілген бір телеграммасында былай делінген:

«Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Ленин жолдасқа.

Арал бассейнінің балықшылары 14 вагон балық жөнелтті. Бұл жұмыста әсіресе Бөген аралындағы балықшылар айрықша белсенділік көрсетті.

Арал Совдеп председателі Медетбаев».

В. И. Ленинге біткен көп қасиеттердің бірі — оның халықпен тығыз байланысы еді. Өзінің саналуан зор партиялық және мемлекеттік жұ-

мыстарының арасында В. И. Ленин түрлі қоғамдық ұйымдар мен халықтар өкілдерін қабылдауды ешуақытта тоқтатқан емес. Мұны біз Қазақстан мысалынан да айқын көреміз. 1918 жылдың басында В. И. Ленин Петроград қаласының бір топ жұмысшыларын қабылдайды, олардың Қазақстанға барып, онда үлгілі ауылшаруашылық коммуналарын ұйымдастырғысы келетін тілегін тындайды. Осыған байланысты В. И. Ленин жер шаруашылығы Комиссариатына мынадай хат жазады:

«Осы хатты ұсынушыларға қалай және қайдан жер алу жөнінде ақыл айтып, нұсқау берулеріңізді өтінемін... Бастама өте тамаша, мұны барынша қолдау керек».

Бұдан кейін Қазақстанға топ-тобымен Петроград жұмысшылары келеді. Бұлар қазақ даласының бірсыпыра жерінде, әсіресе кәзіргі Шығыс Қазақстан облысында көптеген ауылшаруашылық коммуналарын ұйымдастырды, олар ауыл шаруашылығын коллективтендіруде елеулі роль атқарады. В. И. Ленин жолдамасымен Қазақстанға келген жұмысшылардың кейбіреулері күні бүгінге дейін бар, колхоз шаруашылығында қызмет етеді.

1920 жылдың июнь айында В. И. Ленин қатардағы коммунист И. Д. Путинцев жолдасты қабылдайды және оның өтініші бойынша Сибирьдегі совет мекемелеріне арнап, мынадай мазмұнды хат жазады:

«Осыны ұсынушы Илья Данилович Путинцев жолдасқа өзінің тұрған жері — Семей губерниясы Павлодар уезінде балалар бақшасын және басқа сондай орындар ұйымдастыру үшін барлық қажетті жәрдемді көрсетулеріңізді өтінемін».

Қазақстанның дамуы туралы, оның мемлекеттік құрылысын нығайту, экономикасы мен мәдениетін өркендету туралы В. И. Лениннің аталық қамқорлығын сипаттайтын тағы да толып жатқан фактілер мен мысалдар келтіруге болады. Бірақ, біздің ойымызша, осы жоғарыда келтірілген дәлелдер де әбден жеткілікті.

Еңбекші бұқараны помещиктер мен капиталистердің езуінен азат ету жөніндегі, Октябрь революциясына, тарихта тұңғыш рет туған социалистік мемлекетке басшылық ету жөніндегі саналуан қызметімен, Советтік Қазақстанның даму ісіне көрсеткен көп көмегімен В. И. Ленин қазақ халқы арасында, Қазақстан еңбекшілері арасында шегі жоқ сүйіспеншілікке, абыройға бөленді. Қазақстан еңбекшілерінің еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін В. И. Ленинді азат етушіміз, көсеміміз және ұстазымыз деп білетін болды. Басқаша айтқанда, В. И. Ленин қазақ даласында ең құрметті, ең сүйікті адам болды. Қазақстан еңбекшілері жаңа өмір орнату жолындағы істерінің барлық мәселелері жөнінде В. И. Ленинмен әрқашан ақылдасып отырды, бұл саладағы әрбір басқан адымы, әрбір қол жеткен жаңа табысы туралы В. И. Ленинге баяндап отырды. В. И. Ленин әрбір коллективтің құрметті мүшесі, әрбір жиналыстың құрметті председателі болып сайланып отырды.

В. И. Лениннің мәңгі өшпес идеялары мен мұралары қазақ халқының да игілігі болды; Ленин ілімі — ленинизм қазақ халқының да жеңімпаз туы болды. Ленин туы астында, лениндік Коммунистік партияның басшылығы арқасында Қазақстанда лениндік идеялар салтанат құрды — социализм толық және түпкілікті жеңіске жетті.

Осының бәрі В. И. Лениннің қазақ халқына деген, Советтік Қазақстанға деген қамқорлығының нәтижесі, лениндік идеялардың іс жүзіне асуының нәтижесі. Советтік Қазақстан, барлық совет республикалары сияқты, ленинизм туы астында, Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен коммунизм шыңына — өзінің түпкі мақсатына сөзсіз жетеді.

# Тамшыдан дария

СӘБИТ МҰҚАНОВ

Көсемді көргісі келетіндер көп еді. Жұмысшылар мен шаруалардың сол кездегі бар арманы Владимир Ильич Ленинмен дидарласып, ауыз-ба-ауыз бір кенесу болатын. Ұлы адам уақытының тапшылығына қарамастан алыстан келгендерді қабылдап жатты. Бәлкім, түпкір-түпкірдің дауысын естіп, алыспен осындай өкілдер арқылы хабарласу кеменгер көсемнің де арманы болар. Әрбір шаруаның психологиясына терең бойлап, жергілікті жердегі жағдайды жете біліп отыратын көреген кісі еді ғой.

Жасыратыны жоқ, Владимир Ильичті көруді мен де арман еттім. Ақмола губкомында нұсқаушы боп істеп жүрген кезім. Жұмыс көп. Бізге ауыл еңбекшілері арасында үгіт-көпшілік жұмысын жүргізу жүктелген. Бізден бұрын жүргізілген мұндай ешбір шара жоқ. Тың жерге жол салғанмен тең. Сөйтсе де бар ынтаны Орталық Партия Комитетінің, Владимир Ильич Лениннің нұсқауларын мүлтіксіз орындауға бағыштадық. Ұлы көсемді көру үшін қызыл астана Москваға барғымыз келеді. Оған уақыт болмады, ардақты арманым жүзеге аспады. Бірақ дәл осы кезде мен ұлы көсемнің тапсырмасымен үлкен жорықта жүрдім.

1920 жыл. Жас Совет мемлекетінің басына хауіп төнген кезең. Пролетариат армиясының бас штабы тұрған қызыл Москва мен Питер қаласы аштықта. Қара нан қадақтап өлшенетін уақыт. Совет өкіметінің берік қамалы — жұмысшылар да өлшеулі астыққа қарап отыр. Еділ бойын аштық жайлап барады. Оның үстіне Колчак пен Деникин екі жақтап қысып, бұғанасы әлі қатпаған жас мемлекетке хауіп төндіріп келеді.

Бұл жылы Ақмола губерниясы 62 мың гектар жерге егін екті. Губерния шеңбері кәзіргідей емес, бес есе үлкен болатын. Осы күнгі Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Петропавл, Қостанай облыстарының біраз аудандары Ақмолаға қараушы еді.

Барлық егін кулактардың қолында болды. Кедейлер 2 мың гектар жерге ғана егін екті. Астана, Питер қаласы бізге үлкен үміт артып отырды. Ақмола губерниясынан астық, ет күтті. Бірақ күткен көмек кезінде бара қоймады. Кулактар астығын тыққыштап бермеді. Селоларда самогон қайнату көбейіп кетті. Көп астық қамбаларда шіріді.

Ноябрь айында Қызылжарға (Ақмола губерниясының сол кездегі орталығы, кәзіргі Петропавл) қуанышты хабар жетті. Михаил Иванович Калинин келе жатыр деп естідік. Мен ерекше жағдайға пайдаланылатын бөлім (ЧОН-часть особого назначения) сабында болдым. Қызылжарлықтар Михаил Ивановичті үлкен ынтамен қарсы алды. Партияның Орталық Комитетінің бізге келген алғашқы өкілі М. И. Калинин еді.

Ноябрь айы ерекше суық болды. «Жұт жеті ағайынды» деген бар. Қыс ерте түсті. Бірақ қызылжарлықтар оған қараған жоқ. М. И. Калининнің келуіне байланысты митингке түгел жиналды. Жұрт тұмсығын жағасына тығып, демін ішке алып тұр. Алаң үстінен түтін будақтап тұрған тәрізді. Танаудан шыққан бу, жұрттың шыдамсыздана тартқан шылым түтіні бірімен бірі қосылып, сырт көзге ештеңені көрсетер емес.



Мінбеге Михаил Иванович шықты. Шокша сақалында қылауы аз, кішірек келген кісі екен. Ду қолшапалақтап қарсы алған қызылжарлықтарға ол Владимир Ильич Лениннің сәлемін айтты да, совет елінің кәзіргі жағдайы туралы қысқаша баяндады.

— Қызыл Москва, Питер жұмысшылары сіздерден көмек күтеді, — деді ол сөз аяғында, — революцияның күндағы болған Питер қаласы аш. Жау осы қиындықты пайдаланғысы келеді. Ақмола еңбекшілері бұл айкаста өз көмегін көрсетуі тиіс... Владимир Ильич Ленин осыны сіздерге айтуды маған тапсырды.

Сәл тыныштық. Әркімнің-ақ сөйлегісі келетін тәрізді. Бірақ сол сөзін неден бастарын білмей тұрғандай. Кенет мінбеге жергілікті партия комитеттерінің бір өкілі шықты. Ол ақмолалықтардың көсем сәлемін артығымен орындайтынын, қолдан келген көмекті Партия мен Үкіметтен аямайтынын білдірді. Сөздің басы осы болды. Шешендер бірінен соң бірі шығып сөйлеп, партияның шақыруына өздерінің әрқашан да әзір екенін айтты.

Қаулы алынды. Қызылжар коммунистері түгел астық, ет салғыртын жүргізуге аттанбақ болды. Көп ұзамай сапарға шықтық. Он адамға бас болып жаңа жорыққа мен де аттандым.

1917 жылғы есепке қарағанда бұл губернияда 5 миллион 205 мың бас мал болған. 1918—1919 жылдары осының екі миллионы шығын болыпты. Мұның өзі бізді біраз ойландырып тастады. Мал кулактардың қолында. Астық та сонда. Совет өкіметіне берудің орнына, ысырап етіп құртып жатыр. Ақмоланың өзінде де аштық бар. Шағын заводтардағы жұмысшылардың халі нашар. Заводтарда жұмысшы тұрмай барады. Бұрын 75 мың сомның былғарысын беретін былғары заводының өнімі 7 мың сомға түсті. Тіпті, өнімнің өзін былай қойғанда, мұндағы жұмысшы армиясының күші берекесізденіп кетті. Мұның өзі ішкі-тысқы жаулармен күресіп жатқан кезде аса қолайлы да емес. Амал жоқ. Астық тапшы.

Біз Пресногорьковты бетке алып келеміз. Декабрь айының үскіріктері жүз жасыртып ілгері жүргізбейді. Кейде екі-үш күн бойы бір жерден ілгері жылжи алмай жатып та қаламыз. Ондай кезеңдеріміз көп-ақ. Оған қоса, біздің маңдайымызға біткен көлік те жоқ. Қолымызда жергілікті жерден көлік міну құқығы көрсетілген қағазымыз бар. Бар күшіміз — сол. Ол қағазды тыңдайтындар да аз. Көбісі көлігін тығып тастап екі-үш күн отырғызып қояды. Қайсыбірін тінте берерсің. Тінткенмен, олардың қай тесігін білесің.

Біздің тобымызда Андрей Тихомиров деген бір жігіт болды. Жас-тай әке-шешеден жетім қалып, балалар үйінде өскен екен, өзі. Темір жолда бұрын жұмысшы болып істеген. Өзі аты-жөнін жөнді біле де қоймайды. Шамасы, Омбы аузындағы кедей қазақтың баласы болу керек. Аты мен фамилиясын балалар үйінен алыпты. Тіпті жақын-жуық біреу іздесе, таба алатын түрі жоқ.

Андрей сом денелі, қорғасын тәрізді мығым келген жігіт еді. Кішіпейілділігі сонша, ең алдымен шанаға бәрімізді отырғызып алады да, өзі ат айдаушының орнына келіп отырады. Ыстық-суыққа бірдей, былай екен деп, бірденені талғағанын көрген емеспіз. Қыстың қызыл шұнақ аязында бір ауылдан екінші ауылға жету үшін көлік таба алмай тұрғанымызда Андрей етеккі түріп алып:

— Әй жолдастар, өмір бойы тақымымыз ерге тимеген қу кедейдің баласы емес пе едік? Біз қайдан пәуескеге үйреніп жүрміз. Ал, кеттік, — деп жаяу жорта жөнеледі. Дұрыстап сұрай білсек, көлігін беріп, бізден құтылғалы тұрған кулак аң-таң болып қала береді. Көбісін бұл жағдай ойландып та тастайтын болу керек. Орташалар жағы біздің көре-тұра өлімге аттанып бара жатқанымызды біліп шақырып алады да, өз кезегі келмесе де, келесі мекенге дейін жеткізіп салады.

Андрей кейде бізді түн ортасында оятады. Шырт ұйқыдан шошып тұрамыз.

— Осы кезде Владимир Ильич ұйықтамай отыр. Дәтіміз шыдап біз қалай ұйықтаймыз. Тұрындар, жігіттер!—деп Андрей жұлқылай бастайды. — Ильичке Ақмоладан сәлеміңіз орындалды деп хабар бергенше ұйқыны қоя тұралық...

Сөзі заңды-ақ. Түн ортасында түрегелеміз де, жолға шығамыз.

Астық, ет жинау кезіндегі қиындықта шек жоқ. Бұл кезде күшке сенуге болмайды. Біз азбыз. Кулактар көп. Әр үйде қару бар. Ал олар үгітке де пәлендей ере қоймайды. Әңгіме — солардың өз ортасынан совет өкіметіне азды-көпті тілектестік білдіргісі келетін, көкірегі ояу, саны ашықтарды іздеп тауып, қалған топқа солар арқылы әсер етуде. Ондай тілектестердің есімі бізде жазулы болатын-ды. Кей ретте солар арқылы әсер ете бастадық.

Жергілікті партия комитеттерінің ықпалы күшті болды. Оларда қай үйде қанша астық бар екені күні бұрын белгілі тұрды. Біз астық жоқ деп «зар жылағандарға» мынандай астығың мына жерде көмулі жатыр, мұншасын мемлекетке беруіңіз керек дейміз. Бірінің сырын бірі ғана сезетін кулактар, байлар өзді-өзінен сезіктеніп, бірін-бірі көрсете бастады. Бізге де керегі осы еді. Көп астықтың тура үстінен түсіп жүрдік. Кедейлер мен орташалар барын өздері-ақ әкеліп тапсырып жатыр. Олардың ішінде еліміздің кәзіргі ауыр жағдайын жақсы білетіндер көп.

— Ленин Қызылжарға келіпті дейді. Сол рас па, шырағым?—деп бізден екі үйдің бірінде сұрайды.

Біздің топ Пресногорьков аудандық астық дайындау мекемесіне қызмет етті. Оның комиссары Иван Павлович Дерявин деген жігіт болатын. Өмірдің ащы-тұщысын әбден татып көрген, алдында кездесетін тосқауылдарды қуана қарсы алатын, дене бітісі бөлек азамат еді. Иван Дерявин бұрын матрос болған жігіт екен. Тал бойында Совет үкіметіне, Коммунистік партияға арналмаған бір де тамыр жоқ шығар деп ойлайтынбыз. Ол қарамағындағы барлық коммунистерді астық, ет салғыртын жүргізуге жұмылдырды.

1921 жылдың январында Ақмола губерниясы мемлекеттік тапсырманы артығымен орындап шықты. Егер 1920 жылы бүкіл губерния болып 155 мың пұт астық өткізсе, енді жалғыз Петропавл оязының өзі ғана 821 мың пұт астық берді. Оған қоса губерниядан 164 мың пұт ет жиналды.

Пресногорьков ауданы жоспарды 150 процент етіп орындады.

Бірақ ақмолалықтар көмекті мұнымен доғарып қоймады. Еділ бойындағы қиындыққа ұшырап отырған отандастарға 40 мың ірі қара жөнелтті. Бізге бөлінген аудан 6 мың ірі қараны айдатып жіберді.

Бұл істелген жұмыстар туралы Москваға хабар беру керек болды. Пресногорьков аудандық астық дайындау мекемесінің комиссары Иван Дерявин астық салғыртына қатысқан активтерді түгел шақырды. Кешке, шақырған уақытқа қалмай жиналды. Иван Дерявин Москваны шақырып, Владимир Ильичті қосуды өтінді. Көп ұзамай телеграф лентасына көптің жүзбе-жүз көруге ынтық боп жүрген ұлы адамның сөздері түсе бастады.

— Сөйлеңіз. Владимир Ильич проводта тұр, — деді техник Дерявинге қарап.

Дерявин сәл кібірткітеп қалды да, бойын тез жинап ала қойып, аудан еңбекшілерінің берген көмегін баяндай бастады. Ол көпшілігіміздің есімімізді атап, Владимир Ильичке қазақ коммунистерінің еңбегін жеткізіп жатты. Сәлден кейін Иван Павлович лентаны қолына алып, көсемнің сөзін бізге оқи бастады.

Владимир Ильич бүкіл еліміздің тағдыры шешілетін аса жауіпті кезеңде ақмолалықтардың үлкен іс істегенін, Совет үкіметі басшыла-

рының бұл көмекке риза екенін арнайы атай келіп, нанның қай кезеңде болса да шешуші роль атқаратынын, астықты көп егіп, молшылық жасауда Ақмола сияқты кең өлкеде көп мүмкіншілік бар екенін ескертті. Тар бөлмеде толып отырған жұрт көсемнің өзін көріп, ақыл дариясынан кеңес алғандай сезіндік. Владимир Ильич Лениннің осы сөздері жазылған лента, бәлкім, архивте әлі сақтаулы да болар. Арада қырық жыл өтсе де, менің есімнен әлі күнге кетер емес, кеткені былай тұрсын, астықты көп егіп, елімізде молшылық жасауда Ақмола сияқты кең өлкеде көп мүмкіншілік бар деген көрегендік сөзі, әсіресе соңғы жылдары бүкіл қазақ жеріне арналған программадай болып көрінеді.

Астық, ет салғыртын жүргізуге менімен бірге аттанған жолдастардың көбісі кәзір жоқ, дүние салып кетті. Астықты орталыққа жөнелтіп жатқан кезде кулактар көтеріліс жасап, оларды өлтіріп жіберді. Иван Павлович Дерявиннің сол көтерілісте оққа ұшқанын мен көзіммен көрдім. Бірақ кәзір мен ол жолдастардың барлығын бұл оқиғаларға куә ету үшін іздемеймін. Өйткені, өмірдегі ұлы өзгерістер бәріміздің көз алдымызда тұр. Үлкен оттың ұшқыны алыстан көрінеді деген бар. 1920 жылы Владимир Ильич Лениннің нұсқауынан бүгінгі үлкен өмірдің ұшқыны көрінген-ді. Ол жылы Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Петропавл, Қостанай ояздарын біріктіріп тұрған Ақмола губерниясында небәрі 62 мың гектар егін егілген еді. Ал кәзір бұл цифрды Ақмола облысының кез келген совхозынан атауға болады. Енді осы облыстар еліміздің астықты өлкелеріне айналып отыр. Өткен жылы бір Ақмола облысының өзі ғана 4 500 мың гектар жерден егін орып, жоспарын абыроймен орындап шықты. Облысқа Ленин ордені берілді.

Мен бір кезде астық салғыртын жүргізген өлкенің көп жерлерін араладым. Бұдан 40 жыл бұрын өзіміз басып өткен ең далада жайқалып тұрған бітік егінді көрдім. Осы кезде менің есіме Владимир Ильич Лениннің Ақмоланы астықты өңірге айналдыру жөніндегі нұсқауы түсті. Лениндік асыл идея өркен жайып, қазақ даласында қанат қағып тұрғандай көрінді маған. Сол идеяның өмірлігін әлемге жария еткендей ұшы-қиыры жоқ ең дала көкжиектен асып көсіліп жатты.

Қазақстан Коммунистік партиясының X съезі мінбесінен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. Қонаев жолдас үстіміздегі жылы Қазақстан егіншілері 23,5 миллион гектар жерге егін егіп, 1,5 миллиард пұт астық жинайтынын айтқанда мен елімізде астық молшылығын жасау жөніндегі лениндік идеяның мүлтіксіз орындалып келе жатқанын тағы да бір рет еске алдым.

Көктем. Кәзір астықты аудандардың барлығында да көктем жұмысы басталды. Бір кезде Лениннің сәлемдемесін екі етпей орындап шыққан ақмолалықтар да кәзір көктемгі егіс жұмыстарының алғашқы сағаттарын асыға күтуде. Қоңыр жонға түсетін терең бороздаларда Владимир Ильич Лениннің ленталарға жазылған сөздерінің ізі жатқандай көрінеді маған. Сонда мен ұлы адамның даусын естіп, аяулы дидагын көріп тұрғандай боламын.

# Ұлт мәселесінің данышпан теоретигі

Н. КИҚБАЕВ,

*тарих ғылымының кандидаты*

В. И. Лениннің ғылыми-теориялық және революцияшыл практикалық қызметінің барлық кезеңдерінде үнемі зер салып, көңіл аударған мәселесінің бірі — ұлт мәселесі.

В. И. Ленин — ұлт мәселесінің ұлы теоретигі. Ол Октябрь революциясынан бұрын да, совет өкіметі тұсында да ұлт мәселесіне арналған үлкенді-кішілі көп еңбек жазды. В. И. Ленин осы еңбектерінде Маркс пен Энгельстің ұлт мәселесі туралы негізгі идеяларын империализм мен пролетарлық революциялар заманындағы тарихи жағдайға сай дамыта отырып, ұлт және ұлт-отар мәселесі жөнінде біртұтас мінсіз ілім жасады. В. И. Ленин ұлт-отар мәселесін шешу империализмді жоюмен тығыз байланысты екенін дәлелдеді, ұлт мәселесі халықаралық пролетариат революциясы мен пролетариат диктатурасы туралы жалпы мәселенің құрамды бөлегі деп жариялады. Сондықтан отарлы мемлекеттердегі (метрополиядағы) пролетарлық қозғалыс пен отар елдердегі ұлт-азаттық қозғалысты империализмге қарсы бірыңғай майданға біріктіру қажет деп білді.

В. И. Ленин россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысы дамуының түрлі кезеңдеріндегі тарихи міндеттерге сай Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориясын, программасы мен тактикасын белгіледі, ұлт-отар мәселесіндегі марксизмге жат көзқарастардың қандайына болса да қатты соққы беріп отырды.

В. И. Ленин революциялық қызметінің алғашқы кезінен бастап, патша өкіметі, помещик және буржуазия таптарының ғасырлар бойы жүргізіп келген орыс емес ұлттар мен халықтарды езу, зорлықпен орыстандыру саясатын, ұлт тілдері мен ұлт мәдениетін басып жаныштау, оның экономикасының дамуын кешеуілдету, бір ұлтты екінші ұлтқа айдап салу саясатына қарсы батыл күресті, ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық идеологияның зияндылығын әшкереледі.

В. И. Ленин сонымен бірге Россия жұмысшы табын пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі, барлық ұлттар мен халықтардың еңбекшілерінің жауынгерлік бірлігін шыңдады. Ол жұмысшы табының революциялық бірлігін бұзуға, еңбекшілерді ұлтшылдық идеямен уландыруға бағытталған халықаралық және Россиядағы түрлі түсті оппортунистер мен ұлтшыл топтарды талқандай отырып, ұлт мәселесін дұрыс шешу үшін қажымай қызмет етті. В. И. Ленин пролетариат диктатурасы мен социалистік құрылыс жағдайында Коммунистік партия мен Совет үкіметінің елімізде ұлт мәселесін шешу жөніндегі зор жұмыстарына басшылық етті.

Совет Одағында ұлт мәселесінің әділ және дұрыс шешілуі — В. И. Лениннің бүкіл саналы өмірі бойында әлеуметтік және ұлттық қанауға қарсы, езілген ұлттар мен халықтардың азаттығы мен теңдігі үшін жүргізген тамаша ерлік күресінің нәтижесі, лениндік ұлт саясатының салтанаты. Сөйтіп қоғам дамуының тарихындағы ең күрделі мәселенің бірі — ұлт мәселесінің біздің елде дұрыс шешілуі В. И. Лениннің есімімен, оның жеңімпаз ілімімен байланысты.

\* \*

\*

Ұлт және ұлт-отар мәселесі жөніндегі ілімнің маңызды саласы — ұлт және ұлт қозғалысы жөніндегі марксистік-лениндік теория. В. И. Ленин халықтардың ұлтқа қалыптасуы, ұлттардың дамуы мен келешегінің объективтік заңдылығын ашты. Ұлттық байланыстар мен ұлттық бірлік рулық қатынастардан бөлек, олар феодалдық бытырандылық жойылғаннан кейін, тек капитализм қоғамы кезінде пайда болады. «Ұлт, — деп жазды Ленин, — қоғамдық дамудың буржуазиялық заманының болмай қоймайтын жемісі және болмай қоймайтын формасы» (Шығармалар, 21-том, 61-бет).

В. И. Ленин капитализмнің өрлеу дәуірінде құралатын ұлттар буржуазиялық ұлт болатынын, буржуазияның үстемдігі жойылып, капитализмнің құруымен бірге буржуазиялық ұлттардың сипаты түбірінен өзгеретінін және социалистік ұлттар пайда болатынын дәлелдеді. Социалистік ұлттардың қалыптасуы және дамуы — пролетариат диктатурасы мен социализм дәуірінде қоғам дамуының объективтік заңдылығы.

В. И. Ленин социалистік ұлттардың дами келе коммунистік ұлтқа айналуы, алыстағы болашақта, бүкіл дүние жүзінде коммунизм толық жеңген кезде, ұлттық айырмашылықтар жойылып, олардың бірте-бірте қосылуды және ұлттық тілдердің жоғалып, барлық жұртқа ортақ дүниежүзілік бір тіл болуы объективтік заңды құбылыс деп санады.

Ұлттық дамудың объективтік екі беталысы, екі тарихи бағыты бар. «Дамып келе жатқан капитализм ұлт мәселесінде екі тарихи тенденцияны біледі. Біріншісі: ұлт тіршілігінің, ұлт қозғалыстарының оянуы, ұлттық езгінің қандайына болса да қарсы күресу, ұлттық мемлекеттер құру. Екіншісі: ұлттар арасында әралуан қарым-қатынастардың өркендеуі және жиіленуі, ұлттық межелердің қиратылуы, капиталдың, жалпы экономикалық тұрмыстың, саясаттың, ғылымның т. т. интернационалдық болып тұтасуы. Бұл екі тенденцияның екеуі де — капитализмнің дүниежүзілік заңы. Біріншісі капитализм дамуының бас кезінде басым болады, екіншісі пісіп жетілген, социалистік қоғамға айналуға келе жатқан капитализмді сыпаттайды» (Шығармалар, 20-том, 12-бет).

Капитализм тұсында ұлт мәселесіндегі осы екі беталыс арасында қарама-қарсылық болады, ол әсіресе империализм дәуірінде шиеленісе түспек. Бұл — буржуазия табының ұлт мәселесін шеше алмауының, оның бұл жөнінде дәрменсіздігінің айғағы.

Ұлт мәселесіндегі екі тенденция пролетариат диктатурасы тұсында да сақталашақ. Бірақ пролетариат диктатурасы мен социалистік құрылыс жағдайында ұлт мәселесіндегі екі беталыс арасындағы қайшылық жойылып, бұл тенденциялар негізгі бір бағыттың, әлеуметтік және ұлттық езгіден құтылған азат және ерлікті халықтардың даму бағытының екі жағы ғана болып қалады. Ұлы Лениннің бұл жөніндегі идеясының шындығы, өмірдегі айқын көрінісі — СССР халықтарының даму жолдары мен кәзіргі өмірі және дүниежүзілік социалистік система елдерінің арасындағы мемлекеттік қарым-қатынастар.

В. И. Ленин ұлттық қозғалыстың даму тарихы мен заңдылығын негіздеді. Ұлттық қозғалыс — капитализмнің феодализмді түпкілікті жеңіп шығу барысында барлық жерде болатын заңды құбылыс. Бұл қозғалыстың экономикалық негізі — капиталистік қатынастың дамуы, ал басты талабы — мемлекет құру. В. И. Ленин айтқандай, бұл қозғалыстардың экономикалық негізі мынада: товарлы өндірістің толық жеңуі үшін буржуазияның ішкі рынокті қолына қаратып алуы керек, бір тілде сөйлейтін халқы бар бір елді мемлекет етіп біріктіруі керек, сонымен қатар бұл тілдің дамуына және оның әдебиетте берік орнығуы-

на бөгет болатын кедергілердің бәрін жоғалтуы керек. Сөйтіп, капитализм өзінің дамуына жол салып алады. Ұлттық мемлекет құру — дамудың жалпы капиталистік дәуіріне әбден тән нәрсе. Ал ұлттық қозғалыстың күші мен сипаты езілген халықтардың пролетариаты мен шаруаларына, олардың таптық одағына, олардың белсенділігі мен саналылығына байланысты.

В. И. Ленин капитализм тұсында ұлт мәселесінің дамуында екі дәуір болды деп көрсетті. Бірінші дәуір — өнеркәсіпті капитализм кезі. Бұл дәуірде ұлттар батыста — Англияда, Францияда, Италияда т. б. — феодализм мен абсолютизмнің күйреуі нәтижесінде, буржуазиялық-демократиялық қоғам негізінде пайда болды, ұлттық езгісіз таза ұлттық біртұтас мемлекеттер құрылды. Сөйтіп, Батыс Европа елдерінің көпшілігінде халықтардың буржуазиялық ұлт болып қалыптасуы мен буржуазиялық ұлттық мемлекеттің құрылуы бір мезгілде қатар өтті. АҚШ пен Жапонияда да ұлттық даму осылайша болды.

Ал Европаның шығысындағы елдердің ұлтқа қалыптасуы мен ұлттық мемлекетінің құрылу жағдайы өзгеше болды. Шет ел басқыншылары бастаған соғыста елді, жерді қорғау қажет болған себепті, мәселен, Австрия мен Венгрияда, Россияда капитализм өсіп жетпей-ақ, халықтары әлі ұлтқа қалыптасып болмаса да, феодализм жағдайында бірнеше халықтарды біріктірген мемлекеттер құрылды. Бұл ұлтаралық мемлекеттердің әрқайсысында біріктіруші, ұйтқысы бір ұлт — Австрияда немістер, Венгрияда — мадьярлар, Россияда — ұлы орыстар болып, басқа халықтардың бәрі ұлттық езгіде болды. Сөйтіп, шығыстың көп ұлтты мемлекеттері — Австро-Венгрия, Россия және Түркия ертеден-ақ ұлттық езгі мен ұлт дау-жанжалдарының және ұлт қозғалысының алғашқы шыққан жері және майданы болды.

Батыс Европа елдерінің басынан өткен ұлттық дамудың алғашқы кезеңі Шығыс Европа мен Азияда ХХ ғасырдың бас кезінде, 1905 — 1907 жылдардағы революциядан басталды.

Ұлттық езгінің және оған қарсы күрестің дамуындағы екінші дәуір капитализмнің күйреуі қарсаңы — империализм дәуірі. Бұл дәуірде Батыс Европадағы, АҚШ пен Жапониядағы бұрынғы ұлттық мемлекеттер отарлы мемлекеттерге айналады, сөйтіп империализмнің отар системасы құрылады. Сонымен, дүниеде империалистік ұлы державалар, оларға тәуелді және жартылай тәуелді отар елдер пайда болды, ұлттық езгі, сұрапыл күшейе түсті. Империализм ұлт мәселесінің шеңберін кеңейтіп, оны жеке мемлекет ішіндегі мәселеден мемлекеттер арасындағы мәселеге, отарлар жөніндегі жалпы мәселеге айналдырды. В. И. Ленин ұлт мәселесінің дамуына терең талдау жасай отырып, Коммунистік партияның отар және жартылай отар елдердің ұлт-азаттық қозғалысын қуаттауға бағытталған тактикасын белгіледі. Бұл жөніндегі Ленин идеяларының бастылары: жұмысшы табы әлеуметтік езгімен қатар ұлттық қанаудың қандайына болса да және космополитизм мен буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы күресуі керек, езілген халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын пролетариаттың демократия мен социализм жолындағы күресімен ұштастыру, феодал және буржуазия табының үстемдігіне қарсы, империализмге қарсы түрлі ұлттардың жұмысшыларының, еңбекшілерінің интернационалдық ынтымағы мен достығын құру.

\* \*  
\*

В. И. Лениннің сіңірген зор еңбегі — марксистік ойдың тарихында тұңғыш рет Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориялық программасы мен саясатын жасағаны. Мұнда ол ең алдымен ұлт мәселесіндегі екі бетталысты, екі тарихи бағытты басшылыққа алды.

Сондай-ақ В. И. Ленин Россиядағы ұлт мәселесінің нақты тарихи өзгешеліктерін де ескерді. Россия көп ұлтты ел еді. Революциядан бұрын Россияны мекендеген 140 миллион халықтың 65 миллионы орыс емес ұлттар мен халықтар болды. Патшалық Россияда орыс пролетариаты мен шаруалары саяси правосыз, помещиктік және капиталистік қанаудың қатаң қыспағында болды. Әсіресе орыс емес халықтар мен ұлттардың еңбекшілері әлеуметтік қанаудың және ұлттық езгінің адам айтқысыз ауыр азабын шекті.

Россиядағы ұлт мәселесінің тарихи нақты өзгешеліктері мыналар:

1) Россия бірыңғай великорусстық (ұлы орыстық) орталығы бар мемлекет еді. Орыстан басқа халықтар мен ұлттардың өз алдына мемлекеті болмады.

2) Россия халқының көпшілігі — 57 проценті болған орыс емес халықтар мен ұлттар «бұратаналар» деп аталды да, шеткері аймақтарда болды.

3) Патшалық Россияда «бұратаналарды» қанау басқа мемлекеттерден гөрі күшті еді, ал олардың көрші мемлекеттерде тұратын бауырластары еркінрек болды.

4) Кейбір «бұратаналық» шеткері аймақтардың экономикасы мен мәдени даму дәрежесі орталықтан жоғары болды.

5) Россияда буржуазиялық-демократиялық революция мен ұлттық қозғалыстар басталғанымен, аяқталмаған еді.

Осы өзгешеліктерді еске ала отырып, В. И. Ленин негіздеген, партияның II съезі мен РСДРП Орталық Комитетінің 1913 жылғы кенесі және партияның VII апрель конференциясы қабылдаған ұлттық программаның талаптары төмендегідей болды.

а) Россиядағы езілген халықтардың дербес ұлттық мемлекет құруға және Россиядан бөлініп шығуға правосы бар екенін тану;

б) демократиялық Россиядан бөлінгісі келмей, оның құрамында болуды тілеген ұлттар мен халықтар үшін облыстық-территориялық автономия негізінде олардың ұлттық мемлекетін құрып, мәдениеті мен экономикасының тез дамуына жол ашу;

в) аз ұлттардың еркін дамуына мүмкіндік беретін ерекше заң қабылдау;

г) Россияның барлық ұлттары мен халықтарының жұмысшыларын саяси, кәсіподақ, кооператив-ағарту ұйымдары сияқты біртұтас пролетарлық коллективке біріктіру.

Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасының негізгі арқауы — пролетарлық интернационализм принципі болды. Ұлт мәселесі пролетариат революциясының жеңуі негізінде ғана шешіледі. Сондықтан В. И. Ленин патшалық Россия жағдайында түрлі ұлттар мен халықтардың жұмысшы табы мен еңбекшілерін бірыңғай революцияшыл партияға біріктіруді, олардың патша өкіметі мен капитализмге қарсы күресін ұйымдастыруды ұлт мәселесін шешудің маңызды шарты деп санады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы әлеуметтік және ұлттық езгінің бұғауын бұзды. Халықтар түрмесі болған патша өкіметі қиратылып, оның орнына бостандық пен теңдік және халықтар достығы принципіне негізделген жұмысшы табы мен шаруалардың социалистік мемлекеті — совет өкіметі орнады.

Ұлы Лениннің идеясы және басшылығы бойынша коммунистік партия бұрын езілген халықтардың советтік ұлт мемлекетін ұйымдастырды, оларды тең правосы пен өз ықтияры негізінде біртұтас көп ұлтты мемлекетке—Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктірді.

Кәзір СССР-дің құрамында 15 одақтас, 13 автономиялық республика және автономиялық облыс, 10 ұлттық округ бар. Біртұтас көп ұлт-

ты Совет мемлекетінің құрылып нығаюы — ұлттардың өзін өзі билеу правосының жүзеге асуының айқын бейнесі.

Совет өкіметі тұсында Ленин ұлт мәселесінің теориялық және практикалық маңызы зор түбірлі проблемаларын қарап шешті. Олар мыналар: советтік федерация мен автономияның мәні мен принциптері және халықтардың ұлттық советтік мемлекеті мен СССР-ді нығайту; артта қалған халықтардың дамудың капиталистік сатысына соқпай, патриархтық-феодалдық қатынастардан бірте-бірте социализмге өту мүмкіндігі туралы; орыс жұмысшы табы мен ұлт аймақтарындағы шаруалардың қарым-қатынасын жақсартып, олардың берік одағын құру; ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық идеологиясын талқандау; елімізді мекендеген халықтар мен ұлттардың еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу және халықтар достығын орнатып, нығайту; бұрын езілген халықтардың іс жүзіндегі—экономика мен мәдениет жөніндегі теңсіздігін жою, олардың социалистік экономикасы мен мәдениетін дамыту; социалистік ұлттардың қалыптасып, гүлденуі және олардың коммунизмге қарай дами беруі; сондай-ақ, дүние жүзінде берік бейбітшілікті қорғау, халықаралық мемлекеттік қарым-қатынастарды тең правосылық пен еріктілік негізде жүргізу; отар және жартылай отар елдердің ұлт азаттық қозғалысын қуаттау, халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыстың пролетарлық интернационализм негізінде бірлігін нығайту, пролетарлық революция мен ұлттық-революциялық қозғалысты бірлестіріп, империализмнің отарлық системасын күйрету.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Октябрь революциясы жеңгеннен бергі 40 жылдан астам уақыт ішінде, социалистік қоғам орнатудың барлық кезеңдерінде лениндік ұлт саясатын творчестволықпен дамыта отырып, оны мүлтіксіз іске асырды. Осының нәтижесінде Совет Одағында тарихта алғаш рет ұлт мәселесі әділ және толық шешілді. Мұның айқын бір айғағы — Советтік Қазақстан.

Совет өкіметі тұсында қазақ халқы өзінің ғасырлар бойғы саяси, экономика және мәдени мешеулігінен арылды. Қазақстан ортағасырлық қалпынан тікелей социализмге өтіп, алып адыммен алға басты. Бұрынғы көшпелі ел кәзір қуатты индустриясы, механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар, мәдениеті жоғары социалистік республикалардың бірі болып отыр. 1958 жылы Қазақстанның өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті, ол республика халық шаруашылығының жалпы өнімінің үштен екісін береді. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлденді. Кәзір республикада 10 мыңнан астам мектеп, 140-тан астам техникум және 27 жоғары оқу орны, 2 ғылым академиясы және 115 ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Қазақ халқының әдебиеті мен көркемөнері де құлпырып өсті, халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында қызмет ететін көптеген маман кадрлар, ұлттық интеллигенция, жұмысшы табы өсті. Қоғам өмірінің барлық саласында шын мәнісінде теңдікке ие болған социалистік қазақ ұлты СССР-дегі барша халықтармен бірге өзінің ерлік еңбегімен коммунизм құрылысына елеулі үлес қосып келеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының лениндік ұлт саясатының нұрлы бейнесі, қуатты күші партияның XXI съезі қабылдаған СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарынан айқын көрінеді. Жетіжылдық жоспарда еліміздегі барлық халықтардың экономикасы мен мәдениетін онан әрі жан-жақты дамыту және еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, советтік патриотизм рухында тәрбиелеуді күшейту мен халықтар достығын үздіксіз нығайта беру міндеттері белгіленіп отыр.

В. И. Ленин ұлт-отар мәселесін шешудің теориялық мәселелерімен бірге практикалық мәселелерін де терең талдап берді, оның көкейкесті



міндеттері мен болашағын болжады. В. И. Лениннің осы ұлы идеясы мен болжауы жүзеге асуда. Мұның нақты көрінісі — дүниежүзілік социалистік системаның құрылуы және ондағы халықтар арасында социалистік қарым-қатынастың іске асуы, халықаралық коммунистік қозғалыстың күшеюі мен бірлігінің артуы, империализмнің отарлық жүйесінің күйреуі. Дүниежүзілік екінші соғыстан бергі кезде тек Азия мен Африкада 20-дан астам ел ұлттық тәуелсіздікке қолы жетіп отыр.

Дүниежүзілік екінші соғыста фашизмнің күйреуі ұлт-азаттық күресін жаңа сатыға көтерді, бұл империализмнің отарлық жүйесі ыдырауына әкеліп соқты. Мұның басты көрінісі—Ұлы Қытай Халық Республикасы, Корей Халық Демократиялық Республикасы, Вьетнам Демократиялық Республикасы,—олардың капитализм дүниесінен қол үзіп, социалистік елдердің семьясына түпкілікті қосылуы. Сондай-ақ бұрынғы езілген халықтардың басым көпшілігі, соның ішінде Индия мен Индонезия, Бирма мен Біріккен Араб Республикасы сияқты елдердің ұлттық тәуелсіздікке қолы жетіп, суверенді мемлекетке айналуы да империализмнің отарлық жүйесіне тиген мықты соққы. Кәзір Африка континентіндегі, Латын Америкасы елдеріндегі халықтар арасында ұлт-азаттық қозғалыс кең етек алуда. Дүниежүзілік екінші соғыстан бергі уақытта отарлық езгіден біржарым миллиардқа жуық халық босанып, тәуелсіз, ерікті даму жолына түсіп отыр. Сөйтіп, Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, XX ғасырдың орта шені жаңа дүниені—бостандық пен тәуелсіздік дүниесін орнату дәуірі, адамзат тарихындағы ең масқара құбылыс — отаршылдықтың күйреу дәуірі болып отыр.

\* \*

\*

В. И. Лениннің ұлт және ұлт-отар мәселесі жөніндегі ілімінің маңызы өте зор. Бұл лениндік ілім және оның СССР мен халықтық-демократия елдерінде іске асырылу тәжірибесі барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының ұлтшылдық пен шовинизм және космополитизм идеясын әшкерелеудегі өткір құралы болып отыр. Бұл ілім қай елдің болмасын жұмысшылары мен еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуге, олардың халық бостандығы мен бейбітшілік, демократия мен социализм үшін күресте бірлігін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар кәзір, империализмнің отарлық жүйесі күйреуі жағдайында ұлт мәселесі жөніндегі лениндік теория мен саясат отар және тәуелді елдер халықтарының империализм бұғауынан құтылу жолындағы ұлт-азаттық қозғалысының да программасы болып отыр.

Дүниежүзілік социалистік системаның құрылуы, лениндік ұлт саясатының басты принциптері социалистік мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының негізіне айналды.

Ленин ілімін басшылыққа ала отырып, Совет Одағы және басқа социалистік мемлекеттер Шығыстың, Африканың бостандық пен бейбітшілікке ие болған көп елдерімен тең праволылық негізінде қарым-қатынас орнатып, отар және тәуелді елдердің империализм тепкісінен түпкілікті құтылуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын батыл қуаттап отыр. Дүниежүзілік социалистік системаның өркендей түсуі, капитализм дүниесінің барған сайын әлсіреуі және оның отар жүйесінің іріп-шіруі, отар және жартылай отар елдердің ұлт-бостандығы жолындағы революциялық қозғалысының өсу қарқыны ұлт-отар мәселесі жөніндегі лениндік ілімнің бүкіл дүние жүзінде салтанат құратынын көрсетеді.

# Маркстік диалектиканы дамытқан кемеңгер

Т. ЖАНКЕЛДИН,

*философия ғылымының кандидаты*

XIX ғасырдың аяқ кезінде және XX ғасырдың бас кезінде капитализм өзінің дамуында ең жоғарғы, сонымен қатар ең ақырғы сатысы — империализм дәуіріне жетті. Бұл дәуірде капиталистік қоғамға тән қайшылықтардың бәрі де қатты шиеленісе түсті, капитализмнің күйреп, жаңа социалистік қоғамның орнау заманы басталды. Міне осы жаңа тарихи дәуірде марксизмнің дамуында да жаңа заман басталды. Ал, марксизмнің дамуындағы осы жаңа заман дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемі В. И. Лениннің есімімен байланысты.

Жаңа тарихи дәуірдегі экономикалық және саяси жағдай, — жаратылыс тану ғылымының, әсіресе физиканың жаңа жетістіктері марксизмді және оның философиялық негізі — диалектикалық және тарихи материализмді творчестволықпен дамытуды қажет етті. Бұл жұмыс В. И. Лениннің және оның шәкірттерінің үлесіне тиді.

Бұл мақалада біз В. И. Лениннің маркстік диалектиканы жан-жақты дамытуының кейбір мәселесіне ғана тоқтамақшымыз. Өйткені шағын бір мақалада бұл мәселенің барлық жағын қамту мүмкін емес.

\* \*  
\*

Ғылыми коммунизмнің негізін салған Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарын зерттей отырып, В. И. Ленин былай деп жазған болатын: «Егерде барлық хаттардың, былайша айтқанда, фокусін — айтылып отырған және талқыланып отырған идеялардың барлық тарауларының келіп түйісетін негізгі түйінін бір ауыз сөзбен анықтап көруге болатын болса, ол сөз диалектика болып табылады. Бүкіл саяси экономияны негізінен бастап қайта құру ісіне — тарихқа, жаратылыс тану біліміне, философияға, жұмысшы табының саясаты мен тактикасына — материалистік диалектиканы қолдану, — міне Маркс пен Энгельстің бәрінен де тәрі шұғылданған нәрсесі осы, олардың енгізіп отырған ең мәнді, ең жаңа нәрселері, міне осында, революциялық ойдың тарихында олардың алға қарай жасаған данышпандық қадамы міне осында» (Шығармалар, 19-том, 565-бет).

Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарына берілген осы бағаны В. И. Лениннің өзіне де беруге болады. Өйткені Лениннің барлық еңбектерінен жаңа тарихи дәуірдегі ғылым мен практика алға қойған мәселелерді шешуде материалистік диалектиканы данышпандықпен қолдана білгенін және оны творчестволықпен дамытып отырғанын көреміз. Оның арнаулы философиялық еңбектерімен бірге экономика, саясат, тактика мәселелеріне арналған еңбектері де — диалектика мәселелері жөніндегі идеялардың, ой-пікірдің баға жетпес қазынасы.

В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» атты дана еңбегінде таным теориясы дамуының тарихи процесінің күрделі диалектикалық сипаты бар екенін көрсетіп берді, абсолюттік және от-

носительдік ақиқаттың диалектикалық сипатын анықтады. Диалектиканың таным теориясы екенін дәлелдей келіп, Ленин ғылымның жаңа деректерін маркстік диалектикалық метод тұрғысынан талдап, қорытудың үлгісін көрсетті, ол методтың табиғат құбылыстарын қарастыратын жолдарының көптігін анықтап берді.

Маркстік диалектиканы творчестволықпен дамытуға В. И. Ленин әрдайым өте зор көңіл бөліп отырды. Өйткені маркстік диалектикалық методтың және оны творчестволықпен қолданудың негізінде ғана жаңа тарихи дәуірдің ерекшеліктерін түсінуге болатын еді. Міне сондықтан да бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Лениннің әдейілеп материалистік диалектиканың мәселелерін зерттеумен шұғылдануы кездейсоқ емес. Диалектиканы зерттеу арқылы Ленин сол уақыттың аса қиын мәселелерін шешудің жолдарын данышпандықпен іздестіріп, таба білді. В. И. Лениннің бұл зерттеуінің нәтижесі оның көбінесе диалектика проблемаларына арналған «Философия дәптерлері» болды. Маркстік диалектиканы дамытуда бұл дәптерлердің маңызы орасан зор.

Жаңа тарихи дәуірде В. И. Лениннің марксизмді, маркстік диалектиканы творчестволықпен дамытқаны жөнінде мынадай мысал келтіруге болады. Бір кезде өздері өмір сүрген тарихи жағдайды жан-жақты зерттей келіп, Маркс пен Энгельс социализм жеке бір елде жеңіп шыға алмайды, ол бірден барлық елдерде, я болмаса елдердің көпшілігінде жеңіп шығады деген болатын. В. И. Ленин жаңа тарихи жағдайды, империализм дәуірін жанжақты зерттей отырып, социалистік революцияның жаңа теориясын жасады. Жаңа жағдайда социализмнің бірден және бір кезде барлық елде жеңіп шыға алмайтынын, оның жеке бір елде жеңетінін дәлелдеді. Лениннің бұл теориясы дұрыс екенін өмір көрсетті.

В. И. Ленин маркстік диалектиканың анықтамасына көп көңіл аударды. Ол материалистік диалектикаға дәл анықтама берумен қатар, оның нені зерттейтінін көрсетіп берді. «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі» атты еңбегінде Ленин диалектикаға мынадай анықтама берді: «...сыңаржақтықтан аман, даму туралы ең толық, ең терең ілім, бізге мәңгі дамып отыратын материяның бейнесін беретін адамзат білімінің относительнодігі туралы ілім» (Шығармалар, 19-том, 4-бет). «Карл Маркс» атты еңбегінде диалектиканың анықтамасына тағы тоқтап, былай дейді: «...даму туралы нағыз әртарапты, мазмұны бай және терең ілім...» (Шығармалар, 21-том, 41-бет).

В. И. Ленин маркстік диалектиканы марксизмнің ең басты, шешуші мәселесі деп ыспаттай отырып, оның зерттейтіні дамудың ең жалпы заңдары деп анықтады; осы заңдарды ашуы Маркс пен Энгельстің данышпандығы деп көрсетті. Әрине, материалистік диалектика дамудың жалпы заңдарын зерттегенде, оның басқа ғылымдардың орнына жүрмейтінін ескеру керек, дәл, сол сияқты басқа ғылымдар да материалистік диалектиканың міндетін атқара алмайды. Дамудың жалпы заңдары және даму барысының жеке формаларына тән ерекше заңдар да объективті өмір сүреді. Бұл заңдар біріне бірі барабар емес. Бірақ олардың арасында тығыз байланыс бар. Міне сондықтан да материалистік диалектика мен басқа ғылымдардың арасында да тығыз байланыс болады. Материалистік диалектиканың заңдары материалдық шындықтың және рухани өмірдің барлық саласында көрініп отырады. Ал ерекше заңдар қозғалыстың жеке формаларының шеңберінде ғана қызмет атқарады.

Материалистік диалектиканың заңдарын түсіну және табиғат пен қоғам жөнінде арнаулы ғылымдар ашқан заңдарды білу нәтижесінде адамзаттың дүниені тануы қалыптасады. Арнаулы ғылымдардың заңдарын түсінуде материалистік диалектиканың заңдарын түсіну басшы, жетекші роль атқарады. Материалистік диалектика барлық ғылымдарды теориялық ойлаудың бірден-бір дұрыс әдісімен қаруландырады.

Материалистік диалектиканы басшылыққа алмайынша ешбір ғылым жанжақты дами алмайды.

Материалистік диалектика — табиғаттың, қоғамның және ойлаудың ең жалпы заңдары жөніндегі ғылым. В. И. Ленин бұл жағдайды әрдайым ескеріп, дамытып отырды. Бірақ, Ленин диалектикаға жалпы анықтама берумен ғана қанағаттанып қойған жоқ. Сонымен қатар оған жанжақты көңіл аударды. Материалистік диалектиканың маркстік ұғымын творчестволықпен дамыта отырып, Ленин өзінің «Философия дәптерлерінде» тағы да бірқатар анықтамалар береді. Бұл анықтамаларда диалектиканың белгілі бір қажетті жағы көрініп отырады және осылардың бәрінде диалектиканың ең толық, терең түрдегі даму туралы ілім екені көрініп отырады.

В. И. Ленин материалистік диалектиканың маңызын жойып, беделін түсіргісі келген, я болмаса оны Гегельдің идеалистік диалектикасымен барабар деп қараған метафизиктерге, софистерге, эклектиктерге қарсы аяусыз күрес жүргізді; диалектиканың идеализмнің қандай түріне болмасын қарама-қарсы тұратын объективтік ғылым екенін көрсетті, «заттардың диалектикасы идеяның диалектикасын туғызады, оның керісінше емес» екендігін дәлелдеді. (Шығармалар, орысшасы, 38-том, 188-бет).

Ал, материалистік диалектиканы идеалист Гегельдің диалектикасымен барабар деу тек марксизмнің жауларының айтатын сөзі. «Капиталдың» I томының немісше екінші басылуына жазған соңғы сөзінде Маркс менің диалектикалық методым өзінің негізінде Гегельдікінен өзгеше екені былай тұрсын, қайта оған тікелей қарама-қарсы дейді. Ол: «Гегель ойлау процесін идея деген атақпен тіпті дербес субъектіге айналдырады», ойлау процесі Гегельше—шындықтың демиургі (жасаушысы, тудырушысы) ..Меніңше керісінше, идеялық дегеніміз—адамның ойына келген және сонда қайта жасалып шыққан материялықтан басқа ешнәрсе емес» (В. И. Ленин шығармаларының 21-томы, 39-беті).

Идеалист Гегель рух қана, абсолюттік идея ғана дами алады деп есептеп, табиғаттағы дамуды жоққа шығарды. Ал маркстік философия табиғаттың диалектикалық сипатын ешбір теріске шығаруға болмайтындай етіп дәлелдеп берді.

Гегель диалектикалық даму идеясын өзінше қоғамға да қолданды. Бірақ оны да идеалистік тұрғыда қолданды. Сондықтан ол қоғамдағы дамудың өзі белгілі бір сатыға жеткеннен кейін тоқталады деп білді. Гегельдің ойынша сол кездегі Пруссия мемлекеті дамудың осындай жоғарғы сатысы, оның тоқталған жері болды. Ал маркстік диалектика табиғаттың дамуына да, қоғамның дамуына да ешқандай шек қоймайды. Маркстік диалектика өткен дәуірге ғана арналып қоймай, сонымен бірге кәзіргі дәуірді де, болашақты да зерттейді.

В. И. Лениннің марксизм дұшпандарына қарсы жүргізген күресінен үлгі ала отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясы, туысқан коммунистік және жұмысшы партиялар маркстік диалектикалық материализмге ревизия жасауға, оны бұрмалауға тырысқандарға қарсы аяусыз, қатыл күрес жүргізіп келеді.

В. И. Ленин бір кезде өзінің «II Интернационалдың күйреуі» деген еңбегінде К. Каутскийдің марксизмді бұрмалауын әшкерелей отырып, ол диалектиканы «нағыз зұлым, нағыз арам софистикаға» айналдырып отыр деп көрсеткен болатын. Кәзіргі кездегі ревизионистер Каутскийдің және II Интернационалдың басқа да ревизионистерінің ізімен келе жатыр. Бұлар да диалектиканы софистикаға, эклектикаға айналдырып, шатастыруға тырысып отыр. Француз ревизионисі А. Лефевр диалектиканы материализмнен бөліп қарап, диалектиканың материалистік негізін жоюға тырысады. Венгриялық ревизионист Г. Лукач материалистік диалектика мен Гегельдің идеалистік диалектикасының арасындағы прин-

циптік айырмашылықты жоққа шығаруға бар күшін салады. Польшадағы Колаковский сияқты ревизионистер диалектиканы көптеген методтардың бірі деп сипаттап жүр. Ал шынында диалектикалық метод дүние танудың бірден-бір ғылыми методты.

Ревизионистер материалистік диалектиканы жаратылыс тану ғылымдарына қолдануға болатынын мойындағылары келмейді. Олар материалистік диалектикалық метод жұмысшы табының және оның партиясының практикалық революциялық қызметінде басшылыққа алатын методты екеніне қарсы күрес жүргізеді. Мысалы, жоғарыда аты аталған француздық ревизионист Лефевр диалектиканы прагматистік деп қарайды. Югославия ревизионистері социалистік елдердің коммунистік партияларын «практицизм» жолына түсті деп кінәлайды. Жалпы алғанда, ревизионистер философияның практикамен байланыста болуына қарсы. Ал, марксизм болатын болса теорияны практикамен, ғылымды өмірмен тығыз байланыста қарайды.

Марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алған Коммунистік партия практикалық мәселелерді шешкенде диалектикалық материализмнің принциптеріне сүйеніп шешеді, теория мен практиканы бір-бірінен бөлмей, оларды тығыз байланыста қарап отырады.

В. И. Ленин өзінің барлық қызметінде материалистік диалектика мен метафизиканың арасындағы қарама-қарсылыққа үлкен көңіл аударды. Өзінің «Диалектика туралы мәселеге» деген еңбегінің желісінде табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеудегі екі методтың, екі концепцияның арасында түбірлі қарама-қарсылық бар екенін көрсетті. Ленин былай дейді: «Дамудың (эволюцияның) негізгі екі... концепциясының мәні: кему және көбею, қайталану ретіндегі даму, және қарама-қарсылықтардың бірлігі ретіндегі даму (біртұтастың өзара сыйыспайтын екі қарама-қарсылықтарға бөлінуі және олардың арасындағы өзара қатысы) деп қарауда.

Қозғалудың бірінші концепциясында *өздігінен* қозғалу, оның *қозғағыш* күші, оның *қайнар көзі*, оның себебі жасырын қалады (немесе бұл қайнар көз *сыртқа* — құдайға, субъектіге etc. *көшіріледі*). Екінші концепцияда «өздігінен» қозғалудың қайнар көзін танудың *нақ* өзіне басты көңіл аударылады.

Бірінші концепция өлексе, сидаң, сылдыр. Екінші концепция өміршен. Тек екінші концепция ғана дүниедегі барлық нәрселердің «өздігінен» қозғалуына кілт табады; тек сол концепция ғана... ескінің жойылып, жаңаның пайда болуын түсінуге кілт табады» (Шығармалар, орысшасы, 38-том, 358-бет).

В. И. Ленин дамудың түп негізі неде деген мәселеге баса көңіл аударды. Өйткені дәл осы мәселеде диалектикалық және метафизикалық концепциялардың арасындағы қарама-қарсылық өте айқын көрінеді. Метафизика заттарға және құбылыстарға тән ішкі қайшылықтарды жоққа шығара отырып, объективтік дүниенің не себептен мәңгілік қозғалыста және өзгерісте болатынын түсіндіре алмайды. Метафизикалық көзқарас бойынша материя дегеніміз тек сыртқы күштер арқылы қозғалысқа келтірілетін жай, енжар нәрсе сияқты. Бұл метод заттар мен құбылыстарды зерттегенде, олардың органикалық байланысынан тыс алып, өзінің мәні жағынан өзгермейтін және ішкі қайшылықтары жоқ сияқты етіп зерттейді. Ол заттардың относительдік тұрақтылығын ескереді де, оларға тән дамуды ескермейді, жеке элементтерден құрала-тын бүтінді ұмытады да, сол жеке элементтерді баса көрсетеді.

Ал, диалектикалық концепцияны алатын болсақ, — ол метафизикаға қарама-қарсы. Бұл концепция бойынша заттарға және құбылыстарға тән ішкі қайшылықтар, қарама-қарсылықтардың күресі — дүниеде өмір сүріп тұрған барлық нәрсенің дамуының шын негізі. Заттардың және құбылыстардың даму негізі олардың өздеріне тән нәрсе. Міне,

сондықтан да материя, метафизиктердің айтатынындай, сыртқы күштер арқылы қозғалысқа келмейді. Оның мәңгілік қозғалыста және өзгерісте болуы, оның өзіне тән ішкі күшіне байланысты.

Диалектикалық метод заттарды және құбылыстарды және олардың адам ойындағы бейнеленуін өзара байланысты, ұдайы қозғалып тұрады, туып, дамып және жоғалып отырады деп қарайды. Маркстік диалектикалық метод — революциялық метод. Өйткені дүниеде бардың бәрі де өзгереді, дамиды деудің өзі тарихи прогреске кедергі жасайтының бәрін жою қажет деген революциялық қорытындыға келтіреді. Міне сондықтан да буржуазия идеологтары және олардың құйыршықтары маркстік диалектиканы жаны түршігіп жек көреді, оған қарсы жан аямай күреседі. Өйткені диалектиканы мойындаудан туатын революциялық қорытынды олардың таптық мүддесіне сай келмейді. Олар дәурені өткен капитализмді сақтау үшін марксизмге, маркстік диалектикаға шабуыл жасайды.

Материалистік диалектикалық методқа метафизикалық методтың мүлде қарама-қарсы екенін мынадай бір мысалмен көрсетуге болады. Россияда капитализмнің дамуына байланысты шаруалардың өмірінде әлеуметтік өзгерістер болды. Ал халықшылдар осы өзгерістерді көрмеді, оны білгісі келмеді. Өйткені олар бұл мәселеге метафизика тұрғысынан қарады. Олардың шаруалар туралы түсінігі қатып, сеніп қалған барлық уақытқа бірдей түсінік еді. Орыс маркшілдері, ең алдымен В. И. Ленин қоғамдық өмірдегі халықшыларға тән метафизикалық көзқарастың дәлелсіз, орынсыз екенін айқын көрсетіп берді.

Феодализм жағдайында шаруалардың помещиктерге қарсы тұратын тап екені рас. Бірақ капитализмнің дамуына байланысты, феодализмнің қалдықтарының едәуір сақталуына қарамастан, Россия шаруаларының жағдайы өзгереді. Өйткені шаруалардың өзі біртұтас тап болудан қалды, енді ол әртүрлі әлеуметтік топтарға жіктелді. Енді шаруалар туралы түсінік осы әртүрлі әлеуметтік топты қамтитын болды. Оның ішінде: өзінің жұмысшы күшін сатып күн көруге мәжбүр болған кедейлер басым көпшілігі басқаның еңбегін қанамайтын, өзінің жеке меншігі бар орта шаруалар, село пролетариаты — батрактар бар. Сонымен қатар, белгілі мағнада, шаруалар деген ұғым село буржуазиясы — кулактарды да қамтып отырды. Бірақ осы топтардың ішінде басым көпшілігі кедей шаруалар мен орта шаруалар еді. Міне сондықтан да большевиктер партиясы өзінің программасында жұмысшы табы мен кедей шаруалардың берік одағын жасап және оны нығайта беру керек деп көрсеткенде осы кедей шаруа мен орта шаруаны еске алды. Сонымен капитализм тұсындағы шаруалар туралы түсініктің мазмұны феодализм дәуіріндегіден басқаша екенін маркшілдер дәлелдеп берді. Өйткені олар бұл мәселеге материалистік диалектика тұрғысынан қарады.

В. И. Ленин дүние танудың диалектикасы туралы мәселені де творчестволықпен дамытты. Лениннің данышпан еңбектерінде диалектиканың, логиканың және дүние тану теориясының өзара қатысы, танымдағы сезімдік пен рационалдың байланысы, абстракцияның ролі, абсолюттік және относительдік ақиқаттың диалектикасы, олардың ара қатынасы туралы мәселелер, дүние танудың негізгі және ақиқаттық өлшемі—практика туралы мәселе жанжақты қаралады.

Диалектиканы дүние тану саласына қолдану және практиканы таным теориясына енгізу маркстік философияның танымның дамуын ғылыми жолмен және терең айқындауына мүмкіндік берді. Мұның өзі танымның идеализмге апарып соқтыратын метафизикалық концепцияларының теріс екенін көрсетуге көмектесті.

В. И. Ленин өзінің еңбектерінде метафизиканың көріністері: софистика мен эклектиканың ғылымға қайшы реакциялық мәнін ашып берді. Материалистік диалектиканың оларға қарама-қарсы екенін көр-

сетті, софистиканың диалектика түрінде көрінгісі келетінін, оны бұрмалайтынын айқындады. Софистика өз алдына дербес философиялық система, я болмаса дүние танудың жеке методы емес. Ол диалектика қағидасының белгілі бір жағын алып бұрмалайды, оны абсолютке айналдырады. Міне сондықтан да ол объективтік ақиқатты жоққа шығаруға және субъективтік идеализмге әкеліп соғады. Марксизм жаулары жұмысшы табының революциялық теориясын сынап, мінеу, тексеру және оны бұрмалау үшін софистиканы талай рет құрал етіп қолданды.

В. И. Ленин өзінің «Марксизмге карикатура туралы» еңбегінде буржуазияның пайдасын көздей отырып, империализмге сыңаржақтан анықтама берген Каутскийдің софистикалық қулығын әшкереледі. Каутский империализм дегеніміз «тек қана сыртқы саясаттың системасы» деген болатын. В. И. Ленин Каутскийдің бұл анықтамасы империализмнің шын мәнін ашпайтынын, қулықпен айтылып отырған сөз екенін көрсетті.

Империализмді анықтаудағы Каутский қолданған софистика осы кездегі ревизионистерге де тән нәрсе. Бұлардың ойынша капиталистік монополиялардың меншігі тек социализм жағдайында орнайтын қоғамдық меншікпен барабар сияқты, кәзіргі капитализм жағдайында социалистік революциясыз және пролетариат диктатурасынсыз социализмге өтуге болады-мыс. Маркстіл партиялар ревизионистердің мұнда жалған пікірлеріне қарсы аяусыз күрес жүргізіп келеді.

В. И. Ленин марксизмнің жаулары қолданған эклектикалық әдіс қарсы ұдайы күрес жүргізіп, оның реакциялық мәнін әшкерелеп отырды. Әртүрлі ұғымдардың дүниеге әртүрлі көзқарастарының басын қала болса солай біріктіріп, олардың арасындағы қайшылықтарды келістіруге тырысу эклектикаға тән сипат.

«Мемлекет және революция» атты еңбегінде В. И. Ленин Каутскийдің және басқа да оппортунистердің пролетариат мемлекеті және пролетарлық революция жөніндегі маркстік ілімнің кейбір қағидаларын бөліп алып қарау арқылы диалектиканы эклектикамен ауыстырғысы келетінін әшкереледі.

Кәзіргі кездегі ревизионистер де мемлекеттің өліп-өшуі туралы мәселені әңгіме етеді де, оны эклектикалық тұрғыдан шешеді. Оларды долбарлауынша таптар тартысынан «тыс» тұрған және социализмге өтуді «қамтамасыз ететін» буржуазиялық мемлекетті сақтау керек сияқты.

Совет Одағы Коммунистік партиясы және туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары ревизионистерге қарсы аяусыз күрес жүргізіп, олардың марксизмнің дұшпандары екенін әшкерелеп келеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясы өзінің барлық практикалық ісінде марксизм-ленинизм теориясын басшылыққа алып отырады; қандай болмасын ірілі-ұсақты мәселелерді шешкенде маркстік материалистік диалектикаға сүйенеді. Сонымен бірге партия материалистік диалектиканы жаңа жағдайларға сәйкес ұдайы творчестволықпен дамытып байытып келеді. Партиямыздың тарихи XX және XXI съезінің шешімдері бұған толық айғақ. Бұл съездердің шешімдерін бұлжытпай басшылыққа ала отырып, совет халқы жеңістен жеңіске жете береді.

# Басшылықтың лениндік стилін меңгере берейік

А. ПАРФЕНОВ.

*тарих ғылымының кандидаты*

Ұлы көсеміміз Лениннің өмір сүріп, Совет мемлекетіне басшылық еткен кезі алыстаған сайын жеңімпаз ленинизм идеяларының маңызы арта түсіп, оның өмір орнықтырушы күші ашыла түсуде.

В. И. Ленин партия өмірінің нормаларын, партиялық басшылықтың принциптерін жасап берді. Коммунистік партия Уставының негізіне алынған: демократиялық централизм, теория мен практиканың бірлігі, бұқарамен тығыз байланыс, коллективтік басшылық, кадрларды іскерлік және саяси қасиеті бойынша іріктеп алу, істің орындалуын тексеру туралы лениндік ережелер, сонымен бірге Владимир Ильичтің өз басының үлгісі,—міне осының бәрі бізге қалай өмір сүруді, коммунистік қоғамды қалай құруды үйретеді.

Ұлы ленинше жұмыс істеудің, ленинше басшылық етудің үлгісін КПСС Орталық Комитеті, оның бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдастың өзі көрсетіп отыр. Орталық Комитет соңғы жылдары партия өмірінің лениндік нормаларын, партиялық басшылықтың лениндік принциптерін толық қалпына келтірді. Ленинше жұмыс істеу дегеніміз партияның саясатын жүзеге асыру жолында қажымай-талмай табандылықпен күресу, адамдарды күнделікті зерттеп білу, озат тәжірибенің кең таралуына жол ашу, әрдайым партия мен халықтың жауынгері болу деген сөз.

Біздің партияның Н. С. Хрущев жолдас бастаған лениндік Орталық Комитеті еліміздің халық шаруашылығын, Совет мемлекетін гүлдендіре түсу, халықтың материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыру жолында, дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату жолында батыл да дана шараларды жүзеге асырып, зор табысқа жетті. Қазір Совет мемлекетінің басшысы Никита Сергеевич Хрущев жолдасты біздің елдің еңбекшілері ғана емес, бүкіл дүние жүзінің ілгері ниетті адамдары бейбітшіліктің, бақытты өмірдің жарық жұлдызы деп санап, зор құрмет тұтады.

Дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі ұлы Ленин өзінің бүкіл өмірін еңбекші адамның болашағы мен бақыты жолындағы күреске арнады. Сондықтан да кемеңгер көсеміміздің күнделікті жұмысында қарапайым еңбек адамына деген жалынды сүйіспеншілік, сезімталдық, кішіпейілділік ерекше сезілетін. Ол еңбекшілер тұрмысының барлық жағына көңіл бөліп, адамның басына түскен қиыншылықты қалай да жеңілдетуге тырысатын. Пролетариаттың ұлы жазушысы А. М. Горький өзінің естеліктерінде: «...Адамның бақытсыздығына, қайғысына, азабына соншалықты терең, күшті сезіммен Лениндей ызаланған, жаны түршігіп күйінген адамды кездестірген де, білген де емеспін» (В. И. Ленин туралы есте қалғандар, I том, 419-бет) деп жазды.

Владимир Ильич халықтың күшіне, оның революциялық таланты мен қуатына ерекше сенетін. Халық бұқарасы тарихи дамудың қозғаушы күші, сондықтан біз еңбекшілер бұқарасының талап-тілегін жете ескеріп отырғанда ғана бұл күшті дұрыс бағыттай аламыз. Егер партия халық бұқарасымен тығыз байланыс жасап, бұқараны үйретіп оты-



румен бірге онан күнделікті үйреніп отырғанда ғана бұл міндетті орындай алады деп, әлденеше рет атап көрсеткен болатын Ленин. Владимир Ильичтің өзі аса күрделі мемлекеттік мәселелерді шешумен шұғылданып жатқанына қарамай, жұмысшыларды, шаруаларды, қызыл әскерлерді, мұғалімдерді қабылдап, олармен әңгімелесуге қалай да уақыт табатын. Мұндай кездесулердің зор маңызы бар екенін айта келіп, Ленин Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде былай деген болатын: «Кеше мен біздің съездің партияда жоқ делегаттарының—шаруалардың шағын мәжілісіне қатыстым. Бұл мәжілісте сөйленген сөздерден мен деревня өмірінің ең толғағы жеткен мәселелері жөнінде көп нәрсені ұқтым».

Коммунистік партияның Уставында партия мүшесі бұқарамен байланысын күн сайын нығайтып отыруға, еңбекшілердің тілегі мен мұнмұқтажына дер кезінде көңіл бөліп отыруға, партияда жоқ бұқараға партияның саясаты мен шешімдерінің мәнісін түсіндіріп отыруға міндетті. Біздің партияның күштілігі мен жеңілмейтіндігі — халықпен біте қайнасқан берік байланысында екенін естен шығармауға міндетті деп көрсетілген.

Бірақ бізде еңбекшілер бұқарасымен күнделікті араласып, байланысын күшейтуге тырыспайтын басшы қызметкерлер де жоқ емес. Жақында болып өткен аудандық, облыстық партия конференцияларында кейбір басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің бұқара арасында саяси баяндама, әңгіме өткізуден, тәрбие жұмысын жүргізуден тайқақтайтындығы орынды сынға алынды.

Лениннің жұмыс әдісіндегі бір ерекшелік ол қандай мәселені болса да коллектив болып талқылап, коллективтік шешім қабылдауды талап ететін және өзі осы қариданы бұлжытпай жүзеге асыратын. Партия және мемлекет органдарының жұмысты дұрыс істеуінің кепілі басшылықтың коллективтілігін берік сақтау. Міне сонда ғана мәселе шешкенде кездейсоқтық, сыңаржақтық жағдай болмайды, деп үйрететін Владимир Ильич.

В. И. Ленин партияның IX съезі делегаттарына сол кезде өзі басқарған Орталық Комитеттің жұмысы туралы: «Ондай-мұндай түсініспеушіліктер болмау үшін Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросында немесе Саяси бюросында, немесе пленумында қабылданған Орталық Комитеттің коллегиялық қарарлары ғана, кілең тек осындай мәселелер ғана партияның Орталық Комитетінің секретары арқылы жүзеге асырылып отырғанын әуелбастан-ақ айта кету керек» (Шығармалар, 30-том, 440-бет) деп мәлімдеді. Міне бұл ұлы адамның басшылық стиліне тән қасиет болатын.

Әруақытта да Орталық Комитет мүшелерінің маркстік-лениндік теорияның берік негізіне сүйенген коллективтік саяси тәжірибесі, коллективтік даналылығы ғана коммунистік құрылысқа дұрыс басшылық жасап отыруға мүмкіндік берді. Коллективтік басшылықтың күші ол басшылардың ғана емес, сонымен бірге бүкіл партия кадрларының, активтердің, еңбекшілер бұқарасының тәжірибесіне де сүйенеді. Міне, сондықтан да біздің партияның Н. С. Хрущев бастаған лениндік Орталық Комитет еліміздің өміріндегі аса маңызды мәселелердің бәрін де еңбекшілер бұқарасының кең талқысына салып, ақылдасып шешіп келеді.

В. И. Ленин жалғыз адам қабылдаған шешімнің көбінесе біржақты болатынын, оның күткен нәтиже бермейтінін ескертетін. Коллективтік басшылық деген сөз мәселені қатаң партиялық принцип негізінде бірлесіп талқылап, шешімді де бірлесіп шығару деген сөз. Партия біздің кадрларға шешім коллективтік жұмыстың, коллективтік еңбектің жемісі бөлу керек деп үйретеді.

Мәселені коллектив болып талқылап, шешу әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігін төмендетпеуге тиіс. В. И. Ленин «Талқылауда — бірігіп талқылансын, ал жауапкершілікке келгенде — жеке дара жауапкершілік болсын дейміз» (Шығармалар, 33-том, 53-бет) деп көрсеткен болатын.

Бұл лениндік өсиет КПСС Орталық Комитеті декабрь (1959 жыл) Пленумының шешімдерінде ерекше орын алды. Орталық Комитеттің Пленумы әрбір қызметкердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра берудің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте шешуші роль атқаратынын ерекше атап көрсетті.

Владимир Ильичтің басшылық әдісіндегі, жұмысындағы тағы бір ерекшелік — нақтылық, іскерлік, бастаған істі ақырына дейін жеткізбей тынбау, жұмыста қатаң тәртіптілік болатын. Міне осы лениндік қасиеттерден үйренген, басшылықтың лениндік дәстүрінде тәрбиеленген біздің кадрлардың көпшілігі-ақ өздеріне тапсырылған істі мүлтіксіз атқарады, басшылық жұмысын творчество деп біледі. Олар басшылық жұмысында артқа емес, алға қарайды, облыстың, ауданның, жеке шаруашылықтың болашағына көз жібереді, коллективтің назарын басты міндетке аударып, оны жүзеге асыруға жұмылдырып отырады.

В. И. Ленин кадрлардан бастаған істі ақырына дейін жеткізуді, партияның саясатын жүзеге асыруда қатаң принципшіл болуды, бойкүйездікке қарсы батыл күресуді, коммунистік құрылыста бұқараның бастамасын қолдап отыруды талап етті. Ленин сыйпатты басшы қызметкер жаңаны, озатты кең тарату жолында жалынды күрескер болуға тиіс. Ол өзінің алдына материалдық игіліктердің молшылығын жасау, халық тұрмысының жақсы да сәнді болуын қамтамасыз ету мақсатын қойып отырады. Ұйымдастыру жұмысында жүрген әрбір қызметкер күнделікті жұмысында өзінің кеңесі және араласуы заводта машинаның шығарылуын шапшаңдатуға, фермада сүттің мол алынуына, астық шығымын арттыруға, жаңа үйдің, мектептің құрылысын тездетуге әсер етті ме, осыны еске алып, ең алдымен, өзіне өзі есеп беріп отыруға тиіс. Міне жұмыстағы нақтылық, мақсаттылық дегеніміз осы. «Жалпы» басшылық ету — мақсатсыз бос сөз, ол ешқандай нәтиже бермейді.

Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында: кәзір барлық партия ұйымдары мен партия комитеттері үшін, біздегі еңбекшілердің әрбір коллективі үшін ұлы Лениннің жұмыстағы іскерлік, нақтылық, мақсаттылық туралы нұсқаулары күнделікті басшылыққа алып отыратын негізгі заң болуға тиіс деп көрсетті.

Ұлы көсеміміз алда тұрған жалпы міндетте оның басты буынын таба білу керек деп үйрететін. Ол: «Бүкіл шынжырды берік ұстап, оның екінші буынына көшуді мықтап даярлау үшін, әрбір ерекше кезеңде ол шынжырдың бар күшпен мықтап ұстауы үшін керек болатын ерекше буынын таба білу керек...» (Шығармалар, 27-том, 267-бет) деп көрсетті.

Осы лениндік нұсқауды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия біздің кадрлардың, бүкіл еңбекшілердің назарын елімізде социализм құру жолындағы күрестің басты мәселелеріне аударып отырды. Мысалы, азамат соғысы аяқталғаннан кейін партия қала мен деревняның байланысын күшейту үшін жаңа экономикалық саясат енгізді, халық шаруашылығын қалпына келтіргеннен кейін ең басты міндет елімізді индустрияландыру болды. Бұл социалистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасады.

Ал кәзір басты, шешуші буын техниканы іргелі дамыту, өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, халық шаруашылығында ғылым жаңалықтарын, атом қуатын кеңінен пайдалану болып отыр. Бұл жетіжылдық жоспарды — елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жоспарын — мерзімінен бұрын орындаудың негізгі шарты.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі басшылық жұмысының лениндік жолдарын терең үйренген, алда тұрған күрделі міндеттерді дұрыс шеше алатын тамаша кадрларды тәрбиелеп өсірді. Олардың басшылығымен біздің кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар және басқа қоғамдық ұйымдар жақсы табыстарға жетіп келеді.

Мысалға Солтүстік Қазақстан облысындағы «Луч Ленина» колхозын алайық. Артельді Социалистік Еңбек Ері, тәжірибелі ұйымдастырушы Бәукенов жолдас басқарады. Өткен жылы бұл ұйымшыл коллектив дәнді егістің әрбір гектарынан 14,7 центнерден өнім жинап, мемлекетке 1958 жылға қарағанда астықты 2,6 есе артық сатты. Колхоз мал басын өсіру және мал шаруашылығы өнімдерін алу жөнінен де жоспарын, социалистік жарыста алған міндеттемесін артығымен орындады.

Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы басты міндетті шешуші буынды — егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетуді мықтап қолға ала отырып, артель поселкесінің мәдениетін көркейтеу жөнінде де көп жұмыстар істеді. Өткен жылдың өзінде ғана мұнда электр станциясы, аурухана, жетіжылдық мектеп және тағы басқа құрылыстар салынды.

Сол сияқты Алматы облысындағы Сталин атындағы колхоздың председателі Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Алдабергенов, «40 лет Октября» колхозының председателі Головацкий және басқа көптеген колхоз басшылары шаруашылық пен мәдениетті өркендетуде жақсы табыстарға жетіп келеді.

Владимир Ильич кадрларға өздеріне тапсырылған іске партия саясатының тұрғысынан, социалистік мемлекеттің, халықтың мүдделері тұрғысынан қарау керек деп үйрететін. Сондықтан да ол шаруашылықты көзін тауып, есеппен, үнемшілдікпен ұқыпты жүргізуді, озат тәжірибені, еңбектің жақсы үлгілерін кеңінен таратып отыруды талап ететін.

Кәзір біздің шаруашылықтардың техникалық дәрежесі өлшеусіз өсті, совет адамдарының саяси және рухани тілегі жоғарылады. Міне мұның бәрі шаруашылық және мәдениет құрылысына басшылықтың дәрежесін арттыра беруді талап етеді. Коммунистік партия біздің кадрларға шаруашылықты жүргізудің лениндік дәстүрлерін меңгере отырып, өздерінің экономикалық білімін арттыруына, өндірісті жақсы білуіне көмектесіп отырады.

Басшылықтың шеберлігі еңбекшілерді ұйымдастырып, алға бастай білу, партия мен үкімет, жергілікті партия, совет ұйымдары белгілеген шараларды жүзеге асырудың қажеттігін бұқараға дәлелдеп, олардың бұған көзін жеткізе білу деген сөз. Міне осындай басшылық қана табысқа жеткізеді. Бұл үшін ұйымдастырушылардың өздері де партия белгілеген шаралардың маңызын жете түсінетін болуы керек.

Ақмола облысының Есіл аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесін алайық. Бұл аудан тың өлкесінде 1955 жылы ұйымдастырылды. Кәзір ауданның шаруашылықтары егіс көлемін 520 мың гектарға жеткізді. Есілдіктер төрт жылдың ішінде Отанымызға 103 миллион пұт астық берді. Мұнда егіннің шығымы жылдан жылға артып келеді. Мысалы, 1956 жылы аудан бойынша дәнді дақылдардан орта есеппен гектарына 10,5 центнер, 1958 жылы 11,8 центнер алынса, өткен жылы 13,6 центнерден алынды. Аудан еңбекшілері өткен жылы мемлекетке астық, ет, сүт, жүн сатудың жоспарларын артығымен орындады.

Есіл ауданында совхоздар ұйымдастыруға жұмсалған мемлекет қаржысы әлдеқашан өтеліп, ол совхоздар кәзірдің өзінде мемлекетке 108 миллион сом таза пайда келтірді. Аудан еңбекшілерінің қол жеткен табыстарында партия ұйымдарының, аудандық партия комитетінің (бірінші секретары А. Никулин жолдас) ролі күшті болды. Аудандық партия комитетінің басшылық жұмысындағы ерекшелік олар төменгі ұйымдардың, бұқараның белсенділігін, инициативасын арттырып

отырады, бастауыш партия ұйымдарында коммунистер мен комсомолецтердің авангардтық ролін арттыруға күшті көңіл бөледі.

Владимир Ильич кадрларды іріктеп алуға және орналастыруға ерекше ұқыптылықпен қарау керек деп үйрететін. В. И. Ленин кадрларды тиісті басшы орынға қоюда біріншіден, оның партияның, халықтың ісіне адалдығына, берілгендігіне, екіншіден, саяси табандылығына, үшіншіден, істі білуіне, төртіншіден, әкімшілік қабілетіне көңіл аударатын. Міне осы төрт қасиет болғанда ғана ол адамға қандай істі болса сеніп тапсыруға болады дейтін Ленин. Сонымен бірге ол жас кадрларды батыл жоғарылатуды ұсына отырып, жас кадрларды қарт кадрлармен шебер ұштастырып отыру керек деп үйрететін.

Біздің партия, совет және шаруашылық органдардың басшылары кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісінде осы лениндік нұсқауларды басшылыққа алады. Бірақ бізде әлі де болса кадрларды тамыр-таныстыққа қарап жоғарылату фактілері бірен-саран болса да кездеседі. Партия мен үкімет мұндай жолсыздықтарға қатал тиым салып отырады.

Кадрларды іріктеп алуда қателіктерге жол бермеу үшін ол қызметкер туралы өзі жұмыс істеген коллективінің де пікірін ескеру керек. Кадрларды іріктеу жұмысымен барлық жерде де мекеменің бірінші басшысы шұғылданады. Ол кадрды онымен әңгімелесу, оған белгілі тапсырма беру, тиісті мәліметтер алу арқылы мұқият зерттеп білуге міндетті. КПСС Уставында: «Партия тапсырған қандай қызметте болса да, партияның кадрларды саяси және іскерлік саласына қарай дұрыс іріктеп алу туралы нұсқауларын бұлжытпай жүзеге асырып отыруға міндетті. Бұл нұсқауларды бұзу, қызметкерлерді тамыр-таныстығына, өзіне берілгендігіне, жерлестігі мен туысқандығына қарап іріктеп алу партия қатарында болумен сыйыспайды» деп көрсетілген.

Кадрларды дұрыс іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жөніндегі лениндік ереже істің орындалуын тексеру, кадрларға талапты күшейту, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау мәселелерінде камтиды. В. И. Ленин қызметкерлердің тапсырылған істі мерзімінде орындауын қатаң бақылайтын. Міне мұның өзі олардың дұрыс тәрбиеленуіне, өсуіне көмектеседі. Мысалы, ол бір қызметкерге тиісті тапсырма беріп, оған былай деп жазған: «Маған **сейсенбі күні таңертеңгі сағат 11-ден кешіктірмей** міндетті түрде мынаны жазып жіберіңіз: 1. не тапсырылды (а) және (б) не істелді, осы туралы қысқа, мейлінше қысқа хабар. 2. Әрбір жауапты адамның аты, әкесінің аты, фамилиясы».

Істің орындалуын тексеру, кадрларға талапты күшейту жұмыстағы кемшіліктерді жедел ашып түзетуге, бос сөзге үйір, іске шорқақ, жігерсіз қызметкерлерді қолынан іс келетін, ынталы ұйымдастырушылармен ауыстырып отыруға мүмкіндік береді.

Істің орындалуын тексеруді дұрыс ұйымдастыра білу керек. Істің орындалуын жоғарыдан тексеруді төменнен, бұқараның тарапынан тексерумен шебер ұштастыра білу жақсы нәтиже береді. КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының шешімдері бойынша кәсіпорындарда, сауда ұйымдарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде және совхоздарда құрылған партиялық бақылау комиссиялары істің орындалуын тексеруге еңбекшілер бұқарасын кеңінен қатынастырып отыруға жағдай жасады.

Біздің басшы кадрлар осы бақылау комиссияларының жұмысын жолға қою арқылы өз тәжірибелерін бұқараның тәжірибесімен олардың ақыл-кеңесімен толықтыра отырып, шаруашылық пен мәдениетті өркендетуде партия белгілеген шаралардың толық жүзеге асырылуын ұйымдастыра білулері керек.

Істің орындалуын тексеруді кешіктіру бұл жайбарақаттық, жауапсыздық туғызады. Осының салдарынан келіп, партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзу фактілері туады. КПСС Орталық Комитетінің июнь

Пленумы, әсіресе кәзір елімізде коммунизм құрылысы кең өрістетіле жүргізіліп жатқан кезде партиялық, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтаудың ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті. Мұның өзі елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау күресінің табысты жүргізілуін қамтамасыз етумен бірге, совет адамдарының коммунистік саналылығын арттыра түседі.

Міне, сондықтан да Н. С. Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында жасаған баяндамасында «Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылықтың қандай түріне болса да, оған қарсы батыл күрес жүргізу керек. Кадрларды партия мен мемлекет мүдделерін бәрі бір кісідей болып орындайтындай етіп тәрбиелеу қажет. Біз мұнсыз алға баса алмаймыз», деп көрсетті.

Владимир Ильич еңбекшілерді қабылдауды ұйымдастыруға, олардың шағымдары мен арыздарын қарауға ерекше көңіл бөлетін. Ол партия, совет және шаруашылық органдарының қызметкерлерінен еңбекшілердің шағымдарын басқа мекемелерге жібере салмай, өздері қарап, дұрыс шешуді талап етті. Сол сияқты еңбекшілердің шағымдарында қойылған мәселені шешпей, оған «сыпайы» жауап жазу тек қағазбастылықты, былықты көбейтеді деп сақтандыратын ұлы көсем.

Еңбекшілердің шағым арыздарын мұқият қараудың, олардың талабына сергектіктің үлгісін В. И. Лениннің өзі көрсететін. Бұл жөніндегі аса көп мысалдардың бірі мынадай: 1921 жылы бір қызыләскер Ленинге хат жазып, Дон губерниясындағы кейбір қызметкерлердің заңсыздық, жолсыздық әрекеттері туралы хабарлады. Ленин бұл кезде ауру болатын, ол соған қарамай қызыләскердің арызын өзі оқыды да секретарына: «Арыздың авторын шапшаң іздеп тауып алып, оны жұбатыңыз, мені ауру деңіз, бірақ оның тілегін орындайтынымды айтыңыз» деп жазды. Артынан Владимир Ильич Донға арнаулы адам жіберіп, арызда көрсетілген жолсыздықтарды түзеттіреді.

Партия, совет органдары аппаратының жұмыс стилі оның басшысына, оның жеке басының үлгісіне байланысты. Кейбір басшы қызметкерлер әртүрлі сылтаулар тауып, қалай да еңбекшілерді аз қабылдауға немесе олардың арыз-шағымдарын қарамауға тырысып, оны басқа қызметкерлерге жүктейді. Мұндай қызметкер халықтың, партияның алдындағы борышын ұмытады.

Коммунистік партия біздің кадрлардан кемеңгер көсеміміз Лениннің жұмыс әдістерін терең зерттеп, үйреніп отыруды ұдайы талап етеді. Өйткені бұл коммунизм құрылысына дұрыс басшылық етіп, табысқа жетудің кепілі.



# Социалистік мемлекет жөніндегі лениндік ілімнің іске асуы

Ұ. ҚУДАЙБЕРГЕНОВ,

заң ғылымының кандидаты

Елімізде коммунизм құрылысы кең өрістеген кәзіргі кезеңде Совет мемлекетінің ролі күннен күнге күшейе түсуде. Бұл В. И. Ленин атап көрсеткен пролетариат диктатурасына тән басты заңдылықтардың бірі.

Пролетариат диктатурасы туралы мәселені капитализмнің даму заңдарына сай, жұмысшы қозғалысының революциялық тәжірибесінің негізінде Маркс пен Энгельс терең зерттеді. Олар жұмысшы табының дүниежүзілік тарихи ролін анықтады, социалистік революция нәтижесінде буржуазияның үстемдігі сөзсіз құлайтынын дәлелдеді, буржуазиялық мемлекет аппараты қиратылып, пролетариат диктатурасын орнату туралы ғылыми теорияның негізін қалады. Бұл теориялық бай қазынаны түрлі реформистер мен ревизионистердің бұрмалауынан арашалай отырып, В. И. Ленин империализм дәуіріндегі жұмысшы қозғалысының, әсіресе біздің елдегі революциялық қозғалыстың тәжірибесіне марксистік талдау жасай отырып, мемлекет және революция туралы маркстік ілімді ілгері дамытты, жоғары сатыға көтерді.

Социалистік революцияның міндеттеріне сай В. И. Ленин пролетариат диктатурасының таптық мәнін, оның саяси формасын, механизмін, құрылу принциптерін, қызмет атқару әдістерін ерекше зерттеп, бір тұтас, терең, жүйелі ілім қалдырды. Өзінің таптық сипаты жағынан пролетариат диктатурасы жұмысшы табы мен шаруалар одағына негізделген мемлекет. Бұл одақтағы жетекші күш — Коммунист партиясы бастаған қоғамдағы ең ұйымшыл, саналы, революциялық бай дәстүрдің иесі жұмысшы табы. Социалистік мемлекеттің негізгі өзгешелігі, — деп үйретті В. И. Ленин, — оның творчестволық құрылыс жұмысына байланысты, ал оның ізгі мақсаты — өндіріс құралдарын қоғамдық меншікке айналдыру негізінде жана социалистік экономика мен мәдениетті жасау, барлық еңбекшілердің материалдық және рухани қажеттерін жан-жақты қанағаттандыруға жету, сөйтіп қоғам дамуының ең жоғарғы сатысы — коммунизм орнату.

Осы мақсатты іске асыру жолында социалистік мемлекет қанаушы таптарды жою, социалистік отанды сыртқы жаулардан қорғау міндетін де атқарады. Мемлекет аппаратының ел ішіндегі қызметінің басты әдісі — қалың бұқараны ұйымдастыру, оларды совет өкіметінің саясатына иландыру, еңбекшілердің белсенділігі мен саналылығына сүйену. Ал оның сыртқы саясаты империалистік соғысқа жол бермеу, халықтар арасында берік бейбітшілік үшін күресу мақсатын көздейді.

В. И. Ленин өзінің еңбектерінде социалистік мемлекеттің осы өзгешеліктеріне сай, оның тарихи міндеттерінің орындалуын барынша жеңілдететін саяси формасы Советтер болуы тиіс, өйткені Советтер еліміздегі революциялық жұмысшы қозғалысы үстінде жұмысшылардың өздері тапқан, еңбекшілерге ең жақын, түсінікті форма, сондықтан олардың мүддесін іс жүзінде толық қорғай алатын саяси ұйым деді.

Советтердің мемлекеттік орган ретіндегі құрылу принциптері де, қызмет атқару әдістері де шын демократияға негізделген. Советтерге сайланған өкілдердің халық алдында жауапкершілігі, оларды сайлаушылардың қайта шақырып алу правосы еңбекшілердің мемлекет аппа-

ратының қызметін бақылап отыруын, сонымен қатар олардың мемлекет басқару ісіне тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Сондықтан В. И. Ленин Совет мемлекетінің күш-қуатының қайнар көзі оның қалың бұқарамен тығыз байланысты екенінде, оның қызметіне еңбекшілердің өз еркімен саналы түрде кең қатысуында, деп атап көрсетті. Осыған орай экономика және мәдениет құрылысының көлемі өскен сайын социалистік демократияның шеңбері де кеңейе түседі. Мемлекет басқару ісіне бүкіл халықты түгелімен қатыстыру — Совет мемлекетінің ілгері дамуындағы басты заңдылықтың бірі.

Коммунистік партия В. И. Лениннің өсиеттерін орындай отырып, социалистік құрылыстың алғашқы күндерінен-ақ еңбекші бұқараны мемлекет қызметіне қатыстыруға көп көңіл бөлді. Елімізде социализм жеңіп, жаңа Конституцияның қабылдануы, жаңа сайлау системасын енгізу совет демократиясының өркендеуіне кең жол ашты. Еңбекшілердің саяси және еңбектегі белсенділігін көтеруде, оларды мемлекет басқаруға неғұрлым көп тартуда партияның XX съезінен кейінгі жылдар аса үлкен орын алды. Жеке адамға табынушылықтың салдарын жоюмен байланысты партия мен мемлекетті басқарудағы лениндік нормаларды қалпына келтіріп, қатал сақтау, өнеркәсіпті, құрылыс пен ауыл шаруашылығын басқаруды қайта құру, жоспарлау ісін реттеу, одақтас республикалар мен жергілікті советтердің праволарын кеңейту бүкіл халықтың саяси белсенділігін арттырды.

Еңбекшілер бұқарасы жалпы мемлекеттік мүдделерді терең түсініп, қоғам ісіне өз ықтиярымен белсене араласатын болды, олардың қоғам жұмысын басқаруда тәжірибесі молайды. Шынында да кәзіргі уақытта экономика, саясат, мәдениет, халықаралық өмірдің негізгі мәселелеріне көңіл қоймайтын, қоғамдық, мемлекеттік мүдделерге немқұрайды қарайтын адамды аз кездестіреміз. Қоғамдық пікірдің ролі арта түсті. Міне сондықтан да соңғы кезде партия аса маңызды заң-жобаларын алдын ала бүкіл халық талқысына жиі салып отыр. Мысалы, пенсия төлеу (1956 жыл), өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру (1957 жыл), колхоз құрылысын дамыту және МТС-терді қайта құру (1958), оқу системасын қайта құру туралы заң-жобаларын, жетіжылдық жоспардың жобасын талқылауға сан миллион еңбекші қатысып, өте бағалы ұсыныстар мен құнды пікірлер айтты. Оларды жоғарғы және жергілікті басшы органдар еске алды.

Осыған байланысты коммунизм орнатудың кең өрістетілген кезеңіндегі міндеттерге сай КПСС XXI съезі өзінің қарарында демократияны барынша өркендету, барлық азаматтарды шаруашылық және мәдениет құрылыстарына басшылық етуге, қоғамдық істерді басқаруға тарту, сонымен бірге осы күнде мемлекет органдары атқарып отырған кейбір қызметті қоғам ұйымдарына бірте-бірте ауыстыру кәзіргі жағдайда Совет мемлекетінің дамуындағы басты бағыт деп атап көрсетті. Бұл социалистік мемлекет туралы лениндік ілімді ілгері дамыту негізінде туған және ол ілімге қосылған бағалы үлес.

Кәзіргі кезде Совет мемлекеті еліміздің ішінде де, оның сыртқы қатынастарында да бірнеше маңызды қызмет атқарып отыр. Оның ел ішіндегі қызметі: 1) халық шаруашылығын өркендете беруді ұйымдастыру және басқару; 2) мәдениет құрылысына басшылық ету; 3) еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшерін қадағалап отыру; 4) қоғам меншігін қорғау; 5) социалистік право тәртібін қорғау.

Сыртқы қатынастарға байланысты мемлекетіміздің негізгі қызметі, біріншіден, агрессияшыл империалистік лагерь тарапынан туатын соғыс қаупінен елді қорғау; екіншіден, тұрақты бейбітшілік орнату, екі системаның бейбіт қатар өмір сүруі үшін күресу. Социалистік елдердің дүниежүзілік системасы құрылуына байланысты Совет мемлекеті халықтық демократия елдерімен социалистік қарым-қатынасты күшейту,

олардың өзара тығыз көмегі мен байланысын нығайту қызметін де атқарып келеді.

Совет қоғамы коммунизмге қарай алға өрлеп, социалистік демократия кең қанат жая берген сайын, мемлекеттің осы қызметтерінің кейбірі қоғам ұйымдарына бірте-бірте ауысады, қоғам істерін басқаруға бұқараның өзі көбірек тартыла беретін болады.

«Мемлекеттік аппараттың органдары атқарып келген бірқатар міндеттерді, — деді Н. С. Хрущев жолдас өзінің Москва қаласының Калинин сайлау округі сайлаушыларының жиналысында сөйлеген сөзінде, — қоғамдық ұйымдарға, оның ішінде нағыз бұқаралық және ең беделді ұйымдарға — еңбекшілер депутаттарының Советтеріне бірте-бірте ауыстыру керек деп партияның ХХІ съезі белгілеген бағытты өмірдің өзі, Советтік социалистік мемлекетті дамытудың бүкіл барысы әзірледі. Бұл бағыт ең жоғары мақсатқа, В. И. Лениннің айтуынша, барлық адамдар қоғамның бүкіл істерін басқаруды үйренетін және іс жүзінде өздігінен дербес басқаратын кезге жету үшін советтік социалистік демократияны онан әрі дамыта берудің белгісі болып табылады. Жолдас-тар, кәзір істің өзі осыған бастауда, өмірдің өзі бізді осыған шақыруда, мұны коммунистік құрылыстың мүдделері талап етуде».

Түбінде толық орнаған коммунистік қоғам мемлекетті керек қылмайды, ол өз істерін қоғамдық ұйымдар арқылы басқарады, яғни қоғам өзін өзі басқарады. Бірақ бұл әкімшілік шара қолдану арқылы тез арада оп-онай жүзеге асырылатын іс емес, ол қоғамның коммунизмге қарай өту барысында бірте-бірте қол жететін жағдай. Оған жету үшін социалистік демократияны дамыту, қоғам мүшелерін қоғам ісін басқаруға осы бастан баули беру керек болады. Бұл жағдай мемлекеттің коммунизм орнатудағы ролін ешбір бәсеңдетпейді, қайта социалистік қоғамның саяси негізін кеңейтеді, нығайтады, социалистік демократияны дамыта береді. Ал осы дәрежеге жету жолында еңбекшілер депутаттарының советтері аса көрнекті орын алып отыр. Советтер — Конституция бойынша мемлекеттік өкімет органдары. Сонымен қатар олардың қоғам ұйымдарына жақын екенін сипаттайтын өзгешеліктері де бар. Шынында да Советтер — бүкілхалықтық ұйым, олар қала мен ауыл-деревня еңбекшілерінің қалауы бойынша сайланған, халық алдында есеп беріп отыратын өкілдерінен құралған. Осы өкілдері арқылы 134 миллиондай сайлаушы, яғни еліміздегі барлық ересек адам Советтерге ұйымдасқан. Советтердің ролін онан әрі көтеру мақсатымен соңғы сайлауда (1959 жылы) жергілікті советтерге сайланған депутаттар саны бұрынғыдан 350 мыңға артып, кәзір 1 миллион 850 мыңға жетті. Бұлармен қатар бірнеше миллион совет активі қызмет атқарады. Қазақ ССР-нің өзінде өткен сайлауда жергілікті Советтерге 81 мыңнан астам адам депутат болып сайланды, олардың тең жартысы тұрақты комиссиялар құрамында істейді. Мұнымен бірге республика көлемінде 37 мың депутат емес азаматтар совет жұмысына белсене қатысуда.

Әдетте мемлекет аппараты жөнінде әңгіме болғанда алдымен мемлекеттен жалақы алатын адамдар отырған аппаратты айтамыз. Ал Советтерді алатын болсақ, олар негізінен ақысыз қызмет ететін еңбекші депутаттарынан құралады. Советтердің болашақта еңбекші бұқараның тікелей қоғамдық ұйымына айналып кетуіне мүмкіндік туғызатын қасиеті осында. Бұрын атқару комитеттері шешіп келген мәселелердің көбін соңғы жылдары Советтер өз қолына алып, бұқараның белсенділігіне сүйену арқылы жүзеге асырып келеді. Бұл мемлекет аппаратының қай саласында болса да төрешілдік пен бюрократтықты батыл жойып отыруға, басқару аппаратына жұмсалатын шығынды азайтуға, әкімшілік аппаратты қысқарта түсуге кең жол ашты.

Қатарына 50 миллионнан астам жұмысшылар мен қызметшілер кіріп отырған ең көп қоғамдық ұйым — кәсіподақтардың ролі де соңғы



жылдары арта түсті. 1933 жылдың өзінде Еңбек халық комиссариатының таратылуына байланысты оның негізгі қызметі кәсіподақтарға берілген болатын. Қазіргі уақытта кәсіподақтар шаруашылық жоспарларын жасауға тікелей қатысады. Өндірісте еңбек қорғау ісіне, еңбек жөніндегі заңдардың орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізіп отырғанда солар. Кәсіподақтардың фабрикалық, заводтық, жергілікті комитеттерінің праволары туралы жаңа Ереже бойынша олармен келіспей кәсіпорын әкімшілігі бірде-бір жұмысшыны немесе қызметшіні жұмыстан шығара алмайды. Сол сияқты өндіріс басшылары мен еңбекшілер арасындағы еңбек дауларының көпшілігін жергілікті комитеттер шешеді. Олар коллективтік договор және еңбек заңдарын бұзған кәсіпорын басшыларын қызметтен босату немесе жазалау туралы тиісті орынға мәселе қоя алады.

Әлеуметтік қамсыздандыру бюджеті түгелімен кәсіподақтардың басқаруына берілген. Ал Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық советі қатыспайынша СССР Министрлер Советінің еңбек пен жалақы жөніндегі комитеті бірде-бір маңызды мәселені шешпейді.

Кәсіподақтар шаруашылық басқару ісіне жұмысшыларды тікелей қатыстырып отыр. Мысалы, жергілікті комитеттердің басшылығымен қызмет істейтін тұрақты өндірістік кеңестерді алайық. СССР Министрлер Советі қабылдаған (1958 жылғы 9 июнь) арнаулы Ереже бойынша жұмысшылар саны 100-ден кем емес кәсіпорындарда, құрылыстарда тұрақты өндірістік кеңес құрылады. Кеңестің құрамы жұмысшылар мен қызметкерлердің жалпы жиналысында бір жыл мерзімге сайланады. Олардың қарамағына маңызды мәселелер берілген. Мысалы, кәсіпорындардың шаруашылық жоспарын жасауға қатысып, оның орындалуын бақылау ретінде өндіріс басшыларының баяндамасын тыңдайды және соған байланысты әкімшілікке міндетті қаулы шығара алады. Қазіргі кезде тұрақты өндірістік кеңестер 7 миллионнан астам жұмысшылар мен қызметшілерді қамтып отыр.

1958 жылы құрылған өнертапқыштар мен рационализаторлардың бүкілодақтық қоғамы, оның жергілікті ұйымдары кәсіподақтардың басшылығымен жұмыс істейді. Қоғамның 1 миллионнан астам мүшесі бар. Өткен жылы 2 миллионнан астам еңбекші халық шаруашылығының әртүрлі саласында 3 миллион 300 мың ұсыныс енгізді. Оның 2 миллионнан астамы халық шаруашылығында жүзеге асырылып, жыл сайын 11 миллиард сомдай үнем бермек.

Сонымен бірге кәсіподақтар тұрғын үй құрылысын бақылауға, пәтер үй бөлуге, еңбекшілерге мәдени тәрбие беру ісіне де тікелей араласып отыр. Кәсіподақтардың қарамағында мыңдаған кітапхана, клуб, көркемөнер үйірмелері, стадиондар бар. Сондай-ақ денсаулық сақтау ісінде де бірсыпыра жұмыс кәсіподақтарға беріліп отыр. Осы жылғы март айында қабылданған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің арнаулы қаулысына сәйкес бұрын Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағында болып келген курорттар, демалыс үйлері, санаторийлер (туберкулез ауруын емдейтін санаторийлер бұған кірмейді) 1960 жылғы майға шейін кәсіподақтардың республикалық советінің басқаруына беріледі. Қаулыда кәсіподақтар санаторий, демалыс үйлерін, курорттарды көбейте беруге, еңбекшілерді путевкамен көбірек қамтамасыз етуге тиіс делінген.

Ауыл шаруашылығы советтік экономиканың екінші негізгі бөлімі. Совет мемлекеті экономиканы дамытуға, шаруашылық ұйымдастыру жұмысына еңбекші бұқараны тікелей қатыстырып отырғанын колхозшылардың жалпы жиналысының шешуіне берілген көптеген міндеттерден көруге болады. Партияның XX съезінен кейін колхоз демократиясын барынша өркендету нәтижесінде ауылшаруашылық артелінің жал-

пы жиналысы өз тарапынан колхоз өндірісін жоспарлау, еңбек ұйымдастыру және ақы төлеу мөлшерін, колхозшылардың үй іргесіндегі жері мен өз меншігіндегі мал санын белгілеу, артель істерін басқару органдарын тағайындау сияқты маңызды мәселелерді шешіп отыр. Бұл колхозшылардың жалпы жиналысы ауыл-деревня еңбекшілерін өндіріс жұмысын басқаруға кең қатыстырудың шын демократиялық түрі екенін дәлелдейді.

Коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізу материалдық игілікті молайтумен қатар қоғамның рухани мәдениетін де мейлінше көтеруді керек етеді. Совет мемлекетінің азаматтарға мәдени тәрбие беру қызметіне кәзір еңбекшілердің алуан түрлі қоғамдық ұйымдары мен жұртшылықтың өзі барған сайын кең қатысып отырғанын көреміз. Мысалы, бұрын мемлекет аппараты жүргізіп келген бұқара арасында лекция оқу арқылы білім тарату ісін көптен бері арнаулы қоғам — Саяси және ғылыми білім тарату қоғамы өз қолына алып отыр. Осы қоғам тарапынан 1959 жылы республикамызда жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенттер арасында 221 мың лекция оқылды. Мұндағы бір айта кететін маңызды жағдай алдыңғы қатарлы совет интеллигенциясының бастамасымен еңбекшілер арасында ақысыз лекция оқу барған сайын кең орын алып келеді.

Партияның ХХІ съезінен кейін еңбекшілерге мәдени, көркемдік, эстетикалық тәрбие берудің бұқаралық жаңа түрлері шыға бастады. Бұлар: мәдениет университеттері, халық театрлары, әуесқойлар киностудиясы, аудандық және колхоздық, совхоздық музейлер т. б. Бұларға тән басты ерекшелік олардың қалың халықтың ортасында болуы, бұқараның рухани тілегін жанжақты қамтуы. Қазір республикамызда 120 мәдениет университеті қызмет істеп отыр. Олар ғылым мен техниканың жаңалықтарын, әдебиет пен көркемөнердің барлық саласын насихаттау міндетін жақсы атқарып келеді.

Еңбекшілердің ой-өрісін, білім дәрежесін көтерумен қатар оларға жанжақты дене тәрбиесін беруді партия әруақытта өте маңызды міндет деп есептейді. Физкультура мен спортты бұқаралық жұмысқа айналдыру мақсатымен бұрынғы мемлекеттік орган физкультура мен спорт жөніндегі комитет таратылды. Оның орнына КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде физкультура мен спортқа басшылық ету туралы» қаулысы негізінде кең демократиялық негізде құрылған, физкультура қозғалысын ұйымдастырудың бұрынғыдан әлдеқайда тиімді формасы — спорт қоғамдары мен ұйымдарының одағы қызмет істеуде. Осының нәтижесінде, мәселен, республикада физкультурашылардың творчестволық ынтасы арта түсті. Ерікті спорт қоғамдары партия ұйымдарының басшылығымен, кәсіподақтардың, комсомолдың тікелей көмегіне сүйене отырып, физкультура мен спортты бүкілхалықтық іске айналдыру үшін жігер салып келеді. Осыған байланысты болашағы зор іс — өндіріс гимнастикасының кәзір өріс алып отырғанын айту керек.

Партияның ХХ съезінен кейінгі жылдары социалистік заңдылық пен қоғам тәртібін нығайтуда мемлекет органдарымен қатар еңбекшілердің ерікті қоғамдары және қалың көпшілігі үлкен роль атқарып келеді. Кәсіпорындарда, колхоздарда, мекемелерде, оқу орындарында, үй басқармаларында құрылатын ерікті халық жасақтары, жолдастық соттар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер коллективтеріне заң тәртібін бұзушылардың бірқатарын өзі тәрбиелеп, түзетуі үшін міндеттеме алуына право берілуі, ал ауыр қылмыс жасаушылар сотына қоғамдық айыптаушыларды қатынастыру мемлекет қызметін атқаруға қалың бұқараның кең қатысып отырғанын айқын көрсетеді.

Республикада кәзір 100 мыңнан астам мүшесі бар 4 мыңдай халық жасақтары құрылды. Олардың қызметін 220 аудандық және қалалық штаб басқарып отыр. Милиция органдарымен тығыз байланыста болатын халық жасақтары қоғамға зиян келтіретін қылықтарды жасатпауға, түрлі қылмысты ашуға, қылмыстыларды ұстауға көп көмегін тигізіп келеді. Ал жолдастық соттардың соңғы кезде саны көбейіп, жұмыстары едәуір түзеле бастады. Болашақта жолдастық соттардың ролі арта береді. Кәзір жұртшылықтың кең талқылауына берілген заң жобасында еңбек тәртібін бұзу фактілерімен бірге тұрмыс, мораль нормаларын аяққа басушылардың ісін қарауға және бұрын мемлекеттік соттардың қарауына беріліп келген аса қауіпті емес, кейбір қылмыстарды да қарауға жолдастық соттардың праволы екені айтылған.

Қоғам ұйымдары мен көпшіліктің социалистік право тәртібін нығайтуға жедел қатысуы милиция аппаратын, мемлекет қауіпсіздігін қорғайтын органдардың аппаратын едәуір қысқартуға жағдай жасады, тіпті СССР Ішкі істер министрлігін таратуға да мүмкіншілік берді.

Тағы бір айта кететін жағдай мынау. Жазалау, әкімшілік жолымен көндіру әдісі Совет мемлекетінде әруақытта екінші орында болды. Ал кәзір коммунистік құрылыстың кең өрістеген кезеңінде, совет демократиясының дами беруіне байланысты күштеу, жазалау шарасы барған сайын қысқара түсуде, ал бұқараны көзін жеткізе тәрбиелеу, ұйымдастыру әдісі кең орын алып келеді. КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында былай делінген: «Социалистік демократия одан әрі дамытылып, социалистік мемлекеттік коммунистік қоғамның өзін өзі басқаруына бірте-бірте ұласқан сайын бұқараны көзін жеткізе тәрбиелеу советтік қоғамның өмірін реттеп отырудың негізгі әдісіне бұрынғыдан көбірек айнала бастайды».

Сөйтіп, коммунизм құрылысы дәуірінде және оның даму сатысына сайма-сай қоғамды басқару қызметі де өзінің сипатын бірте-бірте өзгертеді, қалың еңбекші бұқара, коммунизм орнатушылар, қоғам істерін тікелей өздері басқаруға жаттыға береді.

Міне мұның бәрі В. И. Лениннің Совет мемлекетінің тарихи ролі туралы ілімінің іс жүзіндегі салтанаты.

Ревизионистер, әсіресе Югославия ревизионистері, социалистік демократияның дамуы социалистік мемлекетті нығайтумен сыйыспайды, демократияның өркендеуіне социалистік мемлекет бөгет жасайды, сондықтан да оның міндеті мен қызметін күні бүгін, капитализмнен социализмге өту дәуірінде-ақ тоқтату қажет деп даурығады. Сөйтіп, олар социалистік мемлекет туралы лениндік бірден-бір дұрыс ілімді бұрмалап, іс жүзінде империалистік буржуазияға қызмет етіп отыр.

Ленинизм социалистік мемлекет коммунизм орнату құралы, сондықтан коммунизм толық орнағанша ол сақталады, ол бірте-бірте өшіп, тек толық жеңген коммунизм тұсында ғана қоғам өзін өзі басқаратын болады, мұның үшін алдымен тиісті экономикалық, мәдени, халықаралық алғы шарттар орындалу керек деп үйретеді. Ал мемлекеттің социалистік Отанды қорғау міндеті империалистер тарапынан елімізге шабуыл жасау қаупі түпкілікті жойылғанда барып тоқтайды. Социалистік құрылысқа кіріскенде мемлекеттің өшуін алғы шарт есебінде жариялау теория жағынан теріс, ал іс жүзінде еңбекшілерді олардың коммунизм орнатуда, Отан қорғауда пайдаланатын қолындағы негізгі құралынан айыру. Сондықтан да КПСС ХХІ съезі «жеке қызметтердің мемлекеттік органдардан қоғамдық ұйымдарға көшуі социалистік мемлекеттің коммунизм орнатудағы ролін әлсіретпейді, қайта социалистік қоғамның саяси негізін кеңейтеді, нығайтады, социалистік демократияның одан әрі дамуын қамтамасыз етеді» деп атап көрсетті.

# В. И. Ленин партиялық, мемлекеттік тәртіп туралы

Владимир Ильич Ленин Коммунистік партияға, социалистік құрылысқа большевиктік басшылықты асқан тәртіптілікпен жүзеге асырып отырды. Жұмыстағы тәртіпсіздіктің қандайына болса да ол ешбір төзбейтін. Ленин партиялық, мемлекеттік тәртіпті бұзудың барлық түріне қарсы, партия қатарының бірлігін бұзуға қарсы аяусыз күресті. Коммунистік партияны құру, нығайту жолында оппортунишылдардың әр түріне өлтіре соққы беріп, оларды идеялық жағынан күл-талқан еткені мәлім. Біз мұны Лениннің өз шығармаларынан да, ұлы көсем туралы карт революционерлердің жазған естеліктерінен де жақсы білеміз. Ленин ұйымдастырып, тәрбиелеген даңқты Коммунист партиясы өз қатарының құрыштай берік тәртіптілігімен, асқан ұйымшылдығымен, бірауыздылығымен күшті.

Владимир Ильич партия, совет, шаруашылық аппаратындағы қызметкерлердің бәрінен іске қатаң жауаптылықпен қарауды талап етті. Сонымен бірге ол партиялық, мемлекеттік берік тәртіп жолынан ауыткитындарды, өз міндетіне атүсті қарайтын, жұмысқа қырсыз тонмойындарды жауапқа тартып отырды. Тәртіпті жұрт саналы түрде сақтаса ғана ол тәртіп іс жүзінде берік болады деп ескертті.

«Жұмысшы партиясындағы, — деді Ленин, — тәртіптің маңызы және тәртіптің ұғымы жөніндегі көзқарасымызды біз принциптілікпен әлденеше рет анықтадық. Қимыл бірлігі, пікір алысу және сын бостандығы болсын, — міне біздің анықтамамыз осындай. Тек осындай тәртіп ғана алдыңғы қатарлы таптың демократиялық партиясына лайық тәртіп». (Шығармалар, 11-том, 316-бет).

Партияға тас-түйін бірлік, темірдей тәртіп керек деп үйретті Ленин. Ол белгілі бір жұмыс немесе жұмыстың бір бөлегі үшін әрбір адамның жауапкершілігі мықтап арттырылуға тиіс екенін сан рет атап көрсетті. Партиялық, мемлекеттік құрыштай берік тәртіп орнатып, оны совет адамдарының бәрі де қатаң сақтауын талап еткен Владимир Ильич үлкенді-кішілі әрбір қызметкерді қадірлеуге, мәпелеп өсіріп тәрбиелеуге үлкен мән берді. Бұл жөнінде оның бүкіл өмірі асқан үлгі-өнеге болды.

Өзінің өмірімен асқан ұйымшылдықтың, берік тәртіптіліктің үлгісі болумен қатар Ленин күллі совет адамдарын осындай болуға баулыды. Барлық мекемеде істі жедел шешіп отыру, жұмыстағы салдыр-салдақтыққа, іске жаны ашымаушылыққа, жұмысқа үстірт қараушылыққа, тәртіпті қатаң сақтауға нұқсан келтіретін өзге де қолайсыз жағдайға ешбір жол бермеу — Ленин талабы міне осындай болды.

Лениннің ұзақ жылдар бойы хатшысы болған Лидия Александровна Фотиева былай деп еске түсіреді: «Владимир Ильич совет өкіметінің қайсы бір қаулысы не жарлығы орындалмағанын сезіп қалса, оған кінәлі адамға жаза беруді әрқашан талап ететін. Сонымен қатар, дейтін ол, жаза оншама ауыр да болмауы мүмкін, кейде сөгіс беру де жетіп қалар, бірақ кінәлі адам жазаланбайды деп жайылып кеткен жалпы сенімді күйрету қажет. Владимир Ильич өзіне тікелей тапсырылған істі орындамаған адамды ғана емес, сонымен бірге үкіметтің кейбір шешімінің орындалмауынан зиян көріп отырған мекеменің басшысы да, яғни осы шешімнің орындалмағанын біле тұра, оған жаны ашымаған,

тиісті орындарға дабыл қақпай, арыз етпей, мәлімдемей отыра берген басшы да кінәлі деп санайтын».

Ленин бастаған істі ақырына дейін тындырып, нақты нәтиже шығарып отыру керек деп үйретті. Ленин жалпы совет заңдарының мүлтіксіз орындалуына, социалистік өмірдің тәртіп ережелерінің бұзылмауына мейлінше қамқоршы болып зер салған. Бұл жөнінде Владимир Ильич өзінің қайнаған күш-жігерге толы жарқын өмірімен үлгі бола отырып, совет жұртшылығын осыған тәрбиеледі. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойған ол совет заңын орындауда өзіне ешқандай жеңілдік жасаған емес, өзін ерекше жағдайға қоюдан мүлде аулақ болды.

Оның мейлінше кішіпейіл болғаны баршаға аян. Кішіпейілділік — тәртіптіліктің бір белгісі деп есептеді ол. Сәл ғана заңсыздық, совет тәртібін сәл ғана бұзу енбекшілердің мүддесіне ешуақытта пайда келтірмейді деген пікірді талай рет ескертті. Владимир Ильич алатын жалғыз мөлшері жағынан да өзін ерекше артық жағдайда ұстағысы келмеді. Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевич Лениннің айлық жалақысын 500 сомнан 800 сомға өсіргенін білгенде, оны Владимир Ильич заңсыз деп есептеген. Совет заңын бұздың деп Бонч-Бруевичке қатаң сөгіс жариялаған. Тіпті азамат соғысы жылдарының өзінде Ленин жалпы тәртіпке сәйкес жауапты қызметкерлермен бірдей түрде азық-түлікті карточкамен алып, Кремль асханасынан жұртпен бірге барып тамақ ішетін. Лениннің өзін бұқарадан даралап жеке, артық ұстамағанын мына фактіден де айқын көруге болады. Бір күні Владимир Ильич өзінің ғылыми жұмыстары үшін керек болған сөздік, анықтама кітаптарын іздейді. Мұндай кітаптардың бір кітапханада бар екені анықталады. Бұл жөнінде Ленин Румянцев музейі жанындағы кітапханаға былай деп хат жазады: «Егер тәртіп бойынша анықтамалық кітаптар үйге берілмейтін болса, оларды кешке түнге қарай кітапхана жабық тұратын уақытта алуға болмас па екен? Таңертең қайтарып беремін». Мұның өзі кішкене мәселе болса да көсемнің әр уақытта жалпы ережені, жалпы тәртіпті қадір тұтып, оны қатаң сақтайтынын көрсетеді.

Қарт революционерлердің естеліктерінде жазылғандай, Владимир Ильич жұмыста үлкен жеделдікті, басшы органдардың бұйрық-жарлықтарын тез де дәл орындауды жақсы көретін. Жұмыста көп сөйлеп, аз істейтін мылжындықты, төрешілдікті, қағазбастылықты, мәселе шешуге ресми түрде қарауды және Коммунист партиясының сара жолына, советтік қоғам табиғатына, оның тәртібіне қайшы келетін өзге де жағымсыз қылықтардың бәрін қатты сөгетін.

Владимир Ильич Ленин тек өз уақытын ғана емес, өзгенін де уақытын ұқыпты пайдалануға, оны үнемдеуге қамқорлық жасап отырды. Халық Комиссарлары Советінің, Енбек пен Қорғаныс советінің мәжілістеріне тағайындалған уақытта дәл немесе бірнеше минут ерте келетін. Ленин басқарған мұндай мәжілістер белгіленген уақытта дәл басталатын. Біз мұның бәрін естеліктерден айқын көреміз.

Совет өкіметі орнағаннан бастап кеменгер Ленин бүкіл партия, совет, шаруашылық ұйымдарында қатаң тәртіп орнатылуын бірден қолға ала отырып, оның мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етті. Капитализм дәуіріндегі берекесіздіктің, тәртіпсіздіктің бәріне шек қойып, оны жою үшін жұмысшы табы мен шаруалардың одағын күшейтті, олардың жаңа қоғамдық өмірге социалистік көзқарасын қалыптастыруда, қайта құруда толып жатқан ірі шаралар қолданылды.

Лениннің өсиетін орындай отырып, Коммунист партиясы Совет үкіметінің барлық буындарын жанаша құрып, жұмысты ұқыпты істеуге, саяси-шаруашылық мәселелердің бәрін жанжақты зерттеп, байыпты шешіп отыруға қолайлы жағдай жасады. Партия, совет мекемелерінде, өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда енбекті дұрыс

ұйымдастыруға, бұл жөнінен қатаң тәртіп орнатуға бағытталған талай шаралардың жүзеге асырылғаны мәлім.

Лениндік принциптен ешбір айнымайтын Коммунистік партия еліміздің экономикасы мен мәдениетінің барлық саласында мемлекеттік, және партиялық тәртіптің берік болуына ұдайы назар аударып келеді. Жалпы тәртіпті бұзуға жол беретін іске ат үсті қараушылыққа, кеңсешілдікке, қағазбастылыққа, дандайсушылыққа, жағымпаздыққа және капитализмнің басқа да шіріген қалдықтарына қарсы ұдайы аяусыз соққы беріліп келеді. Коммунистік партия еңбекшілерді марксизм-ленинизм рухында, пролетарлық интернационализм, халықтар достығы рухында тәрбиелеп, халқымызды елде социализмді ойдағыдай орнатуға сара басшылық етті. Енді міне біз лениндік партияның басшылығымен коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуіріне еніп отырмыз.

Партиямыз соңғы жылдары өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру, ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту, одақтас республикалар мен жергілікті ұйымдардың праволарын кеңейту бағытында бірсыпыра елеулі шараларды жүзеге асырды. Сонымен қатар КПСС Орталық Комитеті мемлекеттік тәртіпті мейлінше нығайту үшін жергілікті ұйымдарға, халық шаруашылығы советтеріне қатты талаптар қойды. КПСС Орталық Комитетінің 1959 жылғы июнь Пленумында сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас халық шаруашылығының барлық саласында кадрларымыздың қатары өсіп жетілгенін, олардың саналы еңбек етіп жүргенін атап көрсетті.

Бірақ партия, совет, шаруашылық ұйымдарында партиялық, мемлекеттік тәртіпті бұзатын қызметкерлер әлі де ұшырайды. Отан алдында, жұртшылық алдында салтанатпен қабылданған социалистік міндеттемелерді орындауға жауапсыз қарайтын, оны ұмытып кететін басшы қызметкерлер әлі де бар. Мысалы, былтыр Алматы облысының колхоздары мен совхоздары бойынша дәнді дақылдан, қант қызылшасынан, овощтан, картоптан өнім алу міндеттемелері қағаз жүзінде ғана қалды деуге болады. Мысалы, қант қызылшасының әр гектарынан орта есеппен не болғаны 200 центнер ғана өнім жиналды. Кейбір жеке аудандарда қант қызылшасының өнімі гектар басы 140 — 150 центнерден асқан жоқ. Сол сияқты облыста мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру міндеттемелері де толық орындалмады. Былтыр 1958 жылмен салыстырғанда әр 100 саулықтан, сиырдан қозы мен бұзау әлдеқайда кем алынды. Мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзып нақты тапсырманы орындамау салдарынан облыстың Жамбыл, Ұйғыр, Шелек аудандары жемшөпті жеткілікті дайындай алмады, мал қорамен қамтамасыз етілмеді. Мұның аяғы қыста үлкен қиыншылыққа киліктірді. Малдың арықтап, жүдеуі, шығын болуы кәзір бұларда көп болып отыр. Былтыр облыс мемлекетке астық, мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарларды жалпы орындады, бірақ көптеген шаруашылықтарда жоспар орындалған жоқ. Облыс бойынша астық тапсыру міндеттемесін 61 колхоз, ет тапсыруды 43 шаруашылық орындамады.

Бізде әлі күнге дейін саяси шаруашылық науқандардың орындалуы жөнінде жоғары орындарға жалған мәлімет беру, көзбояушылыққа салыну кездесіп қалады. Мысалы, 1959 жылы Ақтөбе облысында сүт дайындау жөнінде көзбояушылық үлкен орын алды. Облыстық партия комитеті, оның секретары Попадько жолдас мемлекет мүддесіне қайшы келетін мұндай өрескел әрекетке соққы беру орнына, ымырашылдық жасады. Оның нұсқауы бойынша облыста ішкі шаруашылық қажеттерге жұмсалған сүт дайындау жоспарын орындау есебіне қосылған.

Жақында өткен Қазақстан Компартиясының X съезінде республикамызда партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылықтың жеке мысалдары келтірілді. Съезде делегаттар атап көрсеткендей кейбір об-

лыстық, аудандық партия комитеттері кадрларға қатаң талап қоймайды, оларды тапсырылған іске жауапкершілік, партиялық, мемлекеттік тәртіпті бұлжытпай сақтау рухында тәрбиелеп отыруға тиянақты назар аудармайды, Отан алдындағы борышын ұмытқандарды уақтылы түзетпейді. Кейбір басшы қызметкерлер жершілдіктен, іске ведомстволық тар шеңбер тұрғысынан қараудан әлі арылып болған жоқ. Әдетте ондайлар жалпы мемлекеттік мүддені қағажу қалдырады.

Ленин талап еткендей, партия ұйымдары мемлекеттік тәртіптің мүлтіксіз сақталуына, мемлекеттік мүдденің бәрінен де жоғары ұсталуына ұдайы қамқоршы болуы керек. Коммунистер мемлекеттік тәртіпті сақтауда әрдайым жұртқа өнеге көрсетіп отыруға тиіс. КПСС Уставына сәйкес партия мүшелері: «Партияның барлық мүшелеріне бірдей міндетті партиялық және мемлекеттік тәртіпті сақтауға міндетті. Партияда екі тәртіп — басшыларға арналған бір тәртіп, қатардағыларға арналған екінші тәртіп болуы мүмкін емес... Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзу партияға зиян келтіретін үлкен күнә болып табылады, сондықтан мұның өзі партияның қатарында болумен сыйыспайды».

Мемлекеттік, партиялық тәртіптің берік сақталуын қамтамасыз етуде істің орындалуын бақылау, тексеру үлкен орын алады. Өткен жылы КПСС Орталық Комитетінің Президиумы мемлекеттік, партия, шаруашылық және басқа ұйымдардың барлық буынында істің орындалуын бақылауды күшейту жайында әдейі шешім қабылдады. Бұл шешім бойынша өнеркәсіптегі, сауда орындарындағы, совхоздардағы бастауыш партия ұйымдарында әкімшілік қызметін бақылау правосын жүзеге асыратын арнаулы комиссиялар құру қажет деп табылды. Бұл комиссиялар кәсіпорындардың өндірістік тапсырмаларын, мемлекеттік заказдарын, өнім шығару жоспарларын орындауды үнемі бақылап отыруға, қызметкерлердің мемлекеттік тәртіпті сақтауын қадағалауға, тағы сондай маңызды міндеттерді атқаруға тиісті. Мұндай комиссиялар құрылып жұмыс істеп жатыр. Енді мәселе оларға партия ұйымының басшылығын жақсартып түсуде болып отыр.

Партиялық, мемлекеттік берік тәртіп — социалистік құрылыс ісінің ойдағыдай жүзеге асырылуының негізгі шарттарының бірі. Біздің Коммунистік партия, Совет үкіметі болаттай берік тәртіпті қолдану арқасында ғана саяси-шаруашылық міндеттерді орындауда ұдайы ілгері басып, елімізде коммунистік қоғам орнату ісін ойдағыдай жүргізіп келеді. Н. С. Хрущев жолдас былай деп көрсетті: «...Партиялық және мемлекеттік тәртіп мәселесі — партия және мемлекет аппаратының барлық кадрлары жұмысының негіздерінің негізі. Қандай да болса бір шешім алғаннан кейін тілесем орындаймын, тілемесем орындамаймын деп ойлайтын қызметкерлерге арамызда орын болмауға тиіс. Шешім қабылданған екен, оны бұзуға ешкімнің де правосы жоқ».

Партиямыздың XX, XXI съездерінің, Орталық Комитеттің соңғы жылдардағы тарихи Пленумдарының шешімдері партияның бірлігін, ұйымшылдығын онан әрі күшейтуді, партиялық тәртіпті әрдайым берік сақтауды, халықпен байланысын онан әрі күшейтуді, партия, совет, кәсіподақ ұйымдарындағы жұмыстың демократиялық принципін кеңінен қолдануды талап етті. Бұл талапты абыроймен орындау — әрбір совет адамының қасиетті борышы.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 90 жыл толуын салтанатпен мерекелейтін күндері ұлы көсемнің партиялық, мемлекеттік тәртіпті берік сақтау жөнінде айтқан өсиеттерін жүзеге асыру барлық коммунистердің, күллі еңбекшілердің абыройлы міндеті екенін тағы да еске алған жөн.

**Қ. СЕРІКБАЕВ.**

# В. И. Ленин туып өскен, болған жерлерде

## Көсем туған қалада

Біз жақында данышпан көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туып өскен, революциялық қызметіне байланысты бірсыпыра жерлерде болып қайттық.

Ильичтің ата-анасы Симбирск қаласына қызмет бабымен 1869 жылы көшіп келген. Әкесі халық училищелерінің инспекторы, соңынан директоры болған. 1870 жылы Ульяновтардың семьясында олардың үшінші баласы Владимир туған.

Илья Николаевич оқу жасына жеткен балаларын гимназияда оқытқан. Басқалары сияқты Володя да гимназияға түсіп, сабаққа жақсы үлгіріп отырған. Онымен бір гимназияда оқыған, кәзір пенсионер қарт А. Зефиrow Владимир Ильич туралы бізге көп әңгіме айтты. Бұрынғы гимназия үйіне кәзір Ульяновск қаласының № 1 орта мектебі орналасқан. Бұл мектептің педагогтері Владимир Ильич Ленин оқыған мектепте кәзір де сабаққа үлгірмейтін бірде-бір шәкірт болмауы керек деген ұранмен жұмыс істейді екен.

— Володя Ульянов, — дейді Зефиrow қарт, — гимназияның акт залында кәмелеттік аттестат алу үшін 1887 жылы емтихан тапсырды. Ол барлық пәннен де үздік баға алды. Бірақ гимназия директоры, логика пәнінің мұғалімі Ф. Керенский (1917 жылғы Уақытша үкімет бастығы болған Керенскийдің әкесі) үздік жауап берген Володяға әділетсіздік жасады. «Бұл пәнді тек мұғалім ғана үздік біледі, ал оқушы одан артық білуге тиісті емес» деп Володя Ульяновтың аттестатына «төрттік» баға қойып, жұрттың зығырданын бір қайнатқан еді.

Бірақ сол қатігез директордың өзі көп ұзамай Володяның талантына бас иіп, амалсыздан оны «гимназия мақтанышы» деуге мәжбүр болған-ды. Кейін Володяға университетке түсу үшін мақтау қағаз да берген.

Бұл залда жыл сайын кәмелеттік аттестат алу үшін емтиханды үздік бағамен тапсырғандардың тізімі ілулі тұр.

Акт залға таяу музей—класс бөлмесі. Қатар қойған партаның ең соңғысы Володяның отырған орны. Оның үстінде: «Осы арада 7-класс оқушысы Владимир Ульянов отырған» деп жазылған тақта тұр. Көріп шығуларыңа болады. Онда Володяның оқулықтары: ұмытпасам, орыс және шіркеу-славян этимологиясы, латын грамматикасы, орыс тарихының қысқаша очеркі, орыс хрестоматиясы болу керек. Біз мектептің басқа кластарынан, коридорынан В. И. Лениннің өмірі мен қызметіне байланысты көптеген сурет көрдік.

Ильичтің балалық шағын өткізген үйіне де келдік. Көсемнің есімімен аталатын көшенің № 58 үйіне орнатылған ескерткіш тақтада: «Бұл үйде 1878—1887 жылдары В. И. Ульянов-Ленин тұрған» деген жазу бар.

— Музей-үйді көру осыдан, Ульяновтардың қонақ үй бөлмесінен басталады, — деді экскурсовод.

Бұл бөлме семьяның демалыс орны болыпты. Кешкілікте Мария Александровна рояль ойнап, романстар мен опера арияларын айтады екен.

Келесі бөлме — Илья Николаевичтікі. Жазу столында Симбирск губерниясындағы халық ағарту ісінің жайы туралы очерктер мен бір-



неше кітап жатыр. Казан университетін бітіргенде-ақ оған математика ғылымының кандидаты деген ғылыми атақ берілген. Пенза, Нижний Новгород қалаларында мұғалім болған, Симбирскіде халық училищелерінің инспекторы болып жүргенде губерниядағы чуваш, мордва, татар сияқты аз ұлт өкілдерінің білім алуына көп көмектескен.

Өзінің педагогтік жұмысында ол В. Г. Белинскийдің, Н. Г. Чернышевскийдің және Н. А. Добролюбовтың озық идеяларын жүзеге асырып отырған. Илья Николаевичтің балалары: үш ұлы мен үш қызы революциялық рухта тәрбиеленіп өскен. Семьяның басы, балаларының сүйікті әкесі Илья Николаевич 1886 жылы 55 жасында қайтыс болған.

Олардың сүйікті анасы Мария Александровна бойына біткен күшжігері арқасында бұған мойымастан, балаларын тәрбиелеп, оқыта берген. Володясы гимназия бітіргеннен кейін оны әрі қарай оқыту үшін Қазанға көшкен.

Жастай қайтыс болған Ольгадан басқа бес баласы гимназия бітіріп жоғары білім алған. Барлығы да революционер болып, әлденешерет жер аударылып, тұтқындалған. Александр III патшаны өлтіруге әрекет жасаушылар қатарында болғаны үшін өлім жазасына кесіліп, дарға асылған Александр Ульяновтың тағдыры жұртқа мәлім.

Одан кейінгі баласы Володя еді. Көп баланың арасында тәрбиеленген жазық маңдай, сары шашты өткір бала, ойынға да, оқуға да жалықпай, өзінің елден ерекше таланты мен жігері барын сол кездің өзінде-ақ аңғартқан екен.

Володя Ульяновтың гимназияда оқыған кезіндегі алғырлығы мен зеректігін қайталап айтып жатудың бұл арада қажеті болмас. Туған ағасы Александрды патша үкіметі дарға асып өлтіргенін естігенде жас Володьяның: «Жоқ, біз бұл жолмен жүрмейміз, біздің жүретін жолымыз бұл емес» деуі, өзінің таңдап түсетін жолы — революциялық жол екенін айқын түсінгендік еді.

Владимир Ильичтің алтын бесігінің әрбір бөлмесі, әрбір бұрышы адамның көзіне оттай басылып, жүрекке сондай жылы тиеді...

### Разливтегі сарай-күркеде

Біз Ленинградтан 35 километр жердегі Разлив станциясы қасындағы музей-сарай мен музей-күркеде де болдық. Міне дача түрінде салынған әдемі үйлер. Осылардың арасында елеусіз жерде биік шатырлы бір сарай да тұр. Оның маңы тізілген машина, лек-лек халық. Тақтайдан жасалған сарайдың жұрт көретіндей қызықты ештеңесі жоқ сияқты. Бірақ осының қабырғасында ақ мраморға алтын әріппен: «1917 жылдың 12 июлінен бастап В. И. Ленин осы сарайдың шатырында 7—8 күн жасырынған» деп жазылған.

1917 жылғы июль оқиғасынан кейін Коммунистік партия жасырын жұмыс істеуге көшкенін, контрреволюциялық Уақытша үкімет бастығы Керенскийдің большевиктерге қарсы күрес ашып, Ленинді ұстап берген адамға ақшалай көп сыйлық беруге уәде еткенін, содан кейін Лениннің жасырынуға мәжбүр болғанын экскурсовод қысқаша түсіндірді.

Владимир Ильичтің осы арада болған кезінде не қызмет атқарғанын, оған қаладан кімдер келгенін сол үйдің иесі Емельяновтың әйелі Надежда Кондратьевна бізге қысқаша айтып өтті.

— Менің ерім Николай Александрович, — деді ол, — осы арадағы Сестрорецк мылтық зауытының жұмысшысы болатын. Ол 1904 жылдан, мен 1907 жылдан партия мүшесі едік.

Бір күні біздің үйге Орталық Комитеттің бір адамы келді, өзі қатты абыржулы. Біз одан не болды деп сұрадық. Ол қабағын шытып, келген жұмысын баяндады.

— Мені Орталық Комитет жіберді, — деді ол. — Ленинге бұдан былай қалада тұруға болмайды. Ол осында жасырынуы керек. Сендер жақсылап ойланындар да, оны қалай жасыру керек екенін екі күннен қалдырмай хабарлаңдар. Ленинді жасыруды партияның Орталық Комитеті сендерге тапсырды. Бізге өте жауапты міндет жүктелді. Орталық Комитет көсемнің өмірін сақтауды бізге тапсырса, бұдан асқан сенім болар ма!

Енді көсемді қалай жасырудың амалын іздестірдік. Николай ертеңінде Разлив көлі қасындағы бір шаруадан үш жылға деп шабындық жерді жалға алатын болды. Сол арадан пішеншіге күрке жасап, Ильичті шөп шабуға жалдап алдық, біздің пішеншіміз демекпіз. Мұны Орталық Комитет те мақұлдады. Николай шабындық жерді жалдап, күрке жасайтын жерді әзірлеп қайтты. Ертеңмен қалаға кетті. Сол күні кешке ертіп әкелмек.

Олар сол күні шыға алмай қалып, ертеңінде таңғы сағат 4-те келді. Өздері әбден шаршаған. Үйімізді жөндел, уақытша сарайда тұратынбыз. Шай ішіп отырып, Ильич артындағы терезеге қарап, бұл көше жақтағы терезе ме? — деп сұрады. Солай екенін білген соң: — мұнда жатуға болмайды екен, — деді. Ол сарайдың шатырына шығып жатуға ұйғарды. Сыбырмен, ыммен сөйлесетін болдық.

Ильичтің бұл арада тұра беруіне енді болмайды, дереу хауіпсіз жерге, пішенші күркесіне апару керек деген нұсқау келді партияның Орталық Комитетінен.

Владимир Ильич біздікіне келген күннің ертеңінде біз сол маңайдағыларға сиыр сатып алғалы жатырмыз, шөп шабуға пішенші жалдап алдық деп лақап тараттық. Николай барып күрке жасап, пішен шабуға керекті құрал-сайман әзірлеп келді. Барлығы әзір болған соң Ильич түнде сонда барды. Николай таң атқанша қасында болып, үйге ертеңіне келді.

Ленин осы арадан социалистік революцияны әзірлеу, партияның VII съезін өткізу ісіне басшылық етіп жатты. Бұл арада ол бір айға таяу болды.

Күн суытып, жауын бола бастаған соң августың 22 күні Сестрорецк мылтық заводының жұмысшысы К. П. Ивановтың документімен Финляндияға өтуге сайланды. Партияның бұл жауапты тапсырмасын Емельянов пен Э. Рахья (слесарь), оның әйелі Лидия Петровна Парвнайнен мен токарь Шотман орындайтын болды.

Лидия Парвнайнен Финляндия жеріндегі Ялкала (кәзір Ильичево) деревнясында тұратын өзінің жұмысшы әкесі Петр Федоровичтің үйіне барып, Петроград жазушысы К. П. Иванов осында келіп, 10 күндей еңбек жазып, дем алып жатпақшы еді, соған пәтер іздеп келдім деп, өз әкесімен келісіп қайтады.

Енді сонда апару керек. Шотман өзінің бұрыннан таныс паровоз машинисі Г. Ялавамен келіседі. Ол Петроградтан Финляндияға қарай жүретін № 71 поездың паровозына қаладан он километр жердегі Удельная станциясына келгенде Ильичті отырғызып әкетуге уәде береді.

Поезд бұл станцияда бір минуттай ғана аялдайды екен. Владимир Ильичті ертіп әкеле жатқандардың біреуі — Лидия Петровна билет алып, басқа вагонға отырғанда, Ильич дереу паровозға барып мінеді. Машинист қарсы алады. Ильич пальтосын шешіп жіберіп, пешке отырғала бастайды, өзінің «кочегарлық» қызметін атқаруға кіріседі.

Поезд шекарадағы Белоостров станциясына жетеді. Әдетте осы арада жолаушылардың документі тексеріледі екен. Бұл арада поезд 20 минут аялдайды. Машинист станцияда қаптап жүрген полицейлер мен юнкерлерді көреді де, дереу поезд құрамын үзіп тастап, су алуға тартып кетеді. Тек жүруге сигнал беріліп, үшінші қоңырау соғылғанда

ғана паровоз келеді де, поезды тіркей салып тарта жөнеледі. Шекарадан елу километр жердегі Териоки (қазір Зеленогорск) станциясына келгенде Ильич түсіп қалады. Бұлар Ялкала деревнясына келеді. Үйнесі жақсылап қарсы алады.

— Ильич елден ерекше тапқыр адам еді, — дейді Лидия Петровна, — августың аяқ кезінде мен Петроградқа қайтпақшы болдым. Владимир Ильич менімен бірге өзінің «Мемлекет және революция» деген жаңа жазған кітабының қолжазбасын жібергісі келді. Жолшыбай тінтіп қалса сезіксіз болсын деп, қолжазбаның әрбір парағын қалың екі-үш кітаптың ара-арасына бөліп салдық. Бұл бейнебір кітап оқығанда жасаған конспекті сияқты еді. Кітаптарды буып алдым. Егер тексере қалса, философия факультетінде оқып жүрген студентпін демекпін.

Крупскаяға берген запискасын папиростың қағазына шифрмен жазыпты. Ол шифрларды өздері ғана түсінетін болса керек. Сөйтіп мен Ильичтің аманатын Петроградқа жеткіздім.

Екінші бір Ильичпен кездесудегі есте қаларлық кезең, — деді Лидия Петровна, — Финляндиядан қайтып келгеннен кейін Октябрь революциясы алдындағы күндер еді. Менің ерім Рахья сенімді коммунист болғандықтан Орталық Комитеттің жабық мәжілісінің сырттағы күзетін бақылап тұруға шақырылған. Мәжіліс таң ата аяқталыпты. Далаға шықса жауын құйып тұрады. Ильич бешпетшең екен. Сол арада Дзержинский өзінің үстіндегі сұр плащын шешіп Ильичке жабады. Таң атып қалғандықтан көзге түспеу үшін Ильичті жақын жердегі біздің үйге алып келіпті. Біз бұрыннан таныспыз, ол біздікіне келіп, дем алды. Ильич төсекке жатпай, жерге төсеніш төсеткізіп, сұр плащын жамылып жатты.

Осы плащ біздің үйде жүретін. 1937 жылы Н. К. Крупскаяның айтуымен оны біз В. И. Лениннің Москвадағы Орталық музейіне бердік. Ал «Ленин Октябрде» деген кинодағы Василий образы менің ерім Рахьяның бейнесі деуге болады.

Владимир Ильич Ялкалада бір аптадан көбірек болады да, Гельсингфорсқа (Хельсинкиге) барады. Баяғы таныс машинисі Г. Ялава кездесіп, 1917 жылы Октябрдің 7 (20) да Финляндиядан келе жатқан бетінде тағы да Ильичті паровозға мінгізіп, Петроградқа әкеледі.

Біз сарайдан шығып күрке-музейдің тұрған жеріне келдік. Қайың, талы аралас қалың орман. Орман арасы ойдым-ойдым шабындық жер. Қол жағасына таяу жерде Ильич паналап, айға жуық мекен еткен күрке әлі сақтаулы. Уақытша үкімет қудалауының азабын шеккен көсемнің күздің небір жауын-шашынды салқын күндерінде ағаш түбірін орындық, стол етіп, «Мемлекет және революция» деген кітапты жазып отырғаны көз алдыға елестейді. Шөптен жасалған күрке де, оның маңындағы үй жабдықтары да көзге ыстық көрінеді. Осы арада бейнебір Ильичтің өзі қазір тұрып жатқан сияқтанады. Шырпымен қоршап, үстіне шөп жапқан күркенің ішіне қалың қып шөп төсеп, жатар орын жасаған. Ильич бұл арада жалғыз болмаған. Емельяновтың өзі, кейде балалары келіп серік болып, кезектесіп қонып отырған. Қаладан күн сайын газет әкелетін болған.

Ленинград қаласындағы, оның маңайындағы Ленин болған жерлер, ол тұрған үйлердің бәрі қазір музейге айналып, ескерткіш тақталар орнатылып, жұрттың келіп жүретін қасиетті орны болған.

Ленин қаласында, оның маңындағы елді мекендерде ұлы көсемнің есімімен байланысты небір ғажайып жерлер бар. Ұлы көсем тұрған және еңбек еткен жерлерді әрбір совет адамы қасиетті орын деп санап, ерекше қастерлеп, құрмет тұтады.

ҚАЗЫБЕК СҮЛЕЙМЕНОВ.  
Ульяновск—Ленинград.

# Ұлы көсемнің шығармалары қазақ тілінде

Владимир Ильичтің бай мұрасын терең оқып, үйрену, ленинизмді меңгеру еңбекшілердің қоғам дамуы мен тап күресі заңдарын білуіне, революцияның қозғаушы күштерін, социалистік қоғам, коммунизм орнату заңдарын білуіне көмектеседі.

Данышпан Лениннің әдеби мұрасы — мағнасы терең, көлемі зор мұра. 1893 жыл мен 1923 жыл арасындағы отыз жылдың ішінде Владимир Ильич жүздеген кітаптар мен кітапшалар, мақалалар мен хаттар жазды; талай-талай баяндамалар жасап, сөздер сөйледі. В. И. Лениннің қалдырған мұншама бай мұрасы кәзір орыс тілінен Совет Одағындағы барлық ұлттардың тілдеріне, сондай-ақ шет ел тілдеріне аударылып отыр. Бұл күнде бүкіл жер шарында В. И. Ленин сөзі, өсиеті жетпеген бірде-бір түкпір жоқ.

Ұлы Октябрь революциясына дейін Ленин шығармасы қазақ тілінде шықпағанмен В. И. Лениннің жеңімпаз идеялары қазақ еңбекшілеріне Октябрьден бұрын да мәлім еді.

XX ғасырдың басында революцияшыл орыс пролетариатының өкілдерімен қазақ еңбекшілерінің қоян-қолтық аралас болуы, қарт большевик Әліби Жанкелдиннің сол кездері В. И. Ленинмен кездесуі, Ұлы Октябрьден бұрын қазақ даласында — социал-демократиялық ұйымдар қалыптасып, олардың еңбекшілер арасында саяси жұмыс жүргізуі қазақ даласына Ленин идеяларының сол кездің өзінде-ақ тарағанын дәлелдейді.

Революция кезінде Ә. Жанкелдин, Ә. Майкөтов, С. Сейфуллин сияқты қазақ большевиктерінің өсіп жетілуі, олардың бірден Ленин партиясы жағына, В. И. Ленин жағына шығуы, Октябрьдің ертеңіне Қазақстанның жер-жерінде Советтердің орнай бастауы, — міне осылардың бәрі Ленин идеясының қазақ еңбекшілеріне Октябрьден бұрын да таныс идея болғанын көрсетеді.

Семей еңбекшілерінің 1918 жылдың басында В. И. Ленинге: «Біздер, жолдастар, Сіздермен біргеміз... Біздің астығымыз Сіздердің қарамағыңызда болсын. Жасасын езілгендердің дүниежүзілік революциясы!» деп телеграмма беруі, Жетісу Советінің 1918 жылы 26 майда В. И. Ленинге: «Біз Сіздерді қолдаймыз және Сіздер үшін басымызды құрбан етуге дайынбыз» деп телеграмма беруі қазақ еңбекшілерінің В. И. Ленинді сүйікті көсеміміз деп танығанын білдіреді.

Сонымен В. И. Ленин еңбектері қазақ еңбекшілеріне Октябрьден кейін ғана кең тарай бастады. Ал осының өзінде де еңбекшілердің қалың бұқарасы бірсыпыра уақытқа дейін Ленин шығармаларын өздігінен оқи алмады. Өйткені Октябрь революциясы қарсаңында қазақ халқының 2—3 проценті, ал кейбір жерлерде халықтың 0,5—0,7 проценті ғана сауатты еді де, жалпы еңбекші бұқара түгелінен сауатсыз болатын.

Қазақ Совет Республикасы құрылғаннан кейін еңбекшілердің осы тілегін орындау үшін ең алдымен олардың сауатсыздығын жою жұмысы жүргізілді. 1920—1921 жылдары Қазақстанда еңбекшілердің 25 мыңдай алғашқы тобы сауаттанып шықты. Осы 1921 жылдан бастап, ең тұңғыш

рет В. И. Лениннің: «Февральдан Октябрге бет алғанда», «Азық-түлік салғырты туралы», «Жастар одақтарының міндеттері», «Біз жұмысшы-шаруа инспекциясын қалай қайта құруымыз керек», «Аз болса да, жақсы болсын» деген еңбектері қазақ тілінде шыға бастады.

Жиырманшы жылдардың ортасына таман Қазақстанда Совет өкіметі едәуір бекіп, республиканың халық шаруашылығы едәуір қалпына келіп қалған еді. Осы тұста республикамыз аса зор саяси маңызы бар әлеуметтік-экономикалық шаралар жүргізуді қолға алған болатын.

Коммунистік партияның осы кезеңде өткен съездерінің бәрі де қазақ сияқты бұрын экономика мен мәдениет жағынан кенже қалып келген халықтар арасындағы коммунистік тәрбие жұмысын күшейтуді талап етті. Бұл халықтардың тілінде маркстік әдебиет жасау керек, оның үшін ең алдымен В. И. Лениннің әдеби мұрасын солардың игілігіне айналдыру керек деді.

РКП(б) XIII съезінің шешімдері коммунистерді, партия кадрлары мен бүкіл еңбекшілерді идеялық жағынан тәрбиелеуде партияның үзбей қамқорлық жасап отырғанының айқын көрінісі болды. Ленин Институтының ашылуына байланысты XIII съезд Институттың ең маңызды міндеті — Ленин шығармаларының толық жинағын нағыз ғылыми және мейлінше ұқыпты түрде басып шығару және СССР-ді мекендеуші барлық халықтардың тілінде В. И. Лениннің таңдамалы шығармаларынан жұмысшылардың ең қалың бұқарасына арналған Ленин кітапханасын даярлау болсын деп көрсетті.

Бұқара арасындағы үгіт-насихат жұмысын өрістету жөніндегі партияның міндеттерін белгілей келіп, съезд «таяу уақыттың ішінде ұлт республикалары мен облыстарының (Түркстан, Қиргизия, Солтүстік Кавказ және т. б.) партия ұйымдарындағы саяси сауатсыздықты жою» қажет екеніне, сонымен қатар «...орталықта да, жергілікті жерлерде де маркстік және көпшілікке арналған саяси әдебиеттерді тиісті тілдерде басып шығару ісін ұлғайтуға айырықша көңіл бөлу қажет» («КПСС қарарлары», II бөлім, 82-бет) екеніне партия ұйымдарының назарын аударды.

РКП(б) Қазақ облыстық комитеті 1924 жылы Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару туралы қаулы алды. Осыдан кейін марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары қазақ тіліне үздіксіз аударылып отырды. В. И. Ленин шығармаларынан алынған бірнеше жинақ қазақ тілінде басылып шықты. Мәселен, В. И. Лениннің: «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Мемлекет пен революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Ұлт мәселесі туралы», «Шаруа мәселесі туралы», «Жұмысшы табы мен шаруалар», «Совет өкіметі және әйелдер», «Электрилендіру туралы» және басқа еңбектері қазақ тіліне аударылды. Сөйтіп, 1921 жылдан 1930 жылға дейінгі он жыл ішінде В. И. Лениннің еңбектерінен 29 кітап, тиражы 140 500 дана болып басылып шықты.

В. И. Ленин шығармалары қазақтың жас коммунист кадрларының, ұлт пролетариатының, ұлт интеллигенциясының қалыптасуына, өсуіне, шынығуына көмектесті. Қала мен ауылдағы тап тартысында, ұлтшылдарға қарсы күресте, социалистік құрылыста мұның ерекше маңызы болды.

В. И. Ленин шығармалары арқылы қазақ тіліне революциялық ұғымдар, ғылыми терминдер енді. Қазақ тілі пролетариат, партия, революция, совет, индустрия, кооперация, колхоз, совхоз, социализм, коммунизм, интернационал сияқты тағы басқа көптеген терминдермен байыды.

Ленин идеяларымен тәрбиеленген қазақ совет интеллигенциясының өкілдері Владимир Ильичтің жеңімпаз ілімін қазақтың қалың бұқарасына жеткізу ісіне қызу ат салысты. Солардың бірі кәзіргі көрнекті жазушымыз, академик Сәбит Мұқанов еді.

Қазақ еңбекшілерін ленинизм қазынасымен қаруландыру ісі, әсіресе елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, СССР-де социалистік қоғам орнату дәуірінде кең көлемде жүргізілді. Осы кезде өткен Өлкелік партия конференциялары мен Қазақстан Компартиясының съездері бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп отырды. 1934 жылы Қазақстанда Маркс—Энгельс—Ленин институты ұйымдас-тырылып, оның ең негізгі міндеттерінің бірі В. И. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару болды. Партия баспасының қазақ бөлімі — Қазақ партия баспасы құрылды. Партиялық-саяси әдебиет шығару ісі күшейді. Егер 1930 жылға дейінгі он жыл ішінде В. И. Ленин еңбектері қазақ тілінде 140 500 дана болып басылған болса, 1931 жылдан 1935 жылға дейінгі бес жыл ішінде ол 170 мыңнан астам дана болып шықты. Қ. Маркс пен Ф. Энгельстің бірқатар шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Бұл дәуір-артта қалған елдердің капитализмге соқпай, социализмге ұласуы жөніндегі лениндік теория салтанат құрған, Қазақстанда социализм орнаған, мәдениет революциясы жүзеге асқан дәуір еді.

Осы дәуірдің өскен рухани тілектеріне сай Қазақстан Өлкелік партия комитеті, ҚКП Орталық Комитеті Лениннің баға жетпес бай мұрасын қазақ халқына жеткізу ісімен қатты шұғылданды. ҚКП Орталық Комитетінің секретариаты мен бюросында бұл мәселе екінші бесжылдық пен үшінші бесжылдық арасындағы екі жыл ішінде ғана 12 рет жанжақты талқыланып, тиісті нұсқаулар берілді.

В. И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аударуға Өлкелік комитет А. Лекеров, Н. Манаев, М. Жолдыбаев, С. Сейфуллин сияқты қоғам қайраткерлерін, П. В. Кочетков, М. Ешмұқамбетов, А. Елшібеков, А. Құлыбеков сияқты тәжірибелі аудармашыларды тартты; бірсыпыра жас кадрлар даярлады.

Кемеңгер Лениннің революциялық ілімін қазақ халқының игілігіне айналдыруда республикамыз бұл кезеңде үлкен табысқа жетті. В. И. Лениннің таңдамалы шығармаларының бір томдығы, екі томдығы, алты томдығы жалпы тиражы 90 310 дана болып қазақ тілінде басылып шықты. Компартияның идеологиялық және теориялық, программалық және тактикалық мәселелеріне және басқа мәселелерге арналған Лениннің: «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны», «Халық достары» деген кім және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?», «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм», «Мемлекет және революция», «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы», «Апрель тезистері», «Кооперация туралы», «Деревня кедейлеріне» сияқты көлемді де мазмұнды шығармалары қазақ еңбекшілеріне жеке кітап ретінде жеткізілді.

1930 жылдан 1940 жылға дейінгі он жыл ішінде В. И. Лениннің еңбектерінен 56 кітап, 523 020 дана тиражбен қазақ тілінде басылып шықты.

В. И. Лениннің дана еңбектерін қазақ тіліне аудару жұмысы Ұлы Отан соғысы кезінде де тоқтаған жоқ. Соғыс үстінде В. И. Лениннің 34 еңбегі 375 мың дана болып қазақ тілінде басылып шықты. Бұлардың ішінде В. И. Лениннің: «Пролетарлық революцияның соғыс программасы», «Соғыс және революция», «Социализм және соғыс», «Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын», «Социалистік Отанымызға қауіп төнді», «Қорғаныс мәселелері», «Партизан соғысы», «Соғыс кезінің қарқындарымен істелік» сияқты еңбектері бар еді.

Республикамызда Владимир Ильичтің шығармаларын қазақ тілінде басып шығару ісі, әсіресе соғыстан кейінгі жылдары кең өріс алды. Осы жылдары В. И. Ленин Шығармаларының орысша төртінші басылуы

бойынша оның 35 томдық Шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығару жұмысы қолға алынды.

Лениннің көп томдық шығармаларын тұңғыш рет қазақ тілінде шығару әрі жауапты, әрі игілікті іс еді. Мұның өзі жұмысты әбден жүйелі етіп ұйымдастыру, оның ғылыми-методикалық жағын ретке салу сияқты бірсыпыра келелі шараларды жүзеге асыруды керек етті. Бұл жұмысқа тәжірибесі, маркстік білімі мол маман аудармашы, редактор кадрларды тарту керек болды. Көп жыл бойына жиналған тәжірибенің негізінде марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын аударудың, оның терминологиясын жасаудың принциптерін жетілдіру керек еді.

Міне осы мәселелерді тиянақты шешу, қазақ халқына сапалы аударма беру ісіне Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бәрінша зор мән берді. Орталық Комитет жанынан редакциялық комиссия құрылды. Редакциялық комиссия жұмысына Орталық Комитеттің секретарьлары, Қазақ ССР-інің кейбір министрлері, Қазақ Ғылым Академиясының академиктері қатыстырылды; сонымен қатар республикалық баспасөз органдарының басшы қызметкерлері, жоғары оқу орындарының тіл-әдебиет, философия, саяси экономия, тарих ғылымын оқытатын оқытушылары, астананың партия-совет қызметкерлері тартылды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалында білім, тәжірибесі мол М. Әбдіқалықов, Ә. Әбішев, С. Бәйішев, М. Жанғалин, Ө. Малыбаев, Х. Рахимов, Қ. Сарындықов, Қ. Шәріпов сияқты аудармашылар істеді.

Орталық Комитеттің осындай үлкен көмегінің арқасында, 1947 жылдан 1954 жылға дейінгі 8 жыл ішінде, В. И. Ленин Шығармаларының 35 томдығы қазақ тіліне толық аударылып, тиражы 1 064 мың дана болып басылып шықты. Бұған Лениннің 2 927 шығармасы енді. Мұның өзі республика партия ұйымының идеялық өміріндегі елеулі оқиға, Қазақстандағы мәдениет революциясының зор табысы болды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне баға жетпес үлес қосылды.

Сонымен қатар, бұл жылдары В. И. Лениннің шығармаларынан алынып, оның ондаған ірі-ірі еңбектері жеке кітап болып басылып шықты, социалистік құрылыстың, партия тұрмысының жеке мәселелеріне арналған тақырыптық жинақтары шығып отырды. Мұның үстіне соңғы жылдары В. И. Ленин Шығармаларының 35 томдығына арналған 2 анықтауыш том шығарылды. Бұл жинақтың қосымша томдарынан 36, 37 томдары қазақ тілінде жарық көріп, 38-ші томы кәзір аударылып жатыр.

Сөйтіп, Совет өкіметі тұсында Қазақстанда В. И. Лениннің шығармаларынан жалпы тиражы 4 009 780 дана 246 кітап қазақ тілінде басылып шықты. Ұлы Лениннің баға жетпес бай әдеби мұрасы қазақ халқының игілігіне айналды.

Лениннің ұлы идеяларымен, оның даналық ілімімен қаруланған және осы ілімді жаңа қағидалармен байыта түскен партиямыздың XX және XXI съездерінің тарихи шешімдерімен жігерленген Қазақстан еңбекшілері бұл күндері бейбітшілік туын берік ұстап, жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде, коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуде.

**Х. ЖАБАСОВ,**

**ККП Орталық Комитеті жанындағы  
Партия тарихы институты директорының  
орынбасары.**

# В. И. Ленин туралы

«В. И. Лениннің айқын образы, оның адамзатты құлдық атаулыдан азат ету жолындағы арпалысқа толы өмірі, оның өшпес идеялары адамзат жүрегінде өмір сүруде және мәңгі өмір сүре бермек; біздің халықты және бүкіл прогресшіл адам баласын халықтар арасындағы бейбітшілік үшін, коммунизмнің түпкілікті жеңісі үшін күреске мәңгі шабыттандыра бермек».

А. А. АНДРЕЕВ.

«Владимир Ильич маған тым қатты әсер етті. Оның бойындағы қасиеттердің бәрі маған ерекше көрінді. Оның сөз сөйлегендегі әдеті де, қарапайымдылығы да, әсіресе адамның жан дүниесін түп-түгел көріп отыратын өткір көздері де дәл сондай көрінді».

Қ. Е. ВОРОШИЛОВ.

«Бұл дүниенің үлкен, нағыз адамы Владимир Ильич. Дүниенің қапас қараңғысында Лениннің көтерген шам-шырағын көлетейлей алатын күш бәрібір жоқ. Дүниеде мәңгі есте қалуға шын лайықты еңбек сіңірген бұдан басқа адам болған емес».

М. ГОРЬКИЙ.

«Ленин өзінің бүкіл өмірін бір мақсатқа арнады — ол құлдықты жою, оның барлық түрін, тіпті бүркеме, жасырын түріне дейін түгел құрту болды».

М. И. КАЛИНИН.

«Владимир Ильичтің саяси қайраткерлік сипатының бірі — оған қандай болмасын сасу, үрейлену деген мүлдем жат еді.

Партияның көсемі ретінде Владимир Ильичтің екінші бір негізгі қасиеті — оның асқан принципшілдігі еді.

Партияның көсемі ретінде Владимир Ильичтің үшінші бір негізгі қасиеті — барлық маңызды мәселелерді шешудегі коллектившілдік қасиеті».

В. А. КАРПИНСКИЙ.

«Асқан терең теоретик және асқан іскер практик қасиетінің ұштасуы Ленинді дүние жүзі бұрын-соңды білмеген орасан зор керемет революционер етті».

С. М. КИРОВ.

«Елімізде социализмнің жеңуі жолында Ленин орасан зор жұмыс істеді. Социализмнің жаңадан өрби бастаған тамырларын табу үшін ол еліміздің халық шаруашылығындағы құбылыстарды қалай қадағалап, бақылайтын еді десеңізші!»

... ГОЭЛРО жоспарын, бүкіл елді электрлендіру жоспарын жасатқан да Владимир Ильич болатын. Лениннің данышпандық ұйымдастырушылық қабілеті де осында еді».

В. В. КУЙБЫШЕВ.

«Владимир Ильич Тургеневтің, Л. Толстойдың шығармаларын, Чернышевскийдің «Не істеу керекін» оқып қана қоймай, бірнеше рет қайталап оқып шыққан. Ол жалпы алғанда классиктерді бес саусағындай білетін және оларды сүйіп оқитын».

Н. К. КРУПСКАЯ.

«Ленин өте айқын стилі бар, қандай ой-пікірдің болсын, тіпті нағыз күрделі ой-пікірдің өзінің де ұғымын тауып, оны тіпті әлі пісіп жетпеген, саяси ой жүйесіне төселмеген адамның да зердесіне қона кетерліктей етіп, түсінікті және жатық баяндайтын күшті публицист еді».

А. В. ЛУНАЧАРСКИЙ.

«...В. И. Ленин Түркстан мен Азербайжанға ерекше назар аударды. Бұл республикаларды ол Шығысқа кіре беріс деп білді, бұларда істеліп жатқан істің серпіні көрші мемлекеттерге жетеді де, ол елдердің езілген халықтары біздің мән-жайымыздың не екенін сезіп отыратын болады деді».

Н. НАРИМАНОВ.

«Октябрь көтерілісін ұйымдастыруды Ленин өзінің құрыш қолына алып, оны ақырғы жеңісіне жеткізді».

Г. Қ. ОРДЖОНИКИДЗЕ

«Ленин революция үшін туған еді. Ленин революциялық дүмпулердің нағыз данышпаны және революциялық басшылықтың ұлы шебері еді».

И. В. СТАЛИН.

«Коммунистік партия өзінің мүшелері санының көптігімен емес, қайта коммунистердің қажымас қасиетімен күшті екенін ұлы Ленин ертеде-ақ айтқан болатын.

...Коммунистердің халықты бастай алған себебі олар халықтың мүдделерін көкседі, бұқара арасына коммунизмнің идеяларын таратты, адамдарға Маркс, Энгельс, Ленин нұсқаған жарқын болашаққа жетудің жолын көрсетті».

Н. С. ХРУЩЕВ

«Октябрь революциясы зенбірекерінің дауысы бізге марксизм-ленинизмді жеткізді. Октябрь революциясы дүние жүзінің және Қытайдың прогрестік топтарына пролетарлық дүние тануды ел тағдырын шешу үшін қолдануға және жеке өзіндік проблемаларды қайта қарауға көмектесті. Орыстар салған жолмен жүру — міне, шешім осындай еді».

МАО ЦЗЭ-ДУН.

«Бұл мемлекеттік ұлы қайраткердің аса үздік адам болғандығы туралы ақиқатқа кәзір ленинизмнің дүшпандары ла-



герінің өзінде де ешкім шек келтіре алмайды. 1917 жылдан — патша өкіметі құлаған мезгілден бастап, Ленин басқарған оқиғалардың тарихи орасан зор маңызы болғанын тарих ғылымының елеулі өкілдері атап көрсетіп отыр.

Ленин қажыр-қайрат жағынан ешкімді де ілестірмейтін, нағыз қызу қимылдың адамы ғана емес, сонымен бірге барлық жағына бірдей кең шенемді ілім иесі болғаны да мәлім».

#### МАРСЕЛЬ КАШЕН.

«Ленинді ойлағанда менің есіме революциядан бөтен, қаншалық қиынға түскенімен де оны ілгері бастырудан бөтен ешнәрсе түспейтін болды. Меніңше, бұл лениндік ұлы даналықтың негізгі қасиеті еді. Ол ешқашан да өз басы туралы ойламайтын, ол күрестің жан-жүрегі еді және қайда да болсын ұлы сенімнің дем беруші күшін өзімен бірге ала жүрді».

#### УИЛЬЯМ ГАЛЛАХЕР.

«...Өзінің күнделік өмірінде Ленин жолдаспен кездескен әрбір адам оны басқаларға айтып беруі керек—бұл партия мен революция алдындағы нағыз борыш.

Менің өз өмірімнің ішінде бұрынсоңды тыңдаған адамдарымның ішіндегі ең шешен адам — Ленин жолдас еді».

#### СЕН КАТАЯМА.

«Лениннің есімі барлық езілгендер мен қаналғандардың жауынгерлік туы, ал оның өшпейтін ілімі — бейбітшілік жолындағы, бостандық пен социализм жолындағы күресте біздің жол сілтер жарық жұлдызымыз».

#### ДЖОВАННИ ДжЕРМАНЕТТО.

«Капиталистер Лениннен тірісінде қорыққан болса, кәзір онан да бетер қорқады. Ленин қайтыс болғанмен, ленинизм өмір сүруде... Ленин өлгенмен, ленинизм мәңгі жасайды».

#### АНТОНИН ЗАПОТОЦКИЙ.

«Владимир Ильич үздіксіз іс-әрекеттің тұлғасы және сонымен қатар асқан күшті марксист еді және солай болып қалды да... Теңдесі жоқ ақкөңіл, турашыл, сабырлы, асқан ақылды, мәдениетті және білімге тұңғық адам болатын.

Ленин — жаңа адамның кіршіксіз тұлғасы еді; ол біз үшін болашақтың үлгісі болатын».

#### ПОЛЬ ВАЙЯН КУТЮРЬЕ.

«Ильичтің күллі тұрпаты, оның коммунизм ісі жолындағы бүкіл ынтықтық, революциялық жалын-жігері, бүкіл дүние жүзі езілушілерінің аса ұлы және сүйікті көсемі екені осы сөздерден айқын көрінді».

#### ВАСИЛЬ КОЛАРОВ.

«Жұрттың бәрінен жұмыста айқын дәлдікті, ұйымшылдық пен тәртіптілікті талап ете отырып, Владимир Ильичтің өзі де жоғары мәдениетті еңбектің, жұмысты дұрыс бөле білудің, өзінің жұмыс күнін ұйымдастырудың тамаша үлгілерін көрсетті».

#### Л. А. ФОТИЕВА.

«Ол сом болаттан соғылып, бүкіл пролетариаттың бір беткей, мұқалмас жігерімен, ақыл-ойымен шыңдалған. Оның ой-пікірінің құрыштай логикасы, жігер-қайрат қимылындағы дәйектілік, тұлғалы алыптың бүкіл осы өмірінің жымдасып үйлес келуі менің жадымнан өшпестей болып орын тепті».

#### Р. ЗЕМЛЯЧКА.

«Владимир Ильич менің әңгімемді ықыласпен тыңдады.


...Буржуазиялық революция, — деді ол, — езілген халыққа түк те әпермейді. Ал большевиктер программасының алға қойған міндеті — езілген халықтарды азат етіп, өз еркімен өркендеп өсуіне толық мүмкіндік беру. Әңгімелесе келе ол отар елдер еңбекшілерін қандай жолмен азат етуге болатынын тәптештеп айтты».

#### Ә. ЖАНКЕЛДИН.

«Ленин — Шығыстың барлық халықтарына қымбат. Бұлардың көзінде Ленин — данышпанның данышпаны, көзі қырағы, үздік туған қаһарман.

Төңкеріс тартысының жалшылар табы құралданып көтерілуінің еңбекшілдер өкімінің тұтқасы, жиһангерлік тегеуірінде езілгендердің қорғаны Шығыс халықтарының көзінде — Ленин».

Гос. рес. библиотека СЕЙФУЛЛИН



#### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

II/IV-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1/16</sup>—2,5 к.—6,85 авт. т.

УГ01722. Тиражы 21 800. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 220.

# В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

## МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

В. И. Ленин партия программасы туралы. Жинақ. Орыс тілінде. 528 бет. Бағасы 9 сом 52 тиын.

Жинаққа В. И. Лениннің Коммунистік партия программасының негізгі мәселелері туралы сөздері мен мақалалары енген.

В. И. Ленин. Партия бірлігі туралы. Жинақ. Орыс тілінде. 452 бет. Бағасы 7 сом.

Ленин және Қызыл Армия. Жинақ. Орыс тілінде. 88 бет. Бағасы 1 сом.

Жинақтағы естеліктерде Лениннің Қызыл Армияны құру, оны нығайту, жетілдіру жөніндегі тамаша қамқорлығы айтылады.

В. И. Ленин. Әдебиет пен көркемөнер туралы. Жинақ. Орыс тілінде. 688 бет. Бағасы 11 сом 80 тиын.

В. И. Ленин. Жастар Одағының міндеттері туралы. Орыс тілінде. 62 бет. Бағасы 1 сом 75 тиын.

1920 жылдың 20 октябрінде болған Бүкілроссиялық Коммунистік Жастар Одағының III съезінде сөйлеген сөзі.

Н. Горбунов. Ленин жұмысты қалай істеді. Орыс тілінде. 16 бет. Бағасы 15 тиын.

Кітапшаның авторы 1917—1918 жылдары Халық Комиссарлары Советінде секретарь болған. Н. Горбунов жұмыс бабында Владимир Ильичпен ылғи кездесіп отырған. Автор Ильичтің жарқын бейнесін тебірене суреттейді.

Ленин — журналист әрі редактор. Жинақ. Орыс тілінде. Көлемі 30 баспа табақ.

Бұл жинаққа В. И. Лениннің газет, журнал жайында айтқан көптеген пікірлері, әруақытта жазған хаттары және Ильич өндеген мақалалардың түпнұсқасы енген.

Тұңғыш рет бір жерге жинақталған осы материалдар Владимир Ильич Лениннің партиялық публицистиканың асқан шебері, тамаша редактор болғанын айқын дәлелдейді.

Ленин және Шығыс. Мақалалар жинағы. Орыс тілінде. Көлемі 20 баспа табақ. Бағасы 12 сом.

Жинақта «Ленинизм және Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы», «В. И. Ленин және Шығыс идеологиясының проблемалары», «В. И. Ленин және Қытай», «В. И. Ленин және Корея», «Ленин көрсеткен жолмен дамыған Монғол Халық Республикасы», «В. И. Ленин

және Оңтүстік Шығыс Азия елдері», «В. И. Ленин және Иран», «В. И. Ленин және Ауғанстанның тәуелсіздік жолындағы күресі», «В. И. Ленин және Индия» атты мақалалар бар.

Альберт Рис Вильямс. Ленин және Октябрь революциясы туралы. Орыс тілінде. Көлемі 17 баспа табақ. Бағасы 6 сом.

Бұл кітаптың авторы Американың белгілі журналисі. Ол 1917 жылы Джон Ридпен бірге Советтік Россияға келіп, Ұлы Октябрь социалистік революциясының оқиғаларын өз көзімен көрген.

Автор В. И. Ленинмен талай диалогтасқан. Ол кейін В. И. Ленин жайында көптеген очерк жазды. Осы кітапқа автордың әр кезде В. И. Ленин және Октябрь революциясы туралы жазған очерктері енген. Кітапқа Б. Полевойдің публицист-жазушы, Совет Одағының қадірлі де қарт досы А. Р. Вильямс жайлы жазған алғы сөзі берілген.

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

В. И. Ленин. Еңбек өнімділігі туралы. Қазақ тілінде. 167 бет. Бағасы 2 сом.

В. И. Ленин. Съезге хат. Госпланға заң шығару функцияларын беру туралы. Ұлттар туралы немесе «Автономияландыру» туралы мәселеге. Қазақ тілінде. 31 бет. Бағасы 30 тиын.

В. И. Ленин. Экономикалық романтизмнің сыйпаттамасы жөнінде. Қазақ тілінде. 154 бет. Бағасы 2 сом.

В. И. Ленин. Кеден бастау керек? Партиялық ұйым мен партиялық әдебиет. Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі. Қазақ тілінде. 48 бет. Бағасы 50 тиын.

В. И. Ленин. Россиядағы саяси партиялар. Россиядағы саяси партиялар және пролетариаттың міндеттері. Қазақ тілінде. 31 бет. Бағасы 35 тиын.

В. И. Ленин. Фридрих Энгельс. Қазақ тілінде. 15 бет. Бағасы 15 тиын.

В. И. Ленин. Коммунаның сабақтары. Коммунаны еске түсіру. Қазақ тілінде. 15 бет. Бағасы 15 тиын.

В. И. Ленин. Марксизмнің үш негізгі және құрамды үш бөлімі. Қазақ тілінде. 15 бет. Бағасы 10 тиын.

## ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАП

С. Бөйішев. Қазақстанда лениндік идеялардың салтанат құруы. 110 бет. бағасы 3 сом.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒЫП  
ТҰРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

**ЖУРНАЛЫНА БҮДАН БЫЛАЙ ДА  
ЖАЗЫЛА БЕРУГЕ БОЛАДЫ**

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмысы жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының тәжірибесі қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолу, жаңа кітаптарға рецензия жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

6 айға — 12 сом,  
3 айға — 6 сом.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,  
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.